Көп тіл білу үшін де төл тілінде жақсы сөйлей білу маңызды болып отыр. Мәселен, Америкада өткізілген тест нәтижесі өз тілін толық білетін эмигранттың балалары қоршаған ортаның тілін тез игеріп әкететінін көрсетіп отыр. Демек, бала әуелі өз тілін жетік білуі қажет. Неғұрлым ана тіліне қаныққан сайын басқа тілді ұғынықты қылудың мүмкіндігі артады. Еліміздегі тілдің үштұғырлылық тұжырымдамасын ескерсек, тіл мәселесімен үнемі айналысуымыз керек. Себебі қазақ тілі жетекші ұстанымға ие болмай, оны мемлекетімізде тұратын халықтың басым бөлігі игеріп, тілдік қолданысқа салмай, тіл саясатында анау айтарлықтай жеңіске жеттік деп айта алмаймыз.

Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде таныту үшін білім беру жүйесінде үштілді оқыту мәселелерінің жиі көтеріліп, оң жолға қойылғаны абзал. Әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибеге негізделген 12 жылдық білім беруге көшудегі негізгі нысана – адамзат тарихында уақыт озған сайын өзектілігі арта түсетін білімді де білікті, тәжірибелі де текті ұрпақ қалыптастыру. Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнының жаңартып, тиісті әдіс – тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені, білім әр адамға өмір бойы қажет екенін күнделікті тәжірибе дәлелдеп отыр [3].

Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Ата Заңында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп, сонымен қатар орыс тілін ресми тіл ретінде бекітті. Оның негізгі мақсаты ретінде ұлтаралық тұтастықты сақтау, қоғамның тілдік ортасын дисфункцияға ұшыратпау болған еді. Сондықтан да орыс тілі достық пен бейбітшіліктің, этносаралық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие болды. Қазірдің өзінде жаһандану үрдісі етек алған заманда халықаралық байланыс құралы және халықаралық экономика, халықаралық білім беру тілі – ағылшын тілін білмей әлеуметтік-экономикалық кеңістікке ену мүмкін емес.

Ең басты әлемдік коммуникациялық кеңістік – ғаламтор желісіндегі барлық ақпараттың 80% ағылшын тілінде ұсынылғаны мәлім. Тіл білмегеннің салдарынан өзімізге қажетті ақпараттарды іздегенде де бір қатар қиындықтарға тап боламыз. Мәселен, қазақ тілінде жоқ ақпаратты іздесек әуелі орыс тілінен аударамыз. Ал ол ақпарат бастапқысында ағылшын тілінен алынған болса, ағылшыннан орысшаға, орысшадан қазақшаға аударылғанда сөз мағыналарының ауысу ықтималдығы басым. Сондықтан ақпаратты ағылшыннан төте аударған әлдеқайда пайдалы. Қазіргі қоғамда адамдардың тек ана тілін білуімен шектеліп қана қоймаған қостілділік (билингвизм), тіпті көптілділік (полилингвизм) феномені кеңінен таралуда.

Бұл жаһандық үрдістен біздің еліміз де тыс қалған жоқ.

Тіл маманы ретінде үш тұғырлы тіл саясатын қолдай отырып, әр сабақта кішкене элементін пайдалану басты ұстанымымызға айналған. «Сәлем сөздің атасы» дегендей бастауыштан бастап, сабақты оқушылармен амандасудың өзін үш тілде бастау, тілдерді оқыту барысында номинативті сөздерді үш тілде атап өту тәжірибемізде бар. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізілуде. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушының ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етуіміз керек.

Көптілділік – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі. Көп тілді меңгерген адам өмірдің әр түрлі жағдайларында адаммен сұхбаттасу арқылы түсініп, онымен әңгімелесе алады. Шет тілін оқу, шет тілінде толық білім алғандықтың белгісі емес. Басқа тілдерді мектептің пәндерін оқыту тілінде кіріктіре оқытқан жағдайда оқушы көптілді білім алады. Мысалы, мемлекеттік тілде немесе



орыс тілінде білім беретін мектептерде білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдану арқылы жаратылыстану пәндерін көптілде оқыту қазіргі көпмәдениетті және көптілді қоғамға бейімделе алатын, қоғамда сұранысқа ие болатын тұлғаны дамытуға мүмкіндік береді.

Республика көлемінде жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерді үш тілде оқыту тәжірибесіне 30 пилоттық мектеп енгізілген. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада: Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020-шы жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көп тілді білімі бар педагогикалық кадрларды даярлау іске асырылуда. Оны жүзеге асыру мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында базалық пәндер циклында шетел тілінен сағаттар санын арттыру және оқудың типтік бағдарламаларында өзгерістер енгізу арқылы жүргізіліп жатыр, әсіресе, пәнді үш тілде оқытатын педагогикалық кадрларды дайындауға байланысты. Мемлекетіміз педагогикалық білім беру құрамын жаңарту, жаңа формациядағы педагогтарды дайындау бойынша міндеттерді алға қойып отыр. Қазір оқытушыға қойылатын негізгі талап - ақпараттық сауаттылық, көптілділік, оқуға және барлық педагогикалық қызмет барысында дамып, жетілуге дайын болу. Көптілді оқытуды дамытуды – мемлекеттің міндеті ғана деп қабылдамай, еліміздің әр азаматы өз үлесін қосса нұр үстіне нұр. Себебі, көптілді тұлғаны қалыптастыру – жаһанданып жатқан әлемнің талабы.

Болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп, қажетті ақпаратымен бөлісіп жатса, ел ертеңінің көркейе түсері сөзсіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2007.
2. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2009.
3. «Қазақстан-Zaman» газеті ; 15 қазан 2015 жыл.

#### **ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРДАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІЗДЕНІС БЕРСУГИРОВА Шолпан Мазбаевна, АБЕНОВА Анар Колмырзаевна**

Әйтеке би аудандық балалар саз мектебі  
Ақтөбе облысы, Комсомол селосы, Қазақстан  
Andirova\_v@mail.ru

*Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі.  
Ахмет Жұбанов*

Бүгінгі таңдағы Қазақстанда іске асырылып жатқан реформалар барлық оқу орындары мен әлеуметтік тәлім-тәрбие мекемелерінің тәрбие және білім беру мазмұнын жаңа сапалық тұрғыдан дамуы мен жетілуін мақсат етеді. Өйткені, жаңа инновациялық әдістерді пайдалана отырып, білім сапасын арттыру өмір талабы.

Балалардың мектептен тыс ұйымдары жұмыстарына оның жаңа сападағы мазмұнына күрделі өзгеріс жасап әр түрлі ынталы түрлендіруге қолдау жасау талабынан мектептен тыс мекемелер мәртебесі өзгертілді, яғни оған қосымша білім беру мекеме мәртебесі берілді. Аудандық саз мектебі әр түрлі жастағы балалар мен жасөспірімдерге кез-келген жағдайда да жаңа білім алуға оны үнемі толықтырып өзін-өзі бағалауға, басқаруға, әлеуметтік мәртебесін өзгерту арғырлығын жасауға сөйтіп шығармашылық белсенділігі мен танымдық қабілеттерін дамытуға, қызығушылығы мен сұраныс деңгейін арттыруға мүмкіндігін туғызады.

«Ауылымыздың балалары басқалардан кем болмауы тиіс» - бұл біздің күнделікті жұмыста басшылыққа алатын қағидамыз. Балалардың бос уақытын тиімді жұмсауы үшін мемлекет барлық жағдайды жасауда.

Ұстаздар ше? Осы мақалада алдымыздағы оқушыларға музыкалық біліммен қатар, эстетикалық талғам, пәндік білікпен қатар, сапалы тәрбие сіңіретін өнер ордамыздағы педагогикалық процесс туралы баяндағымыз келеді. Олай деуге негіз де бар. Қосымша білім берудің маңыздылығының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің қол бос жағдайында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты



айналысуына әсіресе кәсіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында. Шындығында да, қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Мектептен тыс ұйымдағы жұмыс педагог пен оқушының ортақ іске деген әуестігіне негізделгендіктен, бала ортақ іс-шараның тұтынушысы ғана емес, жасаушысы да болып табылады.

Осындай ерекшелікке сәйкес мектептен тыс ұйымдарда басты ұстаным шығармашылық пен дамытушылық сипатқа негізделеді. Сондықтан да қосымша білім беру ұйымдарына оқытушы-педагогтерді іріктеуде оның балаға деген сүйіспеншілігіне, тәрбие ісіне деген ынта-ықыласына баса назар аударылады. Саз мектебіндегі педагогикалық қызмет оқушылардың жеке қажеттіліктері мен сұраныстарын ескеруді көздейді.

2000 жылы мәдениетті қолдау жылы аясында ашылған Әйтеке би адандық мәдениет бағытындағы білім мен тәрбие беретін қосымша білім беру ұйымында жұмыс жасағанымызға біршама уақыт өтті. Қосымша білім ордасы 20 жылдық тәжірибе жинады. Мектебімізде білім алып жатқан оқушылар «Жас дәурен», «Жас дарын» атты облыстық, «Күншуақ», «Айналайын», «Сәлем Астана», «Жырлайды жүрек» атты республикалық байқаулардан жүлделі орындарды иеленді.

Аудандық балалар саз мектебі оқушының бойында жан-жақты би, күй, музыка мәдениетін қалыптастыру, жеке оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, талантты балалардың қабілетін арттыру, көркемөнерпаздар ұйымының белсенді мүшелерін тәрбиелеу бағытында жұмыс жасауда.

Өз пәнімізге тоқталар болсақ, балаға музыкалық тәрбие берудегі мақсатымыз бен міндетіміз:

- музыкаға қалыпты қызығушылығын, әр түрлі музыкаға эмоциялық сезгіштігін қалыптастыру және дамыту;
- музыкалық қабылдауын, таныс шығармаларды әуенінен тану және есте сақтауын дамыту;
- музыкалық танымын кеңейту, машығын дамытуға жағдай жасау;
- музыкалық әрекеттің барлық түрі бойынша белсенділікті дамыту.

Педагогикалық қызмет қандай ұстанымдарға негізделеді?

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «кұрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарының негізі болып табылады.

Оқытудағы негізгі мақсатымыз - білім алушылардың музыкалық негізгі білімі мен біліктіліктерін, музыкалық қызметтегі шығармашылық өз ойын білдіру және коммуникациялық әдіс-тәсілдерін меңгеру, ұлттық және адамзаттық мәдениеттің көркемдік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктемелерді қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық дағдыларды дамыту.

Сонымен қатар, музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру, жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты.

Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты, музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыка саласындағы белгілі композиторлар өмірімен, Қазақстандағы әлем елдеріндегі композиторлармен, музыка жұлдыздары тағы басқа, музыка туралы толық мәліметтер беріп отыруымыз керек. Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет.

Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздеріде, сабақта әр тапсырманы ыждағаттылықпен, белсенділікпен орындауға жұмыстанады. Оқушылардың қызығушылығы белсенділігі артқасын сабақта білім сапасының артатыны сөзсіз.



Ұлы неміс педагогы А. Дейстербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - дегенді. Содықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол жаңа инновациялық әдіс тәсілдері болып табылады.

Аталған жұмыстар оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, музыкаға деген бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып қабілетін арттырады.

Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Осылай ойын элементтерін әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «Жетістік тақтасы» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыруы қажет.

Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: Кім шапшаң?, Әуенді тап, Сөз жұмбақтар т.б сонымен қатар ұлттық музыка әлеміне байланысты сабақты түрлендіріп өткізуге жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орыны орасан зор.

Сол себепті, музыканың күдіретті күшін бала бойына дарыту, сіңіру мақсатында музыка, сазды әуен баланың күнделікті өмірінде орын алуы қажет. Музыкалық оқу іс – әрекетінің музыка тыңдау бөлімі бойынша ән, күй, халық әуендерін, басқа ұлттық шығармаларды қолдана отырып, музыканы тыңдау, қабылдау, есте сақтау, ажырата білумен қатар, оның мазмұнын, көркемдік қасиетін түсіндіру қажет.

Әнді музыкамен, музыкасыз жеке, көппен қосылып орындау кезінде дауысын дамытуға, өлең сөзін дұрыс, анық айтуға, ырғақты қимылмен музыка үндестігін сезіне, денесін дұрыс ұстап, әдемі қозғала білуіне ерекше мән беріледі. Бұл баланың өзіне – өзінің сенімін ұштап, шығармашылығын шыңдайды.

Мақсатымыз - ұлттық өнерді дамыту. Бағытымыз - жаңарған жаңа қоғамның жаңа белестеріне қадам басқан, жаңару үстіндегі елдің жас өрендерін оқыту мен тәрбиелеу. Жас мамандар ретінде, музыкамыз бен ұлттық рухымызды бойларына сіңірген жас өрпақты тәрбиелеудегі жұмыстарымыз өз жемісін береді деп ойлаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Петрушин В.И. Музыкальная психотерапия. – М., 2001.
2. Бапаева М.Қ., Қожағұлова А.А. Музыка терапиясы – психиканы қалпына келтіру құралы ретінде.– Алматы: ҚазМемҚызПІИ «Хабаршы» ғылыми журналы. 2007. – Б.102-104.Г.
4. С.Ибрагимова, Жаңашыл әдістер мен жаңа технологияның білім берудегі жолдары мен әдіс-тәсілдері, Мектептегі технология №2,2010ж.
5. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/15978/>

#### **МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖАҢАША МІНДЕТТЕРІ БИХАНОВА Акжаркын Орынбековна, ЖАКИБАЕВА Айнагуль Шамилевна**

Қарашатау ЖОББМ  
Ақтөбе облысы, Әйтеке би селосы, Қазақстан  
Andirova\_v@mail.ru

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.



Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін талап етіп отырғаны белгілі. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде басты мәселе оқушыларға нені оқыту керек және қалай оқыту керектігі болып отыр. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Мұндай міндетті жүзеге асыруда әрбір мұғалім жан-жақты, өз пәнін жетік меңгерген, рухани құндылықтары қалыптасқан, өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыратын, бәсекеге қабілетті, бір сөзбен айтқанда құзырлы мұғалім болуы қажет. Сондықтан да білім саласындағы ауқымды міндеттер – оқытудың тиімді жүйесін жасаумен қатар, педагогтердің сапасы мен біліктілігін көтеру болып отыр.

Қазақстандық мұғалімдерге олардың педагогикалық тәжірибесін бағалауға және жетілдіруге көмектесу мақсатында ұйымдастырылып отырған педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасының негізгі мақсаты, әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени адамгершілік құндылықтардың негізінде өз елінің мәдениетін құрметтеуге жастарды тәрбиелеу, екіншіден – жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді қамтиды.

Мазмұны жаңартылған бағдарлама оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіру мақсатында өз тәжірибесін жүргізу үшін қажетті білімнің болуын көздейтін, мұғалімнің кәсіби дамуына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келеді. Бұл тәсіл негізгі төрт қағидатқа негізделген, олардың ішінде негізгісі «Балалар қалай оқиды?» қағидаты болып табылады, ал қалған үшеуі төмендегі түсініктерді білдіреді: Нені оқыту керек?, Оқытудың реттілігін қалай құрылымдау керек?, Сіздің табыстылық деңгейіңізді қалай бағалауға болады?. Бағдарламаны меңгеру мұғалімдерден оқыту саласына қатысты көптеген зерттеулермен танысып, талдау жасауды, қарастырылған зерттеулерді қажеттілігіне орай сынып сабақтарында пайдалану барысында туындаған сауалдар, қалыптасқан ой-пікірлері мен тәжірибесін әріптестері және тренерлер алдында ортаға салып, кәсіби пікірталастарға қатысуын талап етеді. Мұнда мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі.

Бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, конструктивистік оқыту теориясы негіздерін қамтиды. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделген. Конструктивистік оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Конструктивистік оқыту оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Конструктивистік оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалымен және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді. Оқушы мұғалім дайындап әкелген материалды қабылдап алушыдан оны іздеп табушыға айналады.

Дәстүрлі оқытуда көп жағдайда оқу материалдарын есте сақтау мен жатқа айтуды талап ететін тапсырмалар орындалады. Мектепте оқушылардан талап ететін ойлау үдерістерінің көпшілігі төменгі деңгейлі ойлау біліктілігі мен дағдыларын қамтиды. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кездерінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде тиімді пайдалана алмайды.



Сонымен, білім берудегі инновациялық процестерді жүзеге асырып, дамыту – бұл білім беру жүйесінің дамуы, оны жаңарту мен тиімділігін арттырудың шарттары. Сондықтан да қазіргі таңда балаға деген көзқарас пен қарым-қатынаста баланы объект деп қарамай, оны дамушы тұлға ретінде қабылдап, оқу-тәрбие жұмысын осыған лайық өзгерістерге сай, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету.

Білім берудің адамға, тұлғаға бағытталуы, білім мазмұнының жариялылығы заман талабына сай білім беру мен ұлттық оқу-тәрбие процесінің гуманистік сипаты жаңаша оқытудың әдіснамалық негізі ретінде қызмет ете алады. Оқытудың мазмұнын, өзіндік ерекшеліктерін, одан туындайтын ұстанымдары мен шарттарын жүйелеу арқылы қазіргі ұлттық білім берудің философиялық тұғырнамасын, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жасауға болады, мұны ескермей мектептер мен білім беру мекемелеріндегі ұлттық идеяны көздейтін тұжырымдамалық тұтастықты қамтамасыз ету мүмкін емес.

Осыған орай, бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайының өркениетті, прогресшіл бағытына сай, терең білімді, өзгермелі жағдайға тез бейімделгіш, өзін-өзі саналы игеретін, бәсекелестік жағдайда өресі биік, азаматтық-тұлғалық бет-бейнесі қалыптасқан, рухани жан дүниесі бай, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қоғамның басты мақсаттарының біріне айналды. Бұл мақсат-міндеттердің жүзеге асуы адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оқыту мен тәрбиені сабақтастықта, шығармашылық мақсат қоя отырып, арнайы оқыту процесін жүргізгенде мүмкін болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші(негізгі) деңгей. Үшінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектебі»ДББҰ, 2012.
2. Имжарова З.У., Ахметова А.У., Имжарова Ж.Н. Критическое мышление в образовательном процессе. Актөбе, 2010
3. <http://www.cpm.kz>. А.А.Бизязева. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия. Псков, 2004

### **СТИЛЕВЫЕ ТЕНДЕНЦИЙ КОНЦА XX – НАЧАЛА XXI ВЕКОВ В БАЯННОМ ИСПОЛНИТЕЛЬСТВЕ.**

**ВАЛИ Дәурен Молдабекұлы**

*Научный руководитель – кандидат искусствоведения, доцент КазНУИ – Курмангалиева М.С.*

Казахский национальный университет искусств

Нур-Султан, Казахстан

dau\_ren\_95@mail.ru

#### **Аннотация**

Бұл мақалада баян аспабында ойнаудың негізгі жолдары қарастырылған. Қазақстанның әр түрлі тарихи кезеңдерінде аспапты қабылдау мен танымал болу жолындағы проблемалар суреттелген: солистен бастап, дала ақсүйектерінің арасында «сәнді» құрал ретінде, Кеңес Одағы кезінде оркестрге енуіне дейінгі және қазіргі Қазақстанда аспапты қабылдап, баян аспабының танымал болуы тек білім беру бағдарламасының деңгейінде өтіп, баян аспабындағы орындаушылық өнерінің одан әрі перспективсіз болуы. Шетелде, Ресейде және Қазақстанда XX-XXI ғасырлардағы баян аспабының тенденцияларына қысқаша шолу жасалды. Дүние жүзіндегі баян аспабы дамуының негізгі проблемалары, сонымен қатар орындаушылық тенденциялары, жаңа стиль жолындағы трендтеріне сәйкес, орындау техникасына және жанрлық, ритмикалық, мелодикалық, гармоникалық инновацияларға байланысты басқа да эксперименттер қарастырылады.

Түйін сөздер: өнер, баян, стиль, шығарма, жанр, репертуар, сонорика.

#### **Аннотация**

В данной статье анализируются основные пути развития баянного исполнительства. Обрисованы проблемы, связанные с восприятием инструмента во время популяризации в разные исторические периоды Казахстана: от соло в качестве «модного» инструмента среди аристократов степи, до внедрения в состав оркестра во времена Советского Союза и восприятию баяна в современном Казахстане, где популяризация инструмента проходит только на уровне образовательной программы и без дальнейших перспектив в баянном исполнительстве. Вкратце рассмотрены





тенденций популяризации баяна за рубежом, в России и в Казахстане в период XX - XXI веков. Рассмотрены основные проблемы развития баяна по всему миру, а также исполнительские тенденции, связанные с экспериментами в русле новых стилевых тенденций, исполнительских техник и других экспериментов, связанных с жанровыми, ритмическими, мелодическими, гармоническими новшествами.

Ключевые слова: искусство, баян, стиль, сочинение, жанр, репертуар, сонорика.

Искусство баянного академического исполнительства второй половины XX – начала XXI века определено многими глобальными социокультурными и экономическими процессами, оказавшими большое влияние на бытование как самого инструмента «баян», так и на специфику бытования. В нашем сознании баян, гармоника всегда был в прерогативе культурной составляющей советского и постсоветского пространства. С детства из художественных фильмов мы видели эти инструменты в руках «залихватского» деревенского певца из рабочей среды, потому что в советские времена в некоторых странах постсоветского пространства баян стал носителем истинно народного (рабочего) начала и крепко зарекомендовал себя в качестве аккомпанирующего инструмента, а других странах (в том числе Казахстан) – баян, преобразованный и адаптированный под оркестр, как сырный был участником оркестра народных инструментов, заполняя звуковые и тембровые пустоты в звучании оркестра. В эпоху всеобщей глобализации, мы в полной мере должны задумываться не только о реабилитации социальных вещей, но и о реабилитации истинного предназначения культуры бытования инструмента баян, по достоинству оцененный казахами высшей знати степи с конца 18 века, а затем А.К.Жубановым.

Прежде всего, необходимо отметить, что впервые за человеческую историю, уже в XX веке доступ потребителя к элитарному музыкальному искусству в целом стал несколько упрощенным. Баян, в том числе стал растворяться в системе музыкального образования, идя по проторенному пути, что несколько не популяризировало инструмент, а наоборот. Если индустрия звукозаписи и развитие информационно-коммуникационных технологий (в том числе интернет технологий) многократно удешевило и сделало возможным процесс массового восприятия музыкального искусства посредством радио и телевизионных трансляций, массового производства аудионосителей, на которых записывалось исполнение «элитарных» музыкантов на других инструментах, но никак на баяне. Запись баянистов в сто раз является наиболее уязвимой и редко встречающейся. «За последние двадцать лет мировая художественная система изменилась до неузнаваемости. Искусство переместилось с периферии в центр общества, искусство растворилось в обществе, словно таблетка в стакане воды. Определяющую роль в данном процессе сыграла глобализация» - пишет М.М. Маркова [1, 132].

Процесс становления искусства во время всеобщей глобализации стал взаимосвязанным с еще целым рядом тенденций, детерминирующих его состояние на современном этапе. Если мы встречаем красивейшее многообразие проявлений жанров, стилей, исполнительского искусства на всех инструментах, то в отношении баянного исполнительства нет никаких продвижений, в чем огромную роль играет политика отдельных стран. Так, мы можем увидеть и услышать звучание баяна в исполнении зарубежных исполнителей с прекрасными интерпретациями сольного исполнения вальсов, танго или других жанров (Астор Пьяцолла, Франк Анжелис, Петри Макконен, Ришар Гальяно). В Казахстане в последние годы баян стал звучать и в интерпретациях профессионально-песенного искусства певцов, где баян играет роль не просто аккомпанирующего инструмента, а популяризирует сложные песни для городского потребителя искусства.

Таким образом, существенно более разнообразными стали потребности широкой аудитории в сфере музыкального искусства. На протяжении последних семидесяти лет мы наблюдаем сверхинтенсивное усложнение обеих сфер музыкальной культуры: массового и академического искусства, как в стилевом, так и в жанровом отношении. Показательной является классификация, предложенная философом и композитором Т. Адорно в его труде «Социология музыки», в котором он предпринял попытку дифференцировать беспрецедентное стилевое многообразие по принципу воздействия искусства на человеческую духовную сферу: «Там, где серьезная музыка удовлетворяет своей собственной идее, там всякая конкретная деталь получает свой смысл от целого — от процесса, а целостность процесса получает смысл благодаря живому соотношению отдельных элементов, которые противопоставляются друг другу, продолжают друг друга, переходят один в другой и возвращаются вновь. Там, где форма извне абстрактно диктует вещи, там, по выражению Вагнера, гремит посуда. Легкая музыка в определенном смысле отстой, осадок музыкальной истории» [2, 32].

Но так или иначе, музыкантам на протяжении всего XX – начале XXI веков приходилось иметь дело со все более увеличивающимся количеством стилей, что обусловило постоянный рост числа исполнительских задач: как технико-исполнительских, так и художественных. Это обусловлено



содержанием современной музыкальной культуры. Во-первых, в ней продолжают сосуществовать и быть востребованными совершенно разные, вплоть до идейно-выразительной противоположности направления. Современным стилевым мейнстримом с известной долей условности можно назвать так называемую «the contemporary classical music» - направление, творчество в котором, предполагает использование некоторых базовых традиционных для классико-романтической эпохи выразительных средств (в каждом случае их набор индивидуален), но со свободной интеграцией в музыкальный язык элементов самых разных направлений: от джаза до серийной техники [3]. В баянном исполнительском искусстве, как мы понимаем, идея внедрения новых стилей продвигается очень медленно и не в нашей стране. Культурно-идеологическая политика постсоветских стран еще продолжает линию популяризации одного поля искусства, в котором баяну пока места не нашлось. Эксперименты и задачи, которые ставят перед собой именитые исполнители, никак не затрагивают интересов по популяризации других инструментов. Говоря о степени изученности всех возможностей баяна, мы также ставим большой минус, потому что история становления баянного исполнительства, описанная в книге З.Смаковой [4], охватывающая период с начала XX века, выделяет лишь несколько имен сподвижников и патриотов баяна, распространивших несколько школ на всей территории Казахстана. Эти имена можно перечислить по пальцам: К.К. Ошлаков, В.Петренко (г.Алматы), В.Литвинов, Н.Николаиди (г.Шымкент), А.Подольский (Восточно-Казахстанская область), Ф.Д.Сергиенка (г.Павлодар), В.Плетнев и В.Плетнева (Западно-Казахстанская область),

Говоря о композиторах нашей страны, обративших свой взор в сторону баяна, мы можем перечислить следующие имена и их творения:

1. Серик Абдинуров «Абыз»
2. Серик Абдинуров «Тартыс»
3. Серик Абдинуров «Арыстанбаб»
4. Серик Абдинуров «Ордабасы»
5. Дмитрий Останькович «Хорал жертв Беслана»
6. Н.Николаиди «Концертный кюй»

Обработки:

1. Владимир Демченко Фантазия на песню «Старый клён»
2. Владимир Демченко «Жайдарман»
3. Анатолий Гайсин «Адай»
4. Алексей Ефременко «Жыр-шашу»
5. Николай Двизов «Ыңғай төк»

Заранее просим прощения, если здесь охвачены не все произведения, но основными являются именно эти. Как Вы видите, за многие годы наличие нескольких произведений является подтверждением всего вышесказанного.

Отметим, что развитие исполнительства всегда напрямую связано с задачами, которые ставит перед собой композитор или интерпретатор. Здесь и поиск новых средств выразительности, новых звучаний, новых техник, художественной звуко-изобразительности, тембров и т.д. Расширение исполнительской техники за счет включения в нее новых исполнительских приемов на традиционных классических музыкальных инструментах и создание принципиально новых музыкальных инструментов суть проявления одного и того же процесса – поиска композиторами новых выразительных возможностей для воплощения музыкальных идей в музыке. Этот процесс можно представить как цепочку: запрос публики на новую музыку – создание в соответствии с этим запросом музыки композитором – усложнение исполнительского искусства. Тогда, когда у публики нет запросов, когда не работает система государственного заказа – тогда культура в целом держится на прорвавшихся за рубеж талантливых именах единичных исполнителей. Это тоже является показателем и критерием отбора выживания функционирования не только культуры в целом, но и отдельных инструментов.

Следует особенно подчеркнуть тот факт, что усложнение касается далеко не только технико-исполнительских задач. Применение композиторами более нового музыкального языка требует значительно больших интеллектуальных усилий от музыканта, чем было ранее. Эти усилия должны быть направлены на то, чтобы расшифровать семантику звуков, тем самым постигнув замысел композитора и интерпретировав его. Подобная ситуация в настоящее время требует постоянной интеграции новых более совершенных, адекватных современности методов обучения. В отношении класса баянного исполнительства о такой интеграции тоже пока нет слов, хотя современный инструменталист с академическим образованием вполне может реализоваться в синтетических жанрах и стилях, коими пестрят потоки культуры развитых стран.



Перейдем к вопросу об основных репертуарных тенденциях современности в баянном исполнительстве.

Анализируя знаковые (сольные) сочинения для баяна, написанные в период с 1990 до нашего времени, мы не можем говорить о яркой индивидуализации каждого музыкального произведения и технических средств выражения. В тоже время, произведения для скрипки, виолончели, фортепиано, кобыза давно идут по пути усложнения жанров, музыкального стиля, языка, выразительности, открывая новые возможности сольного исполнения и популяризации инструментария и исполнительства.

В Европе баянный репертуар развивался по очень сходному пути – по пути увеличения многообразия. Важно отметить, что в силу объективных исторических обстоятельств процесс интенсификации изменений в баянном репертуаре начался и продолжился в этих регионах раньше. И именно в странах постсоветского пространства за все прошедшее время ни в одном произведении для баяна не было открыто ни одной черты.

Напомним, что во второй половине века в искусстве Европы и США началось сверхинтенсивное смешение стилей, в результате чего репертуар для виолончели пополнялся произведениями совершенно разными, требующими от исполнителя владения противоположными в своей сути техниками игры и, что еще более важно, разными режимами музыкального мышления. Безусловно, ярчайшими событиями музыкального искусства США и Европы стало возникновение сонористики<sup>1</sup> и алеаторики,<sup>2</sup> как двух важнейших для понимания современного музыкального искусства композиторских техник. Сонорика была основана на принципе выдвигания «на первый план фонической, красочной стороны звучания» [5], а алеаторика представляет собой «течение в современной музыке, провозглашающее принцип случайности главным формирующим началом в процессе творчества и исполнительства».

Для исполнения подобных произведений, в которых не только четкая фиксация звуковысотности нотного материала, но и сама структура формы – ситуативны, необходима вполне серьезная музыкально-теоретическая подготовка исполнителя, поскольку ему придется работать в совершенно нетипичном музыкальном пространстве. Мы не можем назвать ни одного произведения для баяна, которое бы включало возможности сонористики или алеаторики среди произведений казахстанских композиторов. К сожалению, зарубежный опыт таких воплощений в баянном исполнительстве нам не известен, а среди российских композиторов известность получили такие образцы сонорики для баяна, как: А.Кусяков «Лики уходящего времени», В.Власов «Пять взглядов на сторону Гулаг», Зубицкий «Соната». Во всех этих сочинениях присутствует огромное количество эпизодов, когда на баяне исполняется последовательность звуков, в которых нет интонационно-гармонической значимости – это может быть шумовой эффект, это может быть демонстрация краски тембра или имитация какого-либо реального звука.

В то же время в Европе и США во множестве создавались и создаются произведения в рамках направления «the contemporary music»,<sup>3</sup> требующие, прежде всего, классической исполнительской школы.

В связи с вышесказанным, обозначим основные вопросы, связанные с развитием баянного исполнительства в Казахстане: вывод баянного исполнительства из реестра ансамблевого исполнительства; изменение репертуарной политики в сторону прерогативы сольного исполнительства; изменение образовательной обучающей программы баянного исполнительства; включение сольных баянных исполнителей в программы значимых внутривнутриреспубликанских и международных концертов; увеличение сочинений для баяна и внедрение новых исполнительских находок, стилей, жанров; популяризация инструмента на государственном уровне.

#### Список использованной литературы:

1. Маркова М.М. Современное искусство в глобализирующемся мире / Государственное управление. Электронный вестник. 2017. Вып. 60 – С. 139 – 152. – С. 132
2. Адорно Т. Избранное: Социология музыки. М.; СПб.: Университетская книга, 1998. – С. 445.

<sup>1</sup> Сонорика — техника современной музыкальной композиции, оперирующая тембровзвучностями как таковыми, сообразно их специфическим имманентным закономерностям.

<sup>2</sup> Алеаторика — техника композиции в музыке XX—XXI веков, допускающая переменные отношения между элементами музыкальной ткани (в том числе нотного текста) и музыкальной формы и предполагающая неопределённость или случайную последовательность этих элементов при сочинении или исполнении произведения.

<sup>3</sup> «the contemporary music»-современная классическая музыка, написанная в середине 1970-х – первой половине 1990-х годов и включающая модернистскую, постмодернистскую, неоромантическую и плюралистическую музыку.



3. Ross A. The Sounds of music in the twenty first century [Электронный ресурс] // Сайт периодического издания «The New Yorker». – URL: <https://www.newyorker.com/magazine/2018/08/27/the-sounds-of-music-in-the-twenty-first-century> (Дата обращения: 23.02.2019).
4. Смакова З.Н. Қазақстанда баян аспабының таралуы және орыдаушылық өнер тарихы / «Елтаным баспасы», Алматы, 2018 – С.202.
5. Сонорика. Современная энциклопедия. 2000. [Электронный ресурс] // Сайт «academic.ru». – URL: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc1p/44630> (Дата обращения: 12.02.2019)

## ОТАНДЫҚ ХОРЕОГРАФИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

ҒАЛИ Айдана Қазбекқызы

*Жетекшісі - п.ғ.к. доцент, Николаева Л.А.*

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы, Қазақстан

ai\_dance@mail.ru

### Аннотация

Мақалада шексіз дамып жатқан ұлттық хореографияның қалыптасу кезеңдері қарастырылады. Ұлттық хореографияның қалыптасуының әрбір кезеңінде өзіне тән қандай ерекшеліктері болғаны көрсетілген. Сонымен қатар, заманауи элеуметтік мәдени кеңістікте би мәдениетіндегі дәстүрлер мен жаңашылдықтар арасындағы шекараның жырмалануы, әртүрлі жанрлардың, стильдердің және бағыттардың бірігуі орын алуда. Осы тұрғыда ұлттық би өнерінің негізінің қалыптасу кезеңдері кеңінен қарастырылуда. Бұның барлығы заманауи кезеңде отандық хореографияның дұрыс даму мәселесін қарастыруды талап етеді.

### Annotation

The article considers the stages of formation of national choreography, which develops infinitely. At each stage of the development of national choreography, it is shown what characteristic features it had. In addition, in the modern socio-cultural space, there is a gap between tradition and novelty in dance culture, the unification of various genres, styles and directions. In this regard, the stages of formation of the basis of the national dance art are widely studied. All this requires consideration of the correct development of Russian choreography at the present stage.

Түйінді сөздер: хореография, би өнері, қалыптасу кезеңі, ұлттық би мәдениеті, дәстүрлер, отандық хореография, петроглифтер, би мұрасы.

Отандық хореографияның қалыптасу кезеңдерін зерттей келе біз біршама ғалымдармен педагогтардың зерттеулері тоқталдық. Солардың ішінде зерттеушілер Т.Ізім мен А.Құлбекованың «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» еңбегінде қазақ биінің қалыптасып дамуындағы тарихи кезеңдер былай сараланды:

- Бірінші кезең – б.з.б. VII-V ғасырлар қазақ ұлысының қалыптасуына дейін (XV-XVI ғ.б.);

-Екінші кезең – XVI-XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы;

-Үшінші кезең – XVIII ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейін;

-Төртінші кезең – XX ғасырдың басынан XX ғасырдың 90 – жылдарына дейін;

Бірінші кезең: б.з.д VII-V ғғ. – б.з.д. XV соңы - XVI басы. Даланың байырғы тұрғындарының синкретикалық өнерінің, соның ішінде, би өнерінің ең ежелгі ескерткіші болып қазақтың ата-бабаларының би шығармашылығын және рухани дүниесін ашып көрсететін Шұлақ тауы мен Тамғалы шатқалындағы жартасқа салынған суреттер мен петроглифтер болып саналады. Жартасқа салынған суреттерге және археолог-ғалымдар А. Окладниковтың, А. Маргуланнның, А. Бернштамның, К.Акишевтың, Я.Шердің, А.Максимованың олардың мағынасын ашуына сүйене отырып, қазақ би мәдениетінің қалыптасуының тарихи жолын көруге болады.

Саймал-Ташта түсірілген би мезетінде би шығармашылығының семантикасы айқындалады, бұл туралы А. Бернштам «Саймалы-Таш – ұрпақтың, атап айтқанда, сақ-үйсіндердің (б.з.д. VIII-I ғғ.) және ғұн-түріктердің (б.з. I-VII ғғ.) керемет ордасы» деп жазған, діни көп пішінді көріністерімен бейнеленетін бірінші топқа б.з.д. II-I мыңжылдық тән және сақ алды деп аталған. Екінші топ сақ-үйсін деп аталған. Ол б.з.д I мыңжылдықты, соның ішінде, екінші жартысын қамтиды. Мезгілдеу үшін жетекші болып «аң стилін» - тауешкілер, арқарлар, бұғылар, ерекше орындау саналады, бұған ежелге



авторлар сипаттаған сатурналияларды еске түсіретін діни бидің кең композициялары жалғасады. Үшінші топ – көп пішінді композициялармен тән келмейтін ғұн-сақтар, соңғы төртінші топ ғұн-түріктер (б.з. I-VII ғғ.) аса көп композициялар біле бермеген.

Дегенмен жартасқа салынған суреттер әртүрлі рухтарды жарылқау үшін қызмет еткен дәстүрлі хормен жүрудің шығармашылығын толығымен жеткізе алмайды. Петроглифтердің би туралы «визуалды хабарламалары» кең ауқымды уақытты қамтығанына қарамастан (б.з.д III-I ғғ.) қазақ би мәдениетінің зерттеу тарихы б.з.д. VII-IV ғғ. – Қазақстанда грек және персы жазба көздерінде жалпы «сақ» (сақ кезеңі) деп аталатын тайпа мекендеген уақытпен шектейді. [1]

Сол уақыттағы қоғамның өмірінде соғыс үлкен мағынаға ие болған, себебі жаңа жайылымдарды, малды және өзін-өзі қорғауды күшейтудің амалы болып есептелген. Соғысты ұйымдастырудың бір түрі ретінде шайқастың сәтті нәтижеге ие болуын қамтамасыз ететін жауынгердің рухын жігерлендіретін әскери би саналады. Әскери би ұжымдық еркіндікті және күшті ұйымдастыратын, ерлікке рухтандыратын және қоғамдық пен әлеуметтік әрекеттерді байланыстыратын тәрбиелік мәнге ие болған. Олар батылдық пен жауынгерліктің өнегелі және эстетикалық мұратын көрсететін.

Бұдан кейін, б.з.д. III-I ғғ., Қазақстан территориясында жаңа тайпалық одақтар пайда болды, сақ тайпасы жоғалмады, сол өңірде өз халықтық әдет-ғұрыптық-шығармашылық дәстүрлерін сақтай отырып, басқа бірлестіктермен – үйсіндер, қаңлылар, алаңдар, көшпенді малшылығын жалғастырды. Бірғақтың эмоциялық мағынасы ежелгі қазақ бақсыларының таяу шығыстың халықтық хормен жүрудің сопылық диуанасы – бекташпен тәжірибенің бастамасын жақындастырды. Үйсіндердің кешқұрым мәдениеті сиқырдың элементтері мол болған сақтардың мәдениетінен алған. К. Акишев және Г. Кушаев ғалымдары жазып кеткендей «сиқыр XVIII—XIX ғғ.-ға дейін көшпенді халықта сақталған бақсылықпен тығыз байланысты».

Қазақстанның би өнерін зерттеуші Л. Сарынова «Әдетте бақсының әрекеттерін қылмындау, қиқандау деп атайды. Сол арада, оның дене қозғалысымен жетектелетін өлеңдері (сырнау) ежелгі кезден бастап сақталған нағыз діни би». Кәделік мақсатта бақсы оларды барынша жақсы, мәнерлі, бейнелі және дәлелді орындауға тырысқан, бидің техникалық шеберлігі мен бишілік лексиканың дамуына жағдай жасаған. Белгілі этнограф Ө. Жәнібеков «Ежелгі бидің көптеген каноникалық түрлері бізге жетпегенімен, сюжеттік тематика, дәстүрлі әуестену, би пластикасының идеалы халықтың есінде қалған, өйткені қазақтарда өнердің бұл түрі бидің нақты, біржола өңделген ымдардың жүйесімен, қозғалысымен және механикасымен шектелмеген». Фольклорды, материалды мәдениеттің ескерткіштерін, жазба көздерін, қазақ тілінің сөздігін зерттеу бидің қазақ қоғамының ежелден бастап осы күнге дейінгі даму процессін жетектегенін тұжырымдауына негіздеме береді.

Қазақ биі тарихын зерттеушілер XV-XVI ғасырлар және XVIII ғасыр ортасына дейінгі аралығында би туралы бізге қалған деректерді ерекше сараптады. Осы кезде қазақ даласын зерттеген орыс саяхатшылары салт – дәстүрлермен бірге бидің де болғандығын өз жазба деректерінде келтірген. Мысалы, саяхатшы И.Г.Георги XVIII ғасырдағы қазақ тұрмысын зерттей отырып, халық биінің орнын бағалап берген: «олар бірнеше күн тойлап, көңіл көтеріп, би билеп, ән айтып әңгіме – дүкен құрумен қатар ат жарыстарын ұйымдастырып, садақ тартады», деп жазып қалдырған. [2]

Қазақ музыкасын терең зерттеген Б.Г. Ермакович: «Ежелден тұрмыс – салтта, ойындарда кездесетін драмалық ойындар және ойын – сауықтық характердегі элементтерді театр және би өнерінің бастауы деп қарау керек», - деген болатын [3]. Сонымен бірге этнограф, фольклортанушы С.Г.Рыбаков «Музыка и песни уральских мусульман с очерком их быта» деген кітабында [4] және фламандық жиһангер монах Гильом де Ребрук «Путешествие в восточные страны» еңбегінде [5] би туралы мәліметтер берген.

Екінші кезеңге (XV соңы - XVI ғғ. басы XVIII ғ. ортасына дейін) келесі шағын тарихи деректер жатады. Белгілі этнограф-саяхатшы И. Георги XVIII ғасырдағы қазақтың тұрмысын сипаттаған кезде мерекелік күндегі салттарында бірінше орынға халық биін қояды: «барлығы берекелі болғанда бірнеше күн тойлап, билеп, әңгімелермен, барып-салып жүгірумен, нысанаға атумен көңіл көтереді». Айтыс, «жар-жар» әдет-ғұрыптық-көпшілік әндері, «көкпар», «арқан тарту» ойындары және т.б. халық мәдениетінің бұндай саласындағы сайыстар өлең - поэзиялық өнер мен эстетикалық сезімді дамытып қана қоймай, сонымен қатар, қазақ халқының өнегелі идеалын қалыптастырған. Ертеректе және ертеде «Ұтыс би» биін тудырған би сайыстары болған. Қазақ өнерін зерттеуші Б. Ермакович «Ежелгі уақыттан бері тұрмыстық әдет-ғұрыптар мен ойындарда театрлық және би өнерінің бастамасы деп қарастыруға болатын ойын-сауық және драмалық сипат болған...»

XVIII ғасырда қазақтардың Ресейге қосылуына байланысты орыс жазушылары, саяхатшылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттей бастады. Бұл кезде қазақ биі, оның ерекшеліктері мен



мазмұны туралы айтарлықтай толық мәліметтер қалдырды. Орыс ғалымдары Н.Кюнер, Н.Бичурин өздерінің осындай құнды мәліметтерін би туралы суреттермен толықтырып отырған.

Ал О.Всеволодская-Голушкевич: «Би – өнердің бір тармағы ретінде қазақ қоғамының даму процесімен қатар жүрді...», - деп көрсеткен [6]. Қалай болғанда да осы кездегі деректер би өнерінің халық шығармашылығымен бірге синкреттік түрде дамып келгендігін, оның ұжымдық өнер, әрі салттық сипаты бар екеніне назар аударған.

8	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	0,9999	0,9999	0,9998
9	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000

Значит меньшее целое  $n$  есть 5.

### Список литературы

1. Crawshaw and J CHamblers. A Concise Course in Advanced Level Statistics With Worked Examples Forth Edition. United Kingdom. Fourth Edition 2001
2. Greg Attwood. Edexcel AS and A Level Modular Mathematics. Statistics 2.



## «ӨРКЕНИЕТ – ӨМІР ӨЗЕГІ»

### Әбдісаттар ӘЛІП

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық «Әділет. Рухани жаңғыру» газеті  
Шымкент, Қазақстан  
abdisattar.alip@mail.ru

2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілгені белгілі. Бағдарламаның негізгі мақсаты – орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану арқылы республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру үшін жағдай жасау болып табылады. Бағдарлама 2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылады және елдің флагмандық салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін береді, еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайтын болады.

Бүгінгі өмірді өркениеттің игі жетістіктерінсіз көзге елестету әсте мүмкін емес. Компьютер. Ноутбук. Нетбук. Интернет. Ұялы телефон. Әлеуметтік желі. Міне, бұлардың бәрі күнделікті өмір сүру дағдысына айналып отыр. Олар араласпаған сала жоқтың қасы. Сол себепті де тәуелсіз де егемен еліміздің әрбір азаматы өскелең заманмен үйлесімді өмір сүруге бейімделуі керек.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде кішкентайлар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілерді қолдануын қатаң қадағалау қажет. Олардың араласатын ортасын, түнгі клубтар мен Интернет орталықтарында нені көріп, нені қоятынын білген жөн. Өздеріне қол жұмсау, зорлық-зомбылық секілді қоғамға жат әрекеттерден сақтандырғанымыз мақұл. Кез келген нәрсенің пайдасымен қоса-қабат залалы да болатыны белгілі. Сол себепті ненің пайда, ненің зиян екенін ұғындыруымыз керек. Әлеуметтік желі жайлы да осыны айтуға болады. Бүгінгі үш жасар балақай ұялы телефонның құлағында ойнайды. Жасөспірімдердің қолынан да қалтафон түспейді. Газет-журналдардан, кітаптардан алуға тиісті мәлімет, ақпараттардың бәрін содан алады. Олардың нені көріп, нені үйреніп жүргенін қадағалау қалыс қалған. Сол себепті де кәмелет жасына толмаған кейбіреулер өз өмірін қиып, суицидке бой алдыруда. Небір жаман нәрселерді бойына сіңіруде. Бір-біріне қажетсіз хабарламалар жөнелтеді. Сол себепті де мектеп оқушыларына ұялы телефон ұстауға рұқсат етпеу, жасөспірімдердің әлеуметтік желіні қолданудың уақытын шектеуді заңмен жүзеге асыру керек сыңайлы. Интернет желісіне ұлттық тәрбиеге қатысты материалдарды көбірек салғанымыз дұрыс болар еді.

Біздегі көк жәшіктегілер қоғамға қажетсіз «Қалаулым» секілді шоу бағдарламалар мен көбіктенген корей, түрік пен үнді сериалдарын көрсетумен ғана шектеліп жүргенін несіне жасырамыз. Олардың орнына «Ел Арна», «Балапан» арналары секілді оқулық бағдарламаларды көбейту керек. Ендеше, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе!» – деп кеменгер Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқандай, еліміздің ертеңі – жастар тәрбиесіне бей-жай қарамауымыз қажет.

Енді егемен еліміздің үшінші мегаполисі болып саналатын шырайлы Шымкент шаһарында қазіргі цифрландыру дәуіріндегі білім, ғылым, мәдениет салаларында атқарылып отырған жүйелі жұмыстар жайлы қысқаша баяндауды жөн көріп отырмыз. Алғашқы сөз білім, ғылым жайлы болмақ.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (ректоры -- Дария Пернешқызы ҚОЖАМЖАРОВА) күллі әлемді күңіреткен коронавирус індетіне байланысты еліміздегі қазіргі төтенше жағдай тұсында, карантин кезеңінде де өздерінің негізгі міндеті -- оқу-тәрбие жұмыстары жақсы жолға қойылған. ISVUZ ақпараттық ресурсы, Zoom серсис легі, «Прометей» ақпараттық жүйесі, GOOGLE CLASSROOM, CURSERA онлайн-платформаларының көмегімен аталмыш жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы өздерінің дәрісін қашықтықтан оқытудың технологиясы мен әдістемесін қолдана отырып өткізуде. Оқу процесін ұйымдастыру қолданыстағы жүктемеге, оқу жоспары, бағдарламасы мен кестесіне сәйкес жүзеге асырылып келеді.

Елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты үйлеріне қайта алмастан оқуын жалғастырып жүрген шетелдік студенттер жатақханада қашықтықтан оқумен қамтылған. Олардың интернет пен Wi-Fi жүйесіне емін-еркін кіру мүмкіндіктері қарастырылған. Студент жастар оқудан тыс қашықтықтан жүргізілетін #onlinelessonSKSU, #concertiononlineYUKGU тәрбие жұмыстарына да тартылған. Қазақстан жастары үшін #Abai175 интернет-челленджи іске қосылған. Сөз орайы келгенде оқытушылар мен студенттерден құралған еріктілер тобы қазіргі қысылтаяң кезеңге орай қарттар мен



балалар үйлері, өзге де тұтынушыларға арнап медициналық бетперде тіккенін де тілге ете кетейік. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы карантинге байланысты үй жағдайындағы жұмысқа және жалақылары сақталатын онлайн-кестеге көшірілген.

**Шымкенттегі Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында (ректоры -- Мырзабек Мырзашұлы РЫСБЕКОВ) болашақ денсаулық сақшыларына терең де сапалы білім мен тәлімді тәрбие беру жұмыстары жүйелі жүргізілуде.** Заманауи техникалармен толық жабдықталған академия ұжымында еңбек ететін әрбір педагог өздері өтетін дәріс барысында жоспарлы тақырыптан тыс қазіргі цифрландыру дәуірінің мақсат-мұраты жөнінде түсіндіру жұмыстарын жақсы жолға қоя білгенін бөле-жара тілге тиек еткеніміз жөн.

Елімізде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап төтенше жағдай жариялануына байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетов мырза барлық оқу орындары (университеттер, колледждер және мектептер) қашықтықтан оқыту технологиясына көшуді талап еткені белгілі. Осы уақыт аралығында еліміздегі барлық білім беру ұйымдары қашықтықтан жұмыс жасауға көшкен.

Оқу процесі жоспарға сай жүргізілуде. Барлық оқытушылар электронды платформа арқылы студенттермен тікелей жұмыс жасауда. Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясының оқытушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен тығыз байланыста жұмыс жасап, жоспарға сай жас мамандармен өткізілетін онлайн байқауларға да белсене қатысуда. Олар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №123 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оқу процесінде электронды түрдегі оқу-әдістемелік материалдарын және электронды оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуде. Студенттер мен олардың ата-аналары елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты қашықтықтан оқытып жатқан медициналық академия әкімшілігі мен профессор-оқытушылар құрамына өздерінің алғысын білдіруде.

**Шымкенттегі Манап Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде (директоры -- Қанатбек Балтабайұлы ДОСАЛИЕВ) ұлы Абай Құнанбайұлының биылғы 175 жылдық мерейтойына орай «Абай шығармалары -- замана айнасы» атты байқау өткізілді.** Ақынның мол мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой толғамдарын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға студент жастар белсене қатысқан.

**Шымкенттік мектеп оқушылары – онлайн оқуда егемен елімізде алғашқы қатарда. Бұған қалалық білім басқармасы (басшысы – Жанат Арысбекқызы ТӘЖИЕВА) тарапынан жұмыс сапасын жақсарту мақсатында тиісті шаралар өз жалғасын табуда.** Қаладағы 213 білім беру ұйымы (мектептер, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, колледждер, жоғары оқу орындары) толығымен қашықтан оқыту форматына көшкен. Мектептердегі барлық 17253 мұғалім электронды құрылғылар мен интернет желісімен қамтамасыз етілген.

Ағымдағы жылғы 6 сәуірден бастап қаладағы барлық 172 мектепте оқитын 222 мыңнан астам оқушы толығымен қашықтан білім беру жүйесімен қамтылған. Соның ішінде инклюзивті білім берілетін оқушылар саны -- 836. «WhatsApp» мессенджері арқылы оңалту сабақтары 1143 оқушыға жүргізілуде, бұл 86,5 пайызды құрайды. 125 оқушы денсаулығына байланысты ата-аналарының өтініштері негізінде сабақтан босатылған. Мәселен, оқушылардың 96,7 пайызы электронды құрылғылармен (компьютер, ноутбук, планшет, смартфон) электронды құрылғылармен қамтылған болса, қалған 3,3 пайызының, яғни 7424 оқушының «Ел Арна», «Балапан» телеарналары арқылы білім алуға мүмкіндігі бар. Айта кетейік, компьютерді қажет ететін оқушыларға мектептердегі 10192 компьютер уақытша берілген. Мектептердегі 17253 мұғалім электронды құрылғылар мен интернет желісімен қамтамасыз етілген.

Шымкент қаласының оқушылары «Bilimland.kz», «Дарын онлайн» сынды интернет платформаларда білім алу бойынша республикада -- бірінші орында болса, ұстаздары -- екінші орында. Сонымен қатар балалар «Zoom», «Google class», «Edu page» бағдарламалары арқылы да өздерінің сабақтарын оқып-үйренуде. Қалалық білім басқармасы жанынан құрылған «Call орталыққа» бүгінге дейін түскен 422 сұрақтың басым бөлігі қашықтан білім алуға қатысты болғандықтан, мамандар сауалдарды талдап, жұмыс сапасын жақсарту мақсатында тиісті шараларды атқаруда.

**Қалалық білім басқармасына қарасты 167/3 түзеу мекемесінің №1 жалпы орта кешкі мектебі (директоры – Исақ Асанов) ұжымы ұлы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай 24 беттен тұратын көлемі 122 x 90 сантиметрлік, салмағы 27 келі алып кітап шығарған.** Туынды Абайдың қарасөздерімен айшықталып, өлеңдерімен өріліп, әндерімен әрленген.



Бұл алып кітапты алдағы уақытта Алматыда орналасқан Қазақстан рекордтар кітабына тіркеуге жіберу көзделген.

**№133 жалпы орта білім беретін мектебінде (директоры -- Әсел Құрманбайқызы БАЙДОСОВА) қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Ұлы халықтың ұлы Абайы!» атты тарихи-драмалық қойылымды сахналанды.** «Шамшырақ» оқушылар театры ұжымының Абайдың болмысы мен оның ақындық, сазгерлік қырларын ашуға деген талпынысы көз қуантарлықтай.

**Енді мәдениет саласына қарай ойысайық. Шымкент қалалық «Отырар» қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (директоры – Анар Абусайылқызы ЖАППАРҚҰЛОВА) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімінің 2013 жылғы 25 қарашадағы № 327 қаулысымен жаңа әкімшілік-іскерлік аумағынан ашылған.** Аталмыш құтханада Коворкинг -- білім орталығы, жергілікті қаламгерлер мен өнер майталмандарының көрме залы, «Отырар» музей-кітапханасы, Елбасы залы, жазушы Еркінбек Тұрысов, ғалым Мырзагелді Кемелдің жеке музей-кабинеттері, суретшілер --Қасымбек Нұрбеков, Құрасбек Тыныбеков, Батырбек Өтептің, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» және қалалық «Шымкент келбеті», «Панорама Шымкента» газеттерінің бас редакторлары – Әмірсейіт Әлиев, Жұмамұрат Тұяқбайдың мүйістері, сирек кітаптар және «Ақерке» балалар бөлімдері ашылған.

Кітапханада «Кедергісіз кітап» әлеуметтік жобасы, «Отбасылық оқу – ұлт болашағы», «Мәртебелі поэзия мінбері» поэзиялық кездесулер жобасы, тағы басқа жобалар жемісті жұмыс жасауда. «Мәртебелі поэзия мінбері» поэзиялық кездесулерінде Ұлықбек Есдәулет, Нармахан Бегалыұлы, Ханбибі Есенқарақызы, Шамшия Жұбатова, Хамза Көктәнді, Қабылбек Төретай, Баян Тіленшина, Темірхан Әбдіков, тағы басқа ақындардың өлең-жырлары оқылған. Сондай-ақ, ЭЛАР Планетарлы сканері арқасында кітаптарды сандық форматқа көшіру жұмыстары жүргізілуде. «QR-мобильді кітапхана» жобасы жастар көңілінен шығуда. Кітапхана КІТАП.КЗ ашық онлайн кітапханасын құруға және КазНЭБ – Ұлттық электронды кітапханасын құруға белсене атсалысқан.

Штаты – шығармашылық қызметкерлер саны – 55. Кітап қоры – 401 014, соның ішінде қазақ тіліндегісі – 32 0000. Электронды қор саны - 6 500, соның ішінде сандық форматқа көшірілген құжаттар саны – 600.

**Онлайн жобалар: Фараби-онлайн** -- виртуалды көрмелер, трактарынан үзінді, деректер мен дәйектер, аңыздар, көрнекті фарабитанушылармен сұхбат, Фараби музейлеріне виртуалды саяхат. / Абдулла Жұмашев, Мархабат Байғұт. Алдағы уақытта Ақжан әл-Машани, тағы басқалар туралы ақпарат беру жоспарда бар/.

**«Жүйріктер шықты желіге» онлайн айтыс** /Желіде айтысқан суырыпсалма ақындар -- Кәрима Оралова, Анар Жаппарқұлова, Нұрлан Есенқұлов, Нұрғали Әнапия, Бөрібай Оразымбет, Лаура Тастанбек, тағы басқалар.

**QR-мобильді кітапхана** – жергілікті ақын-жазушылардың көркем шығармаларын қашықтықтан оқу мүмкіндігін беретін жоба.

**Жас ақындардың онлайн поэзия сағаты** – Дәурен Айманбет, Сезім Мергенбай, Мақпал Төрбек, Арайлым Мұратәлиева, Ақбота Бейбітбек, тағы басқалар.

**«Кәсіби жедел жәрдем» zoom-конференциясы** -- қашықтықтан ұжым жиналыстары мен кәсіби сабақтарын өткізу. Соның ішінде шұғыл жағдайда оқырмандардан қайтарылған кітаптарды қалай залалсыздандыру әдісі көрсетілді. Кітапхананың сирек кітаптарға арналған арнайы залалсыздандыру камерасын пайдалану тәртібі таныстырылды.

Кітапхана басшысы А.А.Жаппарқұлова ұжым жиналыстарын осы **zoom-конференция форматында** тұрақты түрде өткізеді.

**КазНЭБ-тегі кітаптарды қашықтан оқуды насихаттау.**

**1 мамыр** - «Шымкент қаласындағы кіші этностар туралы анықтамалықтың таныстырылымы» Онлайн таныстырылым ; «Бірлігіміз жарасқан» виртуалды кітап көрмесі.

**Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай**

«Майдан суреттері сөйлейді» үздік постқа байқау.

Виртуалды көрмелер – «Ұлы Жеңіс -- ұрпаққа аманат», «Майдангер қаламгерлер», Ұлт мақтанышы – Батыр Бауыржан», «Шымкенттен шыққан батырлар».

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының бастамасымен «Кітаппен бірге болыңыз үйде» челленджін «Отырар» кітапханасының қызметкерлері мен оқырмандары жалғастыруда.



**ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН, ЖАҢАША ТАЛАП: БАСТАУЫШ СЫНЫП  
ОҚУШЫЛАРЫН ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕОРИЯЛАРЫ**  
**ЖАҢАБАЕВА Айнур Рамазанқызы, ЖАМАНБАЕВА Гулнәр Жаңбырбайқызы**  
«№13 орта мектеп» КММ  
Ақтөбе, Қазақстан  
Andirova\_v@mail.ru

Дамудың жаңа сатысына бағыт алған мектептің ең негізгі өзегі – жеке тұлғаға бағдарлану, оқушының өзіндік дамуын жетілдіру болып табылады. Оқытуды психологиялық технологиялауды ғылыми негізделген тұрғыда ұйымдастыру мұғалімдерге оқыту үрдісін жобалауда дәстүрлі үлгіден технологиялық тәсілге ауысуына, технологиялық кәсібилену сатысы арқылы еркін педагогикалық ойлау деңгейінен еркін кәсіби қызмет деңгейіне көтерілуіне жағдай туғызады, мемлекеттік білім беру стандарты негізінде белгіленген мақсаттар аясында әдістемелік және технологиялық мүмкіндіктерді оңтайлы қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Сондықтан қазіргі заман талабына сай білім беру ісінің өзекті мәселелерінің бірі - жеке тұлғаға бағдарланған оқыту үдерісінде білім барлық білім алушыларға олардың қабілетінің екі типі: вербальді-лингвистикалық және логикалық-математикалық ерекшеліктерін ескере отырып беріледі. Егер де оқушы өзін таныта білмесе, ол өзінің білім үрдісіндегі жетістіктеріне қанағат тұтып, өзін-өзі көрсете білуде өте аз мүмкіншіліктермен шектелуі керек пе? Америкалық психолог Говард Гарднердің айтуынша, әрбір адам өздігінен талантты және аз дегенде әр түрлі деңгейде танылатын интеллекттің сегіз түріне ие. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында Говард Гарднер адам миының жұмысына орай бірнеше интеллектке негізделген көпсалалық интеллект теориясының негізін салды.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш класс мұғалімдеріне қойылатын талап зор. Нақты айтсақ, мұндай талап үдесінен шығу үшін мұғалім, біріншіден, оқытудың әдіс-тәсілдерін шығармашылықпен қолдана білуі керек. Мұғалімнің ақыл-ойы, білімі терең болуы тиіс. Сондай-ақ мұғалім өз білімін оқушыға жан-тәнімен беріле бере білуі керек. Екіншіден, мұғалім оқушыларды пәнге қызықтыра білуі тиіс. Ол үшін сабақта оқытылатын материал оқушыларды зеріктірмейтіндей қызығалықты болуы керек. Үшіншіден, мұғалім оқушының психологиясын ұлттық ерекшелігіне орай сезіне білгені жөн. Төртіншіден, сабақта «вальдорфтық» педагогикалық элементтерді қолдана білуі керек. Мұны қазақша айтсақ, адамның өсіп-жетілу заңдылығын басшылыққа ала жұмыс істеу деген сөз. Мұны біз «Бас-жүрек-қол» дейміз, яғни баспен ойлап, жүрекпен қабылдап, қолмен істей білуге тырыс. Бесіншіден, сабақта психологиялық ахуалға, оқу мотивациясына ықпалын тигізетін арт-терапия тәсілдерін қолдану, музыка тыңдату, әдеби шығармаларды талдату, оқушылардың шығармаларының көрмесін ұйымдастыру дәстүрге айналуы тиіс. Алтыншыдан, мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктеріне мән беріп, оқытушы ізденісте болуы тиіс. Интерактивтік сабақтар өткізу, пікірлесу, жұмбақтар шешу, мақал-мәтелдер айту, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, жыл көшбасшысы ойындарын жүйелі өткізген жөн. Жетіншіден, сабақта жақсы ахуал орнату да, мұғалім мен оқушының өзара түсінісіп, бір-бірін құрметтеуі де пәнге деген сүйіспеншілікті арттырады.

Білім беру үрдісінің сапалы әрі нәтижелі болуы үшін әлемдік білім тәжірибесіндегі жетістіктерді зерттеуді талап ететін және сол тәжірибені ұғына отырып іске асыратын жаңа әдістер мен технологиялар керек. Көпсалалы интеллект теориясының білім беру саласында қолданылуы өте орынды, себебі аталмыш теория арқылы әрбір оқушының жеке тұлғалық ерекшелігі ескеріле келе сапалы білім беруге болады.

Қоршаған ортаны тануда, үйренуде интеллекттің көптеген түрлері бар. Г. Гарднер интеллекттің сегіз түрін ұсынады: вербальді-лингвистикалық интеллект – сөз, сөйлем құрай білу қабілеті, фонетикалық, синтактикалық, семантикалық жақтарды жақсы дамытып меңгере алады. Сөздердің мағынасын түсініп, тілді қолдана алады. Грамматикалық ережелерді жақсы меңгереді. Логико-математикалық интеллект - сандарды жақсы көреді, жұмыстарын тиянақты орындап, сараптап, есептеп жүреді. Турашыл, логикалық есептерді, шығарғанды, жұмбақтардың шешімін табуды ұнатады. Сандарды қолдану арқылы сөйлем құрастыра алады. Басқа да ғылыми жұмыстар беруге болады. Бейнелі-кеңістіктік интеллект - қиялы өте жақсы дамыған, жаңа заттарды түріне қарап жаттайды. Суретті жақсы салады. Болған оқиғаны әдемілеп айтып бере алады. Үш өлшемді ойлап, қиялында суреттеп бере алатын қабілетке ие. Іс-қимылдық интеллект – спортты ұнатады. Түсінгенін іс-қимылмен жеткізгенді ұнатады. Рөлдік ойындарды жақсы меңгереді, мәселелерді шешу немесе затты түсіндіру үшін бүкіл денесін қолданып, жеткізеді. Әуен-дыбыстық интеллект - әуен дыбыстарын жақсы меңгерген. Музыкалық аспаптарда ойнауға ебі бар, Өлең айтып, ән айтып жүреді. Жаттау қабілеті жақсы дамыған. Тембр мен ритмді ұға отырып, әуен ырғағын жақсы таниды. Тұлға аралық интеллект - адамдармен қарым-қатынаста болғанды қалайды. Кіші мектеп жасындағы бала өзіне назар



аударғанды ұнатады. Басқару қабілеті бар. Басқа адамдарды тани алады және олардың сезімдерімен бөлісе алады. Ішкі тұлғалық интеллект – ішкі дүниесін өте жақсы дамытқан. Жалғыздықты ұнатады. Топ ішінде өзін ыңғайсыз сезінеді. Натуралистік интеллект – табиғатқа деген көзқарасы өзгеше. Жәндіктер мен өсімдіктерді зерттегенді ұнатады. Табиғат аясында өзін еркін ұстайды. Өсімдіктерді зерттеп келіп, түсінігін айтып беру туралы тапсырма беруге болады. Қоршаған ортаны қорғап, қолдау көрсетеді.

Бастауыш класс мұғалімдерінің педагогикалық тәжірибесін талдау барысында Г.Гарднердің теориясында сөз етілген, әр оқушының ерекше қабілетті жақтары болатындығы, олардың танымының өзіндік мәнері және түрліше танымдық әлеуетке ие екендігі жөніндегі тұжырымдардың растығына көз жеткіземіз.

Көп салалы интеллект теориясы оқушылардың түрлі қабілеттерін есепке ала отырып, оқытудың тиімді әдістері мен стратегиясын құру тәсілдерін ұйғарады. Г.Гарднер теориясын оқытуда қолдану тәсілдері сан алуан: бұл жеке немесе топтық жоба болуы мүмкін, орталықтағы жұмыс (әр орталық интеллектінің әр түріне сай келеді), бағдарламалық тақырыпты ерекше үлгіде жоспарлап ұғындыру.

Ең бастысы – оқушының өзі қалайтын, өзіне жақын әрі ыңайлы тәсіл арқылы тануына, жаңа материалды меңгеруіне мүмкіндік беру болып табылады. Оқушылардың түрліше қабілеттерін ескеру мүмкіндігі, сонымен қоса бір материалды ұғындырудың сан алуан түрлерін қолдану мүмкіндігі туындайды.

Интеллектінің әр аталған түрін оқыту үрдісінде дамыту оқу іс-әрекетінің сәйкес тәсілдерін қолдануды ұйғарады. Мәселен, вербальді-лингвистикалық интеллектіге ие баланы дамыту үшін, сабақтағы ең жағымды оқу іс-әрекеттерінің түрлері - оқу, сөздікпен жұмыс, тіл дамыту, күнделік жүргізу, диктант, мазмұндама, шығарма жазу, өлең шығаруға ұмтылыс, оқу пікірталастары мен ойбөлістер, хат жазу, сабақ барысында әзілді, ертегілерді, тарихты кірістіру болып табылады.

Логика-математикалық интеллектілі оқушыны дамыту үшін түрліше қызықты есептерді, логикалық ойындарды және басқатырғыларды, тапқырлық пен алғырлықты қажет ететін есептерді қолданған дұрыс.

Бейнелі-кеңістіктік интеллектіге ие балалардың дамуы оқу үрдісіне бейнелеу, мүсіндеу элементтерін қосуды, оқылатын нысандардың кеңістіктік модельдерін жасауды, белсенді қиялдау, фантазиялау, ойша эксперименттен өткізуді, көрнекі құралдарды, бейнематериалдарды кірістіруді ұйғарады.

Іс-қимылдық интеллект оқу үрдісіне рөлдік ойындарды, сахналауды, дене жаттығуларын, би элементтерін, дене қимылдары тілін, спорттық және өзге де қозғалыс ойындарын кірістіру барысында дами алады.

Әуен-дыбыстық интеллект музыкамен, ән айтумен, аудиоматериалдарды, табиғи дыбыстарды қолданумен байланысты оқу-ойындық іс-әрекет барысында толық танылады.

Тұлға аралық интеллект кішігірім топтарда, командалық жұмыстарда, топтық жобаларды орындауда, өзара оқыту кезінде жақсы дамиды.

Ішкі тұлғалық интеллектілі оқушыны дамытуға оқытудың жеке тұлғаға бағдарланған әдістемелері арқылы, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау, және өзін-өзі бақылауды дамыту тәсілдері көмегімен, медитация тәсілдерін қолдану және рефлексивті ойлау мен метатанымға қабілеттерді қалыптастыру, оқушылардың ішкі түйсігі қабілеттерін дамыту арқылы қол жеткізуге болады.

Көп салалы интеллект теориясы бойынша дәстүрлі оқу сабағын алдын ала тапсырма арқылы бастауға болады: өткен материалды қайталау, ұсынылған материалдағы оқиға барысының мүмкін нұсқалары жөнінде оқушылардың пікірлерін айтқызу.

Одан кейін іштей оқу немесе мәтіннің лексикасы мен мәнін талқылай отырып дауыстап оқу жалғастырыла алады.

Мәтінді түсінуге байланысты келесі тапсырмалар жеке немесе топпен орындала алады. Тапсырмалар таңдаулары бойынша беріледі: суреттеме хат, карта не сурет салу тапсырмасы, материалды сахналау, диалог құрастыру, оқиғаларды уақыт сызығы бойынша ұсыну, ән жазу немесе мазмұнын айту. Бұл жаттығулардың мақсаты интеллектінің белгілі бір түріне үйрету емес, керісінше, оқушы үшін ең қолайлы әдіспен оның өзін-өзі таныта білуіне және жаңа ақпаратты жеткізе білуіне мүмкіндік туғызу болып табылады.

Г. Гарднер теориясы білім беру ісіне ерекше әсер етті. Ол пән мұғалімдерін адамның когнитивтік қабілеттерін ұғыну үшін кең ауқымды мүмкіндіктермен қамтамасыз етті. Аталған теория оқыту үрдісіне төмендегідей жолдармен ықпал етеді: мұғалімдер өздерінің интеллектуалдық қабілеттері мен оқыту әдістерін сын тұрғысынан бағалай алады, оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін жақсы тани алады, интеллектінің белгілі бір түріне немесе интеллектілер комбинациясына сай оқытудың тиімді әдістерін қолдана алады. Көп салалы интеллект теориясының негізгі тұжырымдық



қағидаларын есепке ала отырып, мұғалімдер сан алуан білім көздерін пайдалана отырып жоспарлай алады, жаттығулар мен тапсырмаларды құрай алады, үздіксіз білім үшін қажетті оқыту стратегиялары туралы білімді оқушылар бойына сіңіре алады, дәстүрлі тест сұрақтарының орнын бақылаудың көптеген түрлерімен алмастыра алады.

Білім көзі – бастауышта. Жан-жақты тұлғаны дамыту бойынша іздену, білімімді тұжырымдау, қолдану барысында ой түйе аталған әдіс-тәсілдерді іс-тәжірибемізде әлі де жетілдіру қажет деген ойға жетелейді. Өз іс-тәжірибемізді сана сүзгісінен өткізіп, іс жүзінде қолданып, сыни тұрғыдан талдап, бағалап, кәсіби тәжірибемізді өзгертуге ұмтыламыз.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауы: «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір келешек».
2. Харламенкова Н.Е. Психология личности. – М., 2003
3. Беляев Б.В. Очерки по психологии обучения иностранным языкам. 2-е изд. Пос. Для преподавателей и студентов. – М.: Просвещение,. 1965. – 227с.
4. Педагогический поиск.- М.: Педагогика, 1990. – 560с.

#### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ

**ЖАРМАҒАНБЕТ Рымкеш Уахитқызы, АЛМАБАЕВА Нургайша Махаметшариевна**

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті КЕАҚ

Алматы, Қазақстан

zharmaganbet.r@kaznmu.kz, ANMNuri@mail.ru

#### Аннотация

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген басты бағыттарды жүзеге асыруда университет қызметкерлерінің мақсаты жалпы адамзаттық құндылықтар мен бәсекеге қабілеттілік, салауатты прагматизм, креативті және кәсіпкерлік ойлау арқылы қазіргі заманғы сын-тегеуріндер негізінде белсенді өмірлік стратегиясымен әрбір тұлғаның өзін-өзі танытуына бағытталған білім алушылардың азаматтық сана-сезімінің өзгеруіне ат салысу болды.

Елімізде медицина мамандарын дайындайтын жетекші білім ордасы, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің, 90 жылдық бай тарихында, киелі қара шаңырақтан ұшып қанаттанған түлектерін, шет елдерде, кең байтақ жеріміздің кез-келген ірі орталықтарымен қатар, шалғай ауыл-аймақтардан да кездестіруге болады. Олар өз кәсібінің білікті маманы ретінде адамдарды емдеп, аянбай абыройлы қызмет атқаруда. Өз саласында терең білім алуды қажет ететін арнайы жоғарғы оқу орны болса да, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, жоғары мәдениетті, жан-жақты, әр түрлі бағыттар бойынша өзін қосымша жетілдіруге, үздіксіз білім алуға дайын, бәсекеге қабілетті жоғары білікті болашақ медицина мамандарын дайындайтын білім ордасы жаңа бастамаларға қолдау көрсетіп отырады.

Білім алушылардың санасын рухани жаңғыртуға білім ордасының бай мәдени мұрасы елеулі әсер етеді. Ежелгі және орта ғасырлық медицинаның негізгі кезеңдері, ұлы қыпшақ әл-Фарабидің медициналық мұрасы, қазақ халық медицинасы, XIX ғасырдан бастап осы күнге дейінгі мемлекеттік медицинаның дамуы мен ҚазҰМУ тарихын көруге болатын университет мақтанышы ҚазҰМУ тарихи мұражайы, "Мәңгілік ел" кешені, Даңқ залы, Студенттік арена, «Concordia» театры, 10 атаулы аудиториялары, Батырлар аллеясы, Өмір аллеясы, Ибн Сина, Гиппократ, "Атамұра" алаңдары, "Ұстазыма", "Жанашыр" мемориалдық кешендері, "Жыл жетістігі", "Игі істер" аллеялары болып табылады.

Мемлекетіміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан кезде жаһандық жаңғырумен қатар рухани жаңғыруды тең ұстау – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі, оның негізі білімде, ал білім мен тәрбие құстың қанатындай егіз ұғым. Соған сәйкес, заман талабына сай алдағы уақытта университетті тек қана жетекші білім ордасы ретінде ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанның басты ғылыми-зерттеу институттарын біріктіретін жетекші медициналық және ғылыми орталыққа айналдыру үшін барлық жағдай жасалуда. Қазіргі білім алушы жастарға сапалы және терең білім берумен қатар, өнегелі тәрбие беру мақсатында олардың тұлға ретінде қалыптасып, көшбасшылық және бойындағы басқа да қабілеттерін ашуда қолдау көрсетіліп жатқан жұмыстарға тоқтала кетейік.





Рухани жаңғыру бағдарламасының мақсатына сай қоғамдық сананы өзгертіп, рухани тұрғыда жаңғыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес, оған тәлімгерлер, жастар саясаты басқармасы, студенттік үкімет ат салысуда. Өткізілетін іс-шаралар жоспарлағанда, алдын-ала студенттік үкімет мүшелерімен талқыланып, олардың ойлары мен қызығушылықтары ескеріледі. ПОҚ-нан бағдарламаның мәні мен құндылықтарын терең түсініп, білім алушыларға жеткізе білетін спикерлер ортасы қалыптастырылған, сол қатарға студенттік ұйымдар арасынан еріктілер тартылуда.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыруда университетте білім алушылардың оқу мен ғылымда жеткен жетістіктері үшін ынталандыру мақсатында С.Ж.Асфендияров, М.Маметова, А.Н.Сызганов, А.И.Авенирова, Б.С. Михайлов, М.С. Саулебекова, К.А. Абдуллин, К.Р. Амрин, А. Ақанов, Қ. Тулебаев атындағы *атаулы шәкіртақы* және «*Университет үміті*» конкурсы тағайындалған.

Университетте білім алушылардың іскерлік сауаттылығын арттырып, тұлғалық қасиеттерін жетілдіруде және жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша кешенді шараларды іске асыру мақсатында Фармация, Стоматология және Денсаулық сақтау мектептерінің оқу үдерісіне «Кәсіпкерлік негізі» пәні енгізілген, сонымен қатар «Өз ісімі» атты кәсіп бастау және жоба жасау тренингтері ұйымдастырылады.

Әлемнің 36-дан астам елінің студенттерін біріктіретін ENACTUS жаһандық ұйымы бастамалар мен кәсіпкерлік рухты дамыту үшін мүмкіндіктерді жасайды, бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатуға бағытталған қазіргі жастардың ойлары мен ұсыныстарын қолдауда, соның аясында әртүрлі жобалармен айналысатын, құрамы 20 адамнан тұратын ENACTUS командасы құрылып, біршама жұмыстар жасалып жатыр.

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Нұры, сырын көруге, көкірегінде болсын көз» деп ғұлама ойшыл Абай атамыз айтқандай, білім алушылардың зиялы қауым өкілдерімен сұхбаттасып, өнегелі өмірінен үлгі алу мақсатында ұйымдастырылған «*Ұлы тұлғалармен кездесу*» жобасы бойынша медицина және денсаулық сақтау саласының қайраткерлерімен кездесулер өткізіліп тұрады: академик, ҚР мемлекеттік сыйлығының екі рет лауреаты, Қазақ тамақтану академиясының президенті, денсаулық сақтау министрі *Т. Шарманов*, профессор *Ж.Мустафина*, фармацевтика ғылымының докторы, профессор *К.Ушбаев*, профессор, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты *Е. Абылқасымов*, уролог, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері *М. Алчинбаев*, ғалым-дәрігер, Халықаралық денсаулық сақтау бойынша білікті маман *А. Шарманов*, фармац.ғ.д., Қырғыз Республикасы денсаулық сақтау министрі *К. Чолпонбаев*, академик, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері *С.Ақишулаков*, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР денсаулық сақтау министрі *В. Девятко*, ҚР денсаулық сақтау министрі *Е.Біртанов* және сонымен қатар қоғам қайраткерлері *А. Байменов*, мәдениеттанушы-ғалым *М. Әуезов*, ақын, тілтанушы *О.Сүлейменов*, көрнекті музыкант, беделді халықаралық және мемлекеттік марапат иегері, Қазақстанның халық артисі *Ж. Аубакирова*, Қазақстан ғарышкері, Халық қаһарманы *А. Айымбетов*. Медицина саласында өз қолтаңбаларын қалдырған ардагерлеріміз дәстүрді сақтап, ұрпақтар сабақтастығын дамытып, ұлттық бірлікті нығайтуда қолғабыстарын тигізуде.

Білім алушылардың рухани дамуы мен қайырымдылықты дәріптеуде «*Мейірімді істер эстафетасы*» жобасына білім алушылар, қызметкерлер мен профессор-оқытушылар құрамы белсене қатысып, өз жемісін беруде.

Еріктілер жылына орай студенттік ұйымдардың белсенділерінен жасақталған «*ҚазҰМУ еріктілер лигасы*» және «*Қазақстан медицина жастары*» еріктілер ұйымдарының қызметі жанданып, мәртебесі артып, белсенді жұмыс жасауда. Университетте еріктілер қозғалысының дамуы арқылы қоғамға қызмет ету мәдениеті қалыптастырылып, түрлі қайырымдылық жобалар жүзеге асырылады, оның ішінде, Республикалық қан орталығымен бірлескен «*Қан тапсыру күні*» әлеуметтік акциясы, тұрғындарға тегін кеңес беру және медициналық қызмет көрсету мақсатында клиникалық базаларда университет кафедраларының ұйымдастыруымен «*Ашық есік күндері*», қазіргі қиын-қыстау кезеңде карантиндік орталықтарда және коронавирустың таралуының алдын алу бойынша еріктілердің жедел штабында (StopCovAlmaty) карантинге мұқтаж қала тұрғындарына көмек көрсету үшін университеттің жоғары курс студенттері (интерндер мен резиденттер) жұмыс істейді. Олар дәрігер-инфекционистерге көмектеседі, қараусыз қалған мұқтаж азаматтарға медициналық құралдарды және азық-түлік себетін таратады.

«*Қазақстанның киелі жерлеріне студенттік бағыт*» жобасы бойынша білім алушыларды Алматы қаласының тарихы, киелі орындарымен таныстыру мақсатында жергілікті тарихи-мәдени орындарға саяхат ұйымдастырылды: қаланың мұражайларына, Райымбек батыр мавзолейі, «Боралдай сақ қорғаны» археологиялық саябағына және т.б.

Білім алушыларды ұлттық салт-дәстүр салтанат құратын, ұрпақ ұлағат алатын, өнер, мәдениет көрініс табатын қазіргі заманғы өнер қайраткерлерінің шығармашылығымен таныстыру мақсатында дәстүрлі түрде бірінші курс академиялық топтарының тәлімгерлерімен бірге қаламыздың театрларына бару ұйымдастырылады.



«Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі» арнайы жобасы бойынша жаңа қазақ әліпбиін насихаттауға, латын негізді қазақ әліпбиін практикалық тұрғыдан меңгеруге дағдыландыруға бағытталған «Біз латын әліпбиімен жаза аламыз» атты жалпы университеттік студенттік акция және Алматы қаласы медициналық оқу орындарының ПОҚ-ы мен білім алушыларының қатысуымен «Латын әліпбиі – жастар болашағы» атты дөңгелек үстел өткізілді.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы шет тіліндегі кітаптарды қазақ тіліне аудару білім алушылардың ана тілінде жалпы толыққанды білім алуына оң әсерін тигізді және қазақ тілінде терминдер көлемінің ұлғаюына пайдасы мол.

Жастар ортасында елдің дамуына өз үлесін қосқан табысты адам бейнесін ілгерілетуге бағытталған еліміздің медицина және денсаулық сақтау саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізген «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасының жеңімпаздарымен (дәрігерлермен) кездесу ұйымдастырылды. Іс-шара қонақтары болашақ дәрігерлерді кәсіби маман ретінде қалыптастыруға, ғылым мен инновацияларға қызығушылық танытуға, белсенді азаматтық ұстаным мен патриотизмге тәрбиелеуге ынталандыратын "Рухани жаңғыру" бағдарламасы туралы айтып берді. Сонымен қатар, олар Қазақстан медицинасын жетілдіру, сондай-ақ жоғары білікті және бәсекеге қабілетті маман болу үшін маңызды рухани және кәсіби қасиеттер туралы өз ойларымен бөлісті.

«... ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр» деп ұлы жазушымыз М. Әуезов жазғандай, қоғамда болып жатқан өзгерістер, білім алушыларды ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, үлкенді сыйлау, кішіге құрмет көрсету, яғни инабаттылыққа, отбасы құндылығын сақтауға тәрбиелеу және мәдениеттілікке, тазалыққа баулу мақсатында жасалып жатқан мәдени іс-шаралар, әрине, олардың зияткерлік, мәдени өсуіне ықпалын тигізеді, бірақ бұл үдеріс, үздіксіз жетілдіруді қажет етеді.

Қорыта келгенде, ғұлама ойшыл әл-Фарабидің «тәрбиесіз алынған білім-адамзаттың қас жауы» деген накылын ескере отырып, цифрландыру заманында жаңа инновациялық технологияларды қолданып, білім мен тәрбие ұштастырылып, ұлттық кодты сақтай отырып, ұлттық тұрғыда жаңғырған, жаңашыл ел жастарының мәдениетін арттыру парызымыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай // Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ: Өлеңдер – Алматы, 1990. -99б
2. Константинова Н.А. Об организации воспитательной работы со студентами вузов в свете болонского процесса // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2009. – № 5. – С. 136-0;
3. Н.Назарбаев // Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру: мақала – Астана, 2017
4. С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша есебі» – Алматы, 2019.

### ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҚ ОРТАДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ МЕН МОДЕЛІ

#### ЖОЛДАСОВ Аян Темірбекұлы

Ғылыми жетекші: Жақишева Сауле Аукеновна, т. г. д., профессор

Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті

Алматы, Қазақстан

alash\_azamaty92@mail.ru

Қазіргі ақпараттың дамыған ғасырында электронды кітапханалардың даму перспективаларын жан-жақты қамтамасыз етіп отыруға болады. Себебі ақпараттық технологиялар мен әртүрлі ақпарат алмасу, өңдеу және жинақтау саласындағы сапалы өзгерістер ақпараттық ресурстарды сақтау орындарының құрылуына, олардың ұйымдастырылуына сонымен қатар қолданушылардың қол жеткізуіне байланысты түрлі мәселелердің шешімін табуға және жаңа тәсілдер ойлап табуға әкелді. Жалпылама мұндай тәсілдер «цифрлық» немесе «электронды кітапханалар» ретінде түсіндіріліп, қазіргі уақытта дағдылы әдетке айналды. Бұл тәсілдердің дамуы ХХ ғасырдың соңынан бастау алды. Электронды кітапханалар күрделі үлестірілген ақпараттық жүйе ретінде әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеудің жаңа мүмкіншілігін береді және ғаламдық таратылған білім қоймасының негізі ретінде қарастырылады.

1990 жылдан бастап сандық кітапханалар (электронды кітапханалар) және электронды баспалар біртіндеп жеке энтузиастардың экзотикалық қызметінің нысаны бола бастады және дәстүрлі



кітапханалар мен баспагерлерге ене бастады. Бұл үдерістің катализаторлары техникалық жаңашылдықтар (дербес компьютерлер, Интернет, веб), сондай-ақ жоғары сапалы ақпаратты алуға әртүрлі пайдаланушылар қоятын жаңа талаптар болды. Жаңа кітапханаларды құру кезінде туындайтын қиындықтардың басым бөлігі техникалық сипатқа қарағанда әлеуметтік, экономикалық және заңды болып табылатындығында.

Сандық кітапханаларды дамыту бойынша әртүрлі мамандықтағы адамдар жұмыс істейді - дәстүрлі кітапхана қызметкерлері де, кітапхана немесе баспамен байланысты емес адамдар да осы жақтан табылатындығы даусыз. Интернеттің пайда болуы жаңа мамандық әкелді. Яғни электрондық ақпарат саласындағы зерттеулер дербес пәнге айналды, оның аясында компьютерлер саласындағы мамандар, экономистер, әлеуметтанушылар, заңгерлер және кітапхана қызметкерлері бірлесіп жұмыс істейді. Бұл ынтымақтастықтың пәнаралық сипатын да ерекше атап өту қажет.

Электронды кітапхана туралы осы саладағы зерттеушілердің көпшілігі Интернетке ағымдағы ақпарат көзі ретінде сүйенуге үйренген, бірақ көпшілігі әлі күнге дейін әдеттегі жарияланымдарға сүйенуге бейім. Инновациялар, зерттеулер туралы хабарламалар мен мақалалар конференцияларда баяндалады және журналдарда кеңінен жарияланады; бұл материалдардың көпшілігі интернетте шектеусіз қол жетімді болады.

Өркениет өріне құлаш сермеген еліміз цифрландыру үдерісіне баса назар аударуда. Осы бағытта «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қабылданып, жүзеге аса бастады. Расында да, цифрлық технологияның уақытты тиімді пайдалануға, істі ілгерілетуге көп көмегі тиетінін күнделікті өмірде көріп те жүрміз. Ал, электронды кітапхананың мүмкіндігін біз қаншалықты пайдаланып жатырмыз? Соңғы кездері «Жастар кітап оқымайды» дегенді жиі айтамыз. Өскелең ұрпақтың алтын уақытын кітапқа арнағаннан, компьютер мен ұялы телефонға көп бөлетініне алаңдадық. Енді, кітапты жастарға өздері қалаған техника тілімен жеткізу мүмкіндігі туды[1].

Қазақстан Республикасындағы ең көп сұранысқа ие әрі бірегей қолжетімді <http://kaztube.kz/ru/books> ресурсы болып табылады. Оның басты үстемдігі, портал өзін эксклюзивті отандық контентті қолдайтын бағытта жұмыс істейтін ресурс ретінде көрсетеді. Сонымен қатар Интернетте мемлекеттік тілдің дамуын қалыптастырып келеді. Порталдың қызметінің негізгі бағыты болып Қазақстанның мультимедиялық контентін жинайды. Қазақстандық Интернет-теледидарды, радионы қалыптастырады.

<http://www.bibliorossica.com> бұл заманауи зерттеушілер, оқытушылар мен студенттерге арналған электронды-кітапханалық жүйе. Мұнда маңызды ғылымдар бойынша және оқу әдебиеттер топтамалары жинақталған. Ал <http://www.aldebaran.ru/> Альдебаран - көркем әдебиет, оқулықтар және техникалық әдебиет, детектив, қиял-ғажайып жанрдағы кітаптар, орыс және шетел әдебиеті, өлеңдер мен поэзия, махаббат туралы романдар, балалар әдебиеті жинақталған ірі online электронды кітапхана болып табылады. <http://www.online.ru/sp/eel/russian> Евгения Пескиннің кітапханасы жеке әдеби жинақ болып табылады, мұнда әдеби шығармалардың электронды мәтіні топтастырылған. <http://www.encyclopedia.ru/> "Мир энциклопедий" –орыс тіліндегі энциклопедиялар және басқа анықтамалық басылымдар (энциклопедиялар, энциклопедиялық сөздіктер, анықтамалықтар) мекенжайының таптырмас құралы болып келеді. <http://libraries.allbest.ru/> көркем әдебиеттер каталогы (27000 кітап). Детективтер, ғұмырнамалар, балалар әдебиеті, поэзия, қиял-ғажайып шығармалары, тарих, шытырман оқиғалар, әзіл, классика, проза, психология.

<http://www.litportal.ru/> іскерлік кітаптар, детективтер, балалар әдебиеті, құжаттық әдебиет, драматургия, классика, тарих, компьютерлер, медицина, білім, саясат, поэзия, шытырман оқиғалар, проза, психология, дін, сөздіктер, философия. <http://alergia.net/> ақпараттық ғылымдар, философия және психология, сенім мен дін, қоғамдық ғылымдар, тіл және лингвистика, жаратылыстану ғылымдары, қолданбалы ғылымдар, өнер және ойын-сауық, көркем әдебиет. <http://www.arsasiatica.com/> Шығыс мәдениеті. <http://www.lib.com.ua/> астрологиядан кітаптар, детективтер, шытырман оқиғалар, саяхат, саясат, қуғын-сүргін туралы кітаптар, психология, классикалық әдебиет, компьютерлік құрылымдар, құжаттар, бағдарламалар тілі, философия, әртүрлі тақырыптағы ең қызықты энциклопедиялар, медициналық кітаптар, әдістеме құралдары, халық емшілігі.

<http://www.ekniga.com.ua/> әдеби ақпараттық-іздеу жүйесі - каталог.

<http://www.klassika.ru/> классикалық поэзия мен прозаға арналған кітапхана.

[http://citycat.ru/litlib/cbibl\\_.html](http://citycat.ru/litlib/cbibl_.html) Бориса Бердичевскийдің кітапханасы: Майн Рид, Льюис Кэрролл, Габриэль Гарсия Маркес, Рустам Ибрагимбеков, Шолом-Алейхем... шығармалары. <http://ilibrary.ru/> Алексей Комаровтың кітапханасы - көркем әдебиет классиктерінің кітаптары. <http://www.cfin.ru/> "Корпоративті менеджмент" – жоба компанияларды басқару, инвестициялар мен маркетингтер туралы әдістемелік және талдау ақпараттарын жинау және ұсыну үшін бағытталған. Материалдар арасында зерттемелік мақалалар, нақты кәсіпорындардың, басшылардың бизнес-



жоспарлары, сілтемелері. <http://www.bukvaved.com> ірі таңдаулы бөлімді әдебиеттер кітапханасы: тарих, классика, поэзия, дін, аудиокітаптар. <http://bookz.ru/> электронды кітапханадан кітаптардың, анықтамалықтардың, журналдар мен сөздіктердің электронды нұсқасын тегін жүктеп алуға болады. «Жаңалықтар» бөліміне жазылып, сіз жаңа түскен басылымдар туралы хабардар боласыз. <http://modernlib.ru/> портал шетел және орыс тілдерінде белгілі.

<http://www.zipsites.ru> жаратылыстану мен қоғамдық, қолданбалы ғылым, әдебиеттану, техникалық, медициналық және басқа әдебиеттер орналастырылған. Ұялы телефондарға, смартфондарға арналған тегін java кітаптар. 2000 артық авторлар, 8000 артық атаулар, наименований, көлемі 8 Гб кітаптар. <http://mybook.ru> көп көлемді классикалық және қазіргі заман әдебиетіне қол жеткіздіретін кітаптар клубы, қрамына әртүрлі жанрдағы жаңа әдебиеттер енгізілген: көркем әдебиеттен бастап ғылыми-көпшілік әдебиетпен іскерлік әдебиетке дейін. 20 әртүрлі жанрдан 40 мыңнан артық атаулар. <http://book-online.com.ua/> электронды кітапхана. Үлкен әртүрлі кітаптар таңдау мүмкіндігі. Көркем әдебиет, оқулықтар, іскерлік әдебиеттер, анықтамалықтар. Тегін, әрі тіркеусіз. <http://tululu.org/> txt, jpg көлемдегі кітаптарды тегін және тіркеусіз жүктеуге болатын қызмет[2].

XXI ғасыр мәдениет пен ақпарат заманы екені бүгінде әлемдегі барлық адамзатқа белгілі. Қай қоғамның тұрақты дамуында болмасын мәдениеттің алар орны өте ерекше, дәл сол рухани мәдени тынысымыздың ордасы кітапхана. Кітапхананың алдыға қойған өзекті мақсаттарының бірі оқырмандарды дәстүрлі кітап пен электронды кітап құндылығына тең бағыттау, ақпарат және оқу мәдениетіне, кітапқұмарлыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. Бұл бағытта кітапханалар жүйелі түрде жұмыс жасауы тиіс.

Технологияның күн сайын үздіксіз дамып, өзгеріп, жанданып жатқан ақпарат заманында өмір сүру – күрделі дайындықты талап етеді. Осындай ақпараттық кеңістікке инновацияланған кітапхананы дайындау бүгінгі күннің заман талабы. Сондықтан да біз әрқашан да пайдаланушылар үшін қызықты да тартымды, жан жақты болуға тырыса отырып, өз кезегінде кітапханаларымызды қазіргі заман талабына сай өзгертуіміз қажет. Осы жолда шетелдік тәжірибелерді бақылап, керегінше өз тәжірибемізге енгізгеніміз жөн.

Мысалға, ИФЛА-да «Кітапхана ғимараттары мен жабдықтары» атты арнайы секция жұмыс істейді, ол жобалауды, құрылысты, жабдықты, технологиялық процестер мен қызмет көрсетуді, ғимаратты тұтас мәселе ретінде қарастырады және осы бағыттағы әлемдік тәжірибені жинақтайды. Соның ішінде «Интеллектуалды кітапхана ғимараты» атты жобасын тұжырымдасақ, ғимарат- жалпы кітапхананың барлық функцияларын орындау үшін автоматтандырылған технологияларды енгізуді білдіреді. Яғни, техникалық қызмет көрсету және қауіпсіздікті компьютерлерге беру. Ондағы 3D-форматтағы құжаттардың көшірмелерін, ілеспе экспонаттарды, интерьерлерді шығаруға мүмкіндік беретін заманауи технологиялар көрмені ұйымдастыру мүмкіндіктеріне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Виртуалды көрмелер кітапханаға қосымша тартымдылық пен пайдаланушыға уақыт бөлігінен жасырын экспонаттармен танысуға мүмкіндік береді. FingerLink-бұл баспа кітабының барлық сандық функцияларын қамтамасыз ететін прототип. Ол қолданушы саусағы тигенде, интерактивті сенсорлық экран шығарады, онда мәтіннің қажетті бөлігін сандық формаға ауыстыра алады. Қорыта келе айтарым, заманауи ақпараттық технологиялар кітапхана дамуының стратегиясы мен тактикасын анықтайтын құрал екеніне көзіміз жетті, ал еліміздегі кітапханалар қаржыландыру мәселесіне байланысты кейіндеп қалып отыр. Уақыт талабына сай қатаң түрдегі қаржыландыруды қолға алсақ, соған сай кітапханалар жаңаша қызмет көрсетіп, даму дәрежесі бүгінгі күннен әлдеқайда арттар еді. Кітапхана жұмысында жаңа технологияларды қолдану – кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырмандар санын толықтырып, рухани құндылықтарымызды қолжетімді деңгейде пайдалануына игі ықпалы болары анық. Заман талабы да осыны міндеттейді[3].

Жалпы, қазіргі элетронды кітапханалардың өз жұмыстарының сипаты мен мазмұны жағынан үлкен өзгерістер жолына түсіп отыр. Ақпараттық жұмыстардың жаңа тәсілдерін іздеу, кітапхана жұмыстарының жүйелеріне автоматтандыру мен жаңа ақпараттық технологияны енгізу білікті кадрларға жауапкершілік маңыздылығын күшейте түсуде.

Бүгінгі таңда кітапхана жұмыстары электронды форматқа көшіріліп, автоматтандыру жұмыстары айрықша орын алуда. Автоматтандырудың әсерінен әрқашан өзгерістер болып отыратыны сөзсіз. Бұл өзгерістер тек еңбек, структуралық еңбек процесінде ғана емес, бірақ мұнда квалификациялық деңгей мен білім деңгейіне деген талап ету өзгереді. Бұл себептермен тығыз байланысқан тағы бір өте маңызды сұрақ туады, ол нормативті кітапханашының жұмысын автоматтандыру технологиясының енгізілу жағдайларына сәйкестеу. Кітапханалық – библиографтық қызмет көрсетуді автоматтандыруды, яғни жаттанды және анализ өзгерістерін, кітапханалық функцияны оқып білудің өте қатал да, маңызды проблемасын туғызды. Осы тенденцияларды



бақылауға ала отырып, осы және басқа да есептеулерге дұрыс араласуға, әрдайым дұрыс шешімін табуға мүмкіндік береді.

Өмірдегі барша құбылыс – уақыттың, мезгілдің билігі мен әміріне тәуелді. Осынау ақиқаттың қисыны, жөнімен алып қарайтын болсақ ХХІ ғасыр еліміздің кітапханатану ғылымы дамуының жаңа бір кезеңінің басталуы ретінде есте қалғалы тұрғандығы жасырын емес. Себебі адамның жанына аса зор рухани азық беретін бұл саланың бұлайша жаңа міндеттер биігіне көтерілуі уақыт талабы мен замана көші дейтініміз хақ. Егеменді еліміздің өмірлік қажетіне қызмет ететін кітапханалар жүйесі әлі талай кезеңді бастан кешіреді [4].

Бұл жағдайда ақпарат қоғам мен кітапхананы әлеуметтік институттар ретінде дамытудың маңызды ресурсы ретінде, оны жинауды, өңдеуді, сақтауды, таратуды және әлеуметтік қызметтің әр түрлі салалары мамандарының үнемі күрделенетін ақпараттық қажеттіліктерін толық және уақтылы қанағаттандыру мақсатында пайдалануды қамтамасыз етеді.

Телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, оларды еліміздің кітапханаларына, ақпараттық және медиаорталықтарына енгізудің ауқымдылығы бір жағынан, тұтынушылардың әлемдік ақпараттық ресурстардың барлық түрлеріне еркін қол жеткізу мүмкіндігін негіздейді, ал екінші жағынан, электронды кітапханалық-ақпараттық еңбектің мазмұны мен сипатын өзгертеді. Кітапхана мамандарын рутиндік операцияларды орындаудан босату оларға бұрын кітапхана ісін жүргізудің дәстүрлі мүдделері саласында болмаған проблемаларды тиімді шешу үшін қажетті жаңа кәсіби біліктер мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ғылыми-зерттеу жұмысы ғаламдық желідегі электронды кітапханалар ресурстарын бағалаудың және теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық зерттеулер жүргізу негізінде оларды шешудің ең тиімді жолдарын іздеудің маңызды құралы болып табылады. Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және өткізу қызметтің ортақтығы, материалдық-техникалық база, кадрлардың кәсіби-біліктілік құрамы және тұтынылатын ресурстардың сипаты негізінде бірыңғай тұтас біріктірілген экономикалық бірліктердің жиынтығы ретінде электрондық кітапханалар-ақпараттық саланы дамытуға оң әсер етеді [5].

Ақпараттың есепсіз көбейген кезінде, кітапханалар елдің бірыңғай ақпараттық және мәдени кеңістігін құруда, өңірлердің шет елдермен тікелей ақпараттық байланыстарын орнатуда, қазақстандық және формациялық ресурстарды Халықаралық ақпараттық желілер мен деректер банктеріне интеграциялауда негізгі буын бола алады және болуы тиіс.

Электронды кітапханалардың негізгі мақсаты құндылықты заманауи тұрғыда тұтас көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Бұл кәсіби мамандар үшін де, әуесқойлар (дилетанттар) үшін де құнды дерек көзі болады. Ал кәсіби мамандар осы саладағы бүгінгі көшбасшылар істің жай-күйін, зерттеу нәтижелерін, ұзақ мерзімді үрдістерді бағалай алады. Әуесқой оқырмандар болса кітапхана мен баспалардың жаңа буынына апаратын осы бастамамен таныса алатын болады.

Яғни электронды кітапхананың ақиқаты - бұл адамдардың, ұйымдардың, жабдықтар мен технологиялардың өзара әрекеті. Кітапханалар мен баспагерлер осы жаңа технологияларды қалай пайдаланады? Жеке кітапханаларды құру арқылы жеке адамдар дәстүрлі ұйымдастырушылық құрылыммен қалай айналысады? Мұның бәрі қайда апарайды? Соңғы сұрақтың жауабы қарапайым. Бұл сандық технологияның маңызды аспектілеріне арналған: технологиялар, қосымшалар, зерттеулер. Олардың үйлесімі электронды кітаптардың өзегін құрайды.

Қазіргі кітапханалар – ақпараттық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-зерттеушілік мекеме. Кітапханашы тек қазіргі заман талабына сай технологияны біліп қана қоймай, сонымен бірге оны сауатты түрде қолданады. Әрбір оқушы жеке тұлға, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасап, ықпал көрсету кез-келген кітапхананың алға қойған мақсаты. Бұдан жарты ғасыр бұрын дүние жүзі кітапхананы тыныш, жайлы, кітап сөрелері мен каталог жәшіктері орналасқан және оқырман залында кітапқа үнілген оқырмандарға толы ғимарат есебінде көретінбіз, ал бұл күнде кітапханаларда монитор алдында отырған компьютерлі оқырмандар залы пайда болды. ХХІ ғасырдағы қоғамдық өзгерістер, қазіргі мәдени шаралар – адамзаттың ашық ақпараттық қоғамға өтуі кітапханада үлкен өзгерістер енгізуде. Заманауи технологиялар, көмегімен білім алушылар электронды кітапханаларға шыға алады, электронды кітаптар оқиды, электронды беттерді парақтайды. Мәдени шаралардың бастылары–қоғамның ақпараттануы, коммерциялануы, демократиялануы, компьютерленуі бір сөзбен айтқанда заңды түрде цивилизациялануы кітапхана жұмысын жаңа деңгейге көтереді. Ақпаратсыз білім де, ғылым да дамымайды. Сондықтан білім мен ғылымның ошағы саналатын кітапхананың маңызы жылдан жылға артып келеді. Бүгінгі күні оқырмандар талабын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітапханалардың алар орны ерекше.



### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Библиотечное дело в Казахстане. 1946-1975.- Алма-Ата,1991.- С.201-211
2. Армс В. Электронные библиотеки. М.: ПИК ВИНТИ,2001. 274 с.Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасыныңтарихы=История Национальной библиотекРеспублики Казахстан. 1-том: (1931-1990) / Ақпарат және мұрағат комитеті ; "Әдебиеттіңәлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару"бағдарламасы ; жоба жетекшісі Г.Қ. Балабекова, құраст.: К.Т.Қасымжанова, Е. Исмаилов ; ғыл. ред. А.Ш. Алтаев ; ауд. Қ.Жорабеков.- Алматы: Өнер, 2011.- 440 б.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасыныңтарихы=История Национальной библиотеки РеспубликиКазахстан. 2-том: (19912011) / Ақпарат және мұрағаткомитеті ; "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басыпшығару"бағд. ; жоба жетекшісі Г.Қ. Балабекова, құраст.: К.Т.Қасымжанова, Е. Исмаилов ; ғылыми ред. А.Ш. Алтаев ; ауд.Қ. Жорабеков.- Алматы: Өнер, 2011. 352 б.
4. Кітапхана құқы: Заң және нормативтік-құқықтық актілержинағы /ҚРҰК;Құраст.А.В.Галиева,Ж.М.Садырбаева.Алматы: ҚРҰК, 1999.-0
5. Кітапхана қызметіндегі Паблик рилейшнз: істәжірбиелік құрал / Қазақстан Республикасы ұлттық кітапханасы; құраст. Ф.Қ. Бектұрбекова.- Алматы: ҚРҰК, 2008.72 бет.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

ИЗДИНА Сағыныш Мухидуллаевна, САДУОВА Бекзат Тасболатовна

М.Жұмабаев атындағы ЖОББМ, Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ

Ақтөбе облысы, Әйтеке би селосы, Қазақстан

Andirova\_v@mail.ru

Білім берудің жаңа бағыттарының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді.

Жалпы, жаңарған мектепте оқыту құрылымы мен ұйымдастырылуы оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттеріне, рухани дамуына, олардың өмірлік жоспарларының жүзеге асырылуына бағытталған, көпвариантты және икемді болуы қажет. Сондай-ақ бұл мәселеде негізгі, орта және жоғары мектептің, өндірістің т.б. өзара сабақтастығы проблемасын ескерген жөн.

Ақпараттандыру, жаһандану жағдайындағы қазіргі білім беруді дамыту мен жетілдіруді түрлі инновацияларды енгізусіз, жаңаша оқытуға қатысты принципті бағыттар қатарын қайта қарамайынша елестету мүмкін емес. Солармен бірге, қазіргі мектептің педагогикалық процесін бүгінде қарқынды даму үстіндегі инновациялық білім беру жүйелерімен, бірінші кезекте, шығармашылық қабілетке, шығармашылық рефлексияға, шығармашылық өзін-өзі дамытуға, шығармашылық дербестікке, креативтілікке қойылып жатқан талаптарға сәйкес келуі мәселесінің қарастырылуына да үлкен мән берілуі керек.

Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту тетіктерін зерттеуге деген әлеуметтік тапсырыс креативтік проблемасының ерекше өзектілігін ескертіп отыр. Шығармашылық қызығушылықтың динамикалық даралық сипаты креативтілікте және оның негізгі көрсеткіштерінде көрінеді. Бірақ, мәселе мынада: креативтік педагогикалық, психологиялық ғылымдарда тұрақталған категориялар болып табылса да, «креативтілік» түсінігі өз пайымдауын тапқан жоқ және шығармашылық психологиясынан жеткілікті талдауын талап етеді. Креативтілік проблемасы қазіргі кезеңде зерттеліп жатқанымен, бірқатар ғылыми-зерттеу жұмысы белгілі бір дәрежеде



шығармашылықтың түрлі аспектісін қарастырғанымен, бүгінге дейін проблеманың өзіне де, оған қатысы бар түрлі қолданбалы сипаттағы сұрақтарға байланысты да бірыңғай пікір қалыптаспай отыр.

Қоғамды гуманизациялау – ХХІ ғасыр басындағы ғылыми мәселе десек те болады. Қазірдің өзінде, оның дамуының бүгінгі кезеңінде бұл тенденция адамдық фактордың анықтаушы ролімен көрсетіліп отыр. Осы фактор феноменологиясында шығармашылық қызығушылық басым және оның негізгі құраушысы болып табылады.

Сонымен, классикалық пен қазіргі жаңа парадигмалардың айырмашылығы жалпылай айтқанда, адам туралы және білім алу арқылы оның дамуы туралы мынадай іргелі түсініктердің өзгеруінде (1-кесте).

### 1-кесте - Білім беру парадигмаларының сипаттамалары

	<b>Классикалық парадигма</b>	<b>Жаңа парадигма</b>
1	Білім берудің негізгі міндеті: өскелең ұрпақты дайындау	Білім берудің негізгі міндеті: жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру жағдайын қамтамасыз ету
2	Адам - қарапайым жүйе	Адам - күрделі жүйе
3	Білім - өткен шақ тәжірибесінен («еске алу мектебі»)	Білім – болашаққа бағдар («ой-өріс мектебі»)
4	Білім беру – білім, білік, дағдылардың белгілі үлгілерін оқушыға беру	Білім беру - адам өз санасында әлем бейнесін жасау оны пәндік, әлеуметтік, рухани мәдениетпен ұштастыруы
5	Оқушы – педагогикалық ықпал ету объектісі	Оқушы – танымдық іс-әрекеттің субъектісі
6	Субъект-объектілік, педагог пен оқушының монологиялық қатынасы	Субъект-субъектілік, педагог пен оқушының диалогтық қарым- қатынасы
7	Оқушының “жауап берушілік”, репродуктивті іс-әрекеті	Оқушының белсенді, шығармашылық іс-әрекеті

Өзінің білім беру әлеуеті жағынан классикалық парадигмадан басым жаңа парадигмалардың қалыптасуы - тарихи ұзақ және қарама-қайшылықты процесс. Мысалы, ХІХ-ХХ ғасырлардың шегінде пайда болып, ерікті жеке тұлғаның, субъектінің өзін-өзі дамытуын, білім мазмұнын таңдаудағы олардың еркіндігі проблемаларын шешуге алғаш талпынған антропологиялық парадигманы қарастыруға болады. Егер классикалық модельде оқу процесінің өзегінде дидактикалық кешеннің формальді элементтері тұрып, ал оқушы табиғаты мұғалімнің тәжірибесі мен біліміне, мүмкіндіктеріне тәуелді болса, антропоцентрикалық оқу процесі үлгі бойынша қалыптастыратын - дәстүрлі оқу процесінен айырмашылығы, оқу іс-әрекетінің барлық құрылымы индивидтің өзін-өзі дамыту мақсатына бағытталғандығы.

Сонымен, креативтілік – рухани құндылықтарды жасаушы және жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі дамыту шарты бола отырып, рефлексия мен субъективтік өзін-өзі бағалау негізінде жаңа нәтижелерге жетуде шығармашылыққа қабілеттілігінен көрінетін сапалық қасиеті.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі.

Шығармашылық дегеніміз – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Тіл мен әдебиет сабақтарындағы шығармашылық іс-әрекет – мәселелі қою, ойды тұжырымдап айту, идеяның пайда болуы, оны шешу, оның логикалық дамуы, аталған мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көрінуі.

«Шығармашылық қызығушылық» ұғымының мазмұнын психологтар мен педагогтар төмендегідей сипаттайды:

- жаңалықты сезінуге деген тұлғаның сезімдері, жаңалыққа ұмтылу, ойлаудың жоғары деңгейі, жаңа жағдайға қарай әрекет түрлерін тез арада өзгерте алу қабілеті (Ю.Н. Кулюткин);
- тұлғаның шығармашылыққа бағытталған позициясы, бағыттылықтары (А.М. Матюшкин);
- индивидтің шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін көрсететін қасиет (Л.В.Занков).

Бүгінгі Қазақстанға қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл жеке тұлға қажет.



Шығармашылық сабақ – оқушылардың өзіндік танымдық әрекеттеріне мүмкіндігінше жағымды жағдай тудыратын, жаңартылған мектептегі оқу процесін оңтайлы ұйымдастыру тәсілі. Жаңа ұйымдастырушылық нысан – шығармашылық сабақтарын қолдану мұғалім қызметін оқу процесінде оқушы мен дәстүрлі сабақ талаптары арасында туындайтын қарама-қайшылықтан арылуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың білім алуында шығармашылық әрекетін белсендіруге, олардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік дамуын арттыруға байланысты мәселені шешу дидактикалық тәсілдерді өзгертуді және мұғалім

ақпаратына берілетін уақыт бөлігін азайтып, оқушының өзіндік танымдық, шығармашылық іс-әрекет уақытын көбейтуге әкелетін оқу уақытын қайта бөлуге орай қажетті жаңартулар жүргізуді талап етеді.

Өзін-өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін *рефлексия ұғымы* пайда болды (Р. Декарт, Д. Локк). Жаңа дәуір философиялық идеялары «өзіндік» және «Мен» ұғымдарына бағытталады. Жаңа құндылық - адамның өзіндік «Мен» құндылығы пайда болды.

Шығармашылық көзі – танымдық қызығушылық, интеллектуалдық қабілет, білім, ойлау стилі, тұлғалық мінездеме, мотивация және қоршаған орта. Сол себепті өз сабақтарымызда оқу мақсатына сай ұсынылатын тапсырмалардың шығармашылық сипатын арттырамыз. Өйткені, мазмұны жаңартылған бағдарламаның өзі шығармашылықты жетілдіруді көздейді.

Оқушының шығармашылық деңгейі – оның мәселені қою мен оны шешудің жолдарын табуынан көрінеді. Мұнда жаңа білімді меңгеру процесі шығармашылық ойдың қалыптасуымен және дамуымен бірге жүреді. Демек, шығармашылық ойдың нәтижесі - тек қана белгілі ұғымдарды қайталап, жаңғыртумен ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді жасау, тапсырманы орындауда жаңа жолдарды ашу.

XXI ғасыр білімін адамның шығармашылық қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің жеке тұлғалық дамуы деп түсіну қажет. Бұл - әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, жеке тұлғасы қалыптасады. Шығармашылық қызығушылық әлеуеттің дамуы жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы, оған деген өзінің сенімдерін қалыптастыру арқылы көрінеді де, өз білімін, танымын кеңейтуге негіз болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Краткий словарь иностранных слов // под. ред. О.П. Марасанова. М., 1993. 318-б
2. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. А.С. Макаренко. «Толковый словарь русского языка» // М., 2004. 288-б
3. Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2020
4. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

### **ACTION RESEARCH МҮМКІНДІКТЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ**

**ИСКАКОВА Айгерім Жарқынбекқызы**

№123 мектеп-лицейі

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Қазақстан

Aiko-1986-kz@mail.ru

«Қызықтырар ұстаз болса, қызықпайтын шәкірт болмас»

К. Д. Ушинский.

Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс- әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Талантты немесе қабілетті үнемі айқындай отырып бастауыш мектептің мұғалімдері өздерін «дарынды оқытушылар» ретінде көрсетуі тиіс (Eyre and Lowe). [ 72-бет]

Дарынды оқушылармен жұмыс жасап, олармен тыңғылықты бір нәтижеге жету үшін ең алдымен алға қарай дамыту жұмыстарын жасау керек. Баланың шығармашылық қабілетін ашу арқылы, оны салауатты өмір салтын сақтайтын, ұлтжанды, қоғам талабына сай, шығармашылық қабілеті мол,





мәдениетті тұлға қалыптастыруға болады. Дарындылықтың табиғаты шексіз әлем. Зерттеушілік, қызығушылық, ізденушілік – балаға тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға талпынып тырысушылық, тәжірибеден өткізуге және ол туралы мәліметтер жинап, қызығушылық таныту сияқты қасиеттер балаға тән мінез деп айтсақ әсте қателеспесіміз анық. Балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің бір-біріне деген ынтымақтастығы қажет. Биік танымдық қабілет, тұрмыс –тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындай бастайды екен. Сондықтан да баланы бастауыш сыныптан бастап баулу керек. Олай болса, баланың қызығушылығы мен ізденпаздығын арттыра отырып, өз ойлаған арман- мақсаттарына қол жеткізу үшін қабілеттерінің ашылуына көмектесуіміз керек.

- Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау.
- Сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, қызығушылығын жоймау.
- Өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру.

Мұғалім бала бойындағы қабілеттерді мойындауы және оны әрі қарай дамыту керек. Бұрынғы дәстүрлі сабақ пен қазіргі біздің өтіп жатқан сындарлы оқыту бағдарламасын салыстыруға келмейді. Мұғалім түсіндіреді, тыңдайды, бағалайды. Оған кедергі келтірмей, тып- тыныш тыңдау керек. Одан әрі қарай өмір сүру дайындығы қалай болмақ. Ол сол күйінде жаттанды түрде қалып қояды да, болашақта іске асыруға деген еш мүмкіншілігі болмайды.

Ал, ендігі жағдайда айтар болсақ, мұғалім барлығын өзі айтуға және өз білімін таңғалдыруға тырыспайды. Барлығын біліп тұрса да оқушының өз еркімен ізденіп, талпынғанын қалайды. Оқушы алдына проблема тастап, ойлаудың түрлі жолдарын ашады. Бағдар беріп, алға қарай жетектейді. Осыдан барып оқушы білім мен ғылымға қызыға қарап, проблеманы шешуге бел буады. Ізденіс пен қызығушылық ұштасқанда барып, нағыз білімді, өз ойын ашық айта алатын немесе еркін жеткізуге деген батылдығы бар оқушылар қалыптаса бастайды.

- Талантты және дарынды бала деген кім және оны қалай анықтауға болады?  
- деген сұрақ осы модульмен жұмыс жасауыма бағыт берді. Дарынды бала деп – осы күнге дейін тек олимпиадаларға барып, сабақты тек «5»-ке оқып, ғылыми жобалар мен жарыстарда көзге түсіп жүрген балаларды ғана атап келген болатынбыз. Алайда, қазіргі таңда әрбір баланың дарынды немесе талантты екенін Кембридж тәсілі бойынша оқу барысында білдім.

«Әрбір баланың бойында өз қабілеті мен дарындылығы жатыр. Мұғалім оны ашудың кілтін табу қажет. Балаланың қажеттілігін анықтап, дарындылыққа итермелеу үшін түрлі әдістер қолдануды талап етеді», - деп Фриман айтып өткендей әрбір баланың дарынды, талантты етіп шығару үшін негізгі кілтін, қажеттілігін анықтауымыз қажет екендігін ұқтым.

Ендігісі, осы модульмен жұмыс жасауды бастау болатын. Бірінші жұмысым мұғалімдерді зерттеу мақсатымен таныстыру болды. Тәжірибенің бастамасы демалыс уақыты болғандықтан сыныптан үш деңгейдегі оқушыны тандап алып, қалай жұмыс істеді, нені бақылау қажет екендігі шешілді. Ол үшін «А деңгейіндегі оқушы» ретінде үлгерімі өте жақсы «Г» есімді оқушыны, «В деңгейіндегі оқушы» ретінде үлгерімі орташа «А» есімді оқушыны және «С деңгейіндегі оқушы» ретінде үлгерімі төмен «Б» есімді оқушылар тандап алынды.

«А деңгейлі оқушы» ретінде «Г» есімді оқушыны таңдауға Фриман (1998) тексеру парақтары мұғалімдерді шатастырып, дарынды, талантты балаларды анықтау барысында қате бағыт беретіні жайында зерттеулерден мысал келтіреді. Бірақ тексеру парағында зерттеулерге негізделген және ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тиімді қолдануға болады, олар төменде көрсетілген: [Монтгомери, 1996; Фриман, 1991]

- **Есте сақтау және білім;**
- **Өз білімін жетілдіру;**
- **Ойлау қабілетінің жылдамдығы;**
- **Мәселені шешу;**
- **Икемділік;**
- **Күрделілікке деген сүйіспеншілік;**
- **Шоғырлану;**
- **Ерте символдық белсенділік.** (МАН, 73-бет)

Міне, жоғарыда айтылған сипаттамаға сүйене отырып, сыныптағы «Г» есімді оқушы дарынды оқушы ретінде тандап алынды. Ал, қалған екі оқушы Блум таксономиясының көмегі арқылы тандалды. Білу, түсіну деңгейдегі оқушы үлгерімі төмен және қолдану, талдау деңгейіндегі оқушы орташа деңгейдегі оқушы ретінде алынды.

Н.Менчинскаяның оқушылардың ақыл-ойының дамуы жайлы зерттеуінде «Ақыл-ойдың дамуын үстіңгі, сыртқы және тереңірек қабаттар немесе пластырлардан тұратын көп деңгейлі құбылыс деп қарастырған жөн. Білім-үстірт күйде болатын үстіңгі қабат. Ал, тереңірек пласт – білімді алу және



қолдану үрдісінде ақыл-ой операцияларын орындай алу және ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін меңгеру. Үшінші пласт – ақылдың белгілі бір сапасының немесе қасиетінің қалыптасуы: белсенділік және өзіндік әрекет, өнімділік, икемділік, сын көзбен қарау. Өнім мен үдеріске қатысты көрсеткіштерден айырмашылығы мұндағы талдау пәні – тұлғаның қасиеттері болып табылады», - деп айтып өткен.

Демек, біз «Айзбергтің» білімділер қатарын көбейту үшін алдымен ақыл деңгейінің «үшінші пласт – ақылдың белгілі бір сапасының немесе қасиетінің қалыптасуы: белсенділік және өзіндік әрекет, өнімділік, икемділік, сын көзбен қарауын» дамытуымыз қажет. Ал, ол болса, қысқа мерзімде орындалатын мәселе емес. Алайда, сол мақсатқа жету үшін қазірден бастап жұмыс істеуіміз қажет емес пе? Ал, ол үшін мен не істеуім керек?

Сол үшін таңдалған үш оқушының «Сабақ жоспарлау кезінде қаншалықты мақсатқа сай жұмыс жасай алады?», «Сабақ барысында не істейді?» деген сұрақтарға жауап беретін «Үш оқушыны зерттеу парағы» толтырылды. Сабағым аяқталғаннан кейін жазған кестедегі жұмыстардың қаншалықты орындалғаны анықталып, өлшеніп отырды.

Анығырақ тоқталып кетер болсам, бірінші сабақ барысында, оқушыларға кластер толтыру тапсырылды. Сонымен қатар, ой қозғау ретінде қосымша сұрақ берілген болатын.

Кластер толтыру жұптық жұмыс ретінде жүргізілді. «А деңгейіндегі оқушы» «С» есімді оқушымен бірігіп жұмыс жасады.

Оның жұмысы келесідегідей көрініс тапты:


- What do people do to keep fit?
- Eat healthy food.
- How useful are these activities?
- With eating healthy food we can take more vitamins.
- How important is keeping fit?
- If people don't eat healthy food people will be fat and sick.
- Every morning do exercises
- The body and health will be strong.
  - If people don't do exercise, people will be fat
- Have a good hygiene
- If you have good hygiene your health will be better
  - Dust is bad for our health.

Ал, ой қозғау үшін берілген сұраққа келесідегідей жауап берген:

- I think only apples and chicken healthy for our health. Because they have ingredients that we have for eat.

Жұмысында жүйелік байқалады. Оқушы тапсырманы жақсы түсінгендігі байқалады. «А деңгейіндегі оқушыны» бақылайтын көмекші мұғалімнің парағында: «Тілді қатесіз, салыстыра отырып қолданады,» - деп берілген. Оқушының жұмыс жүргізу барысында ағылшын тілін қолдана отырып, толтырып шыққан.

Ал, «В деңгейіндегі оқушының» және «С деңгейіндегі оқушының» жұмысы келесіде берілгендей көрініс тапқан.



*В деңгейіндегі оқушының жұмысы*

*С деңгейіндегі оқушының жұмысы*

Тапсырманы орындау барысында жауаптарына қарап, оқушыларға қиындық туғызғаны байқалады. Орташа деңгейдегі оқушы музыка тындауды дене пішініне көмектеседі десе, төмен деңгейлі оқушы футбол ойнау деп жауап берген. Выготскийдің «Тым күрделі жұмыс балаларға орындалмайтын, ынтасын жоятын жұмыс болып көрінеді» деп «Жақын арадағы даму аймағы» теориясына негіздеп айтқан. Ал, Эйр ойлаудың, білікті дамыту және біліктерді шешудің аса жоғары деңгейін ұсына отырып, дарынды балаларға арналған оқу жоспарына өзгеріс енгізу жөніндегі ұсынымдарда теорияның осы бөлігін пайдаланады деп берген. [МАН, 74-бет] Осы айтылған сөздерге сүйене отырып, оқушыларға білу деңгейіндегі сұрақ емес, маңызын сұрау арқылы бағалау деңгейіндегі



сұрақ қойғанымды байқадым. Талантты және дарынды балаларды оқыту сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулімен тығыз байланысты. Сол себептен де, жұмыстың толықтай дұрыс орындалуы үшін бала сыни тұрғыдан ойлай білуі керек. Бұл сәтсіздікті жою мақсатында келесі сабақта білу деңгейіндегі сұрақтардан бастап қойылып, өрбіту жөнінде шешім қабылданды.

Сабақ соңында сыныптың жеке-жеке қаншалықты деңгейде сабақты меңгергенін анықтау мақсатында «Деңгейлік тапсырма» алынды. Жұмыс сол күні өтілген мәтін мен жаңа сөз тіркестеріне байланысты жасалынған. Жеңілден ауырға қарай жас ерекшелігіне қарай жасалған деңгейлік тапсырма болып табылады. Бұл жұмыстың орындалуы келесі оқушы жұмыстарының сканерленген суреттері арқылы байқауға болады.

**Тапсырма (7 ұмыс)**

*Which gym(s) would you recommend for someone who:*

- wants to be guided by an expert? 1. *Interfit*
- doesn't want to pay any extra? 2. *Gymworld*
- can only exercise on Sunday morning? 3. *Fit for life*
- wants to use public transport? 4. *Interfit*
- wants to do some aerobics? 5. *Gymworld*
- wants some beauty treatment? 6. *Fit for life*

*Use words or phrases from the article to complete the sentences.*

- I really want to get *fit*... so I've been started going to a gym twice a week.
- You have to be very careful when you *work out*... because it's easy to injure yourself.
- Many famous people have their own personal *trainers* who advise them on their fitness.
- My mum's started going to *aerobic class*... to get fit and she likes meeting all the other women there.
- I'm not used to a lot of exercise, so my *muscles* start to hurt when I play too much sport.
- If you do *bodybuilding*... you have to work very hard to get ready for shows and competitions.

*1. Jim's gym is friendly.*  
*2. Gymworld.*  
*3. Fit for life.*  
*4. Interfit.*  
*5. Fighting fit.*

*★ Perfect. You should be main idea of gym by saying you did answer. Your vocabulary is good.*  
*⇒ You could write more about gym.*

**Тапсырма (7 ұмыс)**

*Which gym(s) would you recommend for someone who:*

- wants to be guided by an expert? 1. *Interfit*
- doesn't want to pay any extra? 2. *Gymworld*
- can only exercise on Sunday morning? 3. *Fit for life*
- wants to use public transport? 4. *Interfit*
- wants to do some aerobics? 5. *Gymworld*
- wants some beauty treatment? 6. *Fit for life*

*Use words or phrases from the article to complete the sentences.*

- I really want to get *fit*... so I've been started going to a gym twice a week.
- You have to be very careful when you *work out*... because it's easy to injure yourself.
- Many famous people have their own personal *trainers* who advise them on their fitness.
- My mum's started going to *aerobic class*... to get fit and she likes meeting all the other women there.
- I'm not used to a lot of exercise, so my *muscles* start to hurt when I play too much sport.
- If you do *bodybuilding*... you have to work very hard to get ready for shows and competitions.

*1. Jim's gym is friendly.*  
*2. Gymworld.*  
*3. Fit for life.*  
*4. Interfit.*  
*5. Fighting fit.*

*★ Good job. You've learnt all new words and showed me how I changed by giving exp. to this's proposition.*  
*⇒ If you answered to the task I by writing names of gym.*

**Тапсырма (7 ұмыс)**

*Which gym(s) would you recommend for someone who:*

- wants to be guided by an expert? 1. *Interfit*
- doesn't want to pay any extra? 2. *Gymworld*
- can only exercise on Sunday morning? 3. *Fit for life*
- wants to use public transport? 4. *Interfit*
- wants to do some aerobics? 5. *Gymworld*
- wants some beauty treatment? 6. *Fit for life*

*Use words or phrases from the article to complete the sentences.*

- I really want to get *fit*... so I've been started going to a gym twice a week.
- You have to be very careful when you *work out*... because it's easy to injure yourself.
- Many famous people have their own personal *trainers* who advise them on their fitness.
- My mum's started going to *aerobic class*... to get fit and she likes meeting all the other women there.
- I'm not used to a lot of exercise, so my *muscles* start to hurt when I play too much sport.
- If you do *bodybuilding*... you have to work very hard to get ready for shows and competitions.

*6. Jim's gym is friendly.*  
*7. Gymworld.*  
*8. Fit for life.*  
*9. Interfit.*  
*10. Fighting fit.*

*★ Awesome. Your vocabulary is great.*  
*★ You write words correctly without mistakes!*  
*⇒ If you tried to complete task it'd would be awesome.*

А деңгейіндегі оқушы

В деңгейіндегі оқушы

С деңгейіндегі оқушы

**Деңгейлік тапсырмалардың сканерленген суреттері**

Байқап отырғандарыңыздай, бірінші оқушы толық орындап шыққан.

Тапсырмаларында қате кездеспейді. Орташа деңгейінің оқушысы екі тапсырманы, ал төмен деңгейдегі оқушы бір ғана тапсырмамен шектелген. Сөз тіркестерімен топта жұмыс жасалғаннан және төмен деңгейлі оқушыға аудару тапсырмасын орындау тапсырылғанынан болар, екінші тапсырманы қатесіз толтырып шықты. Ал, орташа деңгейдегі оқушы бақылаушы ролін атқарды. Әрі мәтіннің мағынасын талдау жүргізу кезінде бақылап отыруына тура келгендіктен сол күнгі мәтін жайлы сұрақтарға жауап бере алды. Ал, соңғы тапсырма жинақтау тапсырмасы болу себебінен, оқушының талдау деңгейінің оқушы екендігіне тағы да бір дәлел болды. Бақылау жұмысының өзі баланың дарындылығын ашуға ықпал етеді деп ойлаймын. Демек, оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау арқылы баланың қабілетін ашуға ықпал етуге болады. Себебі, әрбір бала жасалып жатқан жұмысқа баға беріп үйренетін болса, алдағы өз жұмысына да бағалау жұмыстарын жүргізіп отыратын болады деп есептеймін

Үш оқушыны бақылау үшін жеңілдік жасауға төрт сабағымда да көбірек қатыстырып, сөйлетуге тырыстым, бірі бақылаушы болса, бірі баяндамашы ролін атқарды. Ал, үлгерімі төмен оқушының көбіне уақыт сақшысы болғысы келетіні байқалды. Сол себепті де келесі сабақ барысында оны басқа да жұмысқа тарту үшін топ көшбасшысына басқа міндеттеме беру ұсынылды. Ұсыныс мүмкіндігінше басқа жұмыстарға тарту арқылы орындалды.

Келесі сабақ грамматика тақырыбында өтілді. Әір талантты да дарынды оқушыларды оқыта білетін мектептердің оқу бағдарламасын өзгерту арқылы мектептегі барлық оқушылар үшін күрделендіру және акселерация модельдерін қолдана алатындығын айтады. Ол үш түрлі өзгеріс енгізу негізінде Мейкер және Нильсонның оқу жоспарын өзгертудің моделін бейімдеп жасады:

- мазмұндық өзгерістер енгізу (үдеріс пен нәтижені қоса есептегенде)
- қолданылатын әдісті өзгерту
- оқу мәнмәтініндегі өзгерістер. [МАН, 75-бет]

Демек, берілген грамматика ережелерін оқушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттілігі ескеріле отырып, құзырлылық тапсырмасына айналдырып, дайындалып шықты. Модульдің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу модулімен тығыз байланыста болатынын байқауға болады. Әрі, осы берілген жұмыс жұптарда талқыланып, кейіннен топтық жұмыста сөйлем құрату жұмыстары жүргізілді. Жұп-жұппен жауабын табу мақсатында «оқушы-оқушы» арасындағы диалог жүріп жатты. Диалог негізінде оқыту арқылы, баланың жасырын, байқалмай жүрген ораторлық



қабілеті болуы да мүмкін ғой. Қабілетті оқушыны анықтауда оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің де маңызы зор. Келесі берілген, үш деңгейлі оқушының жұмысын салыстырып қарар болсақ, келесідегідей көрініс табады.

**А деңгейіндегі оқушы**

		Иә	Жоқ
✓	What do we use <b>too</b> refer to? <b>Something positive/ something negative</b>	✓	
✓	It was so hot that I got a headache. Is it correct? <b>Yes/no</b>		✓
✓	He's old enough that he can drive a car. Is this correct? <b>Yes/no</b>		✓
1	<b>Неге иә? Неге жоқ? Себебін көрсетсеңіз.</b> <u>Too</u> is used to refer to something that is bad		
2	When <b>so</b> is used to mean as a result it isn't followed by <b>that</b>		
3	<b>Too and enough</b> are not followed by <b>"that"</b> clause		
<b>Критерий</b>			
<b>1. Нақтылығы</b>		Өте дұрыс, анық	3 балл
<b>2. Құрылымның дұрыс сақталуы</b>			3 балл
<b>3. Материалды дұрыс пайдалануы</b>		Материалды дұрыс пайдаланып, мысал келтірген.	3 балл

Кесте №1 «А деңгейіндегі оқушының» құзырлық тапсырмасының орындалуы және критерий арқылы бағалануы


**Орташа деңгейдегі оқушының жұмыс дәптерінен Төмен деңгейдегі оқушының жұмыс дәптерінен**

А деңгейлі оқушы барлық тапсырманы дұрыс, әрі нақты жауап берген. В деңгейлі оқушы мен С деңгейлі оқушыда бір қате кездеседі және нақты жауап берілмегендігі байқалады. Менің ойымша, оқушылардың берген жауаптарында нақты дәлелмен жауап беру қиындық туғызғаны байқалады. Алайда, бұл тапсырманың түрлерін орындай келе оқушы біртіндеп үйренеді. Жауабын нақты және дәйектеп сөйлеуге, алдағы уақытта бұл қиыншылықтарды жеңіп, машықтанады деп ойлаймын.

Баланың қабілетін ашу үшін тек қана тапсырмалар беру арқылы анықтай алмаймыз. Талантты, дарынды баланы анықтауда АКТ-ның да маңызы өте зор. Себебі, алдымызда отырған он үш баланың он үші де аудиал немесе визуал болмайды. Оның бірі визуал болса, екіншісі аудиал, ал келесі бірі кинестетик болып табылады. Видеотаспа мен аудиотаспаны қолданудың өзі баланың қабілетін ашудың бір жолы.

Сабақ соңында Блум таксономиясымен жұмыс жүргізілді. Блум таксономиясын алған себебім, әр сабағымда көрініс табу керек модульдердің төртеуі осында кездеседі. Атап айтсам, «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» және ең бастысы «Талантты және дарынды балаларды оқыту» модулі көрінеді. Бала орындау барысында білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау жұмыстарын жүргізеді. Блум таксономиясын нәтижелілігін анықтау мақсатында келесі сабақ барысында да алынды. Бірінші мен үшінші сабақ арасында оқушылардың ілгерілеуін байқауға болады. Үш сабақтың өзінде-ақ айтарлықтай жетістік байқалды.

Бірінші сабақта Деңгейлік тапсырманың бір ғана тапсырмасын орындаған болса, екінші сабақта берілген «Блум таксономиясының» «Білу», «Түсіну» және «Қолдану» деңгейіндегі тапсырмаларды орындады, ал, үшінші сабағымызда төрт тапсырманы орындауға шамасы жетті. Бұл, әрине көзге көрінетін нәтиже. Сонымен қатар, «В деңгейіндегі оқушының» жұмысында да ілгерілеушілік байқалды. Үш оқушыны салыстыра келе, жұмысы келесі диаграмма арқылы көрсетілген.



«Блум таксономиясы»

B деңгейіндегі оқушыны		C деңгейіндегі оқушы	

Төртінші сабақта суммативті тест алынды. Жоғары деңгейлі оқушы бестік баға алса, үлгерімі орташа және төмен оқушылар төрттік баға алды. Тест тапсырмасын жақсы деңгейде орындап шықты. Сыныпта үштік баға алған оқушы болған жоқ.

Қорыта келгенде, үш көмекші мұғалімдердің зерттеуі бойынша қандай өзгерістер болғанын байқау үшін қарап шығылды.

A деңгейіндегі оқушы – «суреттер салу, ережелер жазуды түсіндіріп берді, қорытындылады, бағалау парағымен жұмыс жасады, құзырлылық тапсырмамен жұмыс, Көңіл-күйі бір қалыпты, белсенді, сұрақ-жауапқа белсенді қатысты, реакциясы тез, ынтымақтастықта, бірлікте, сабырлы, байыппен орындауға тырысады, сабаққа қатысты іс-әрекетпен ғана айналысады, тілді қатесіз, салыстыра отырып қолданады, өзі де айтады, өзгені де тыңдай біледі, талқылау кезінде ана тілі қолданылады, баяндама ағылшын тілінде қорғайды,» - деген сипаттама берілген болса,

B деңгейіндегі оқушыға – «электрондық оқулықпен, топпен жұмысқа қатысты, құзырлылық тапсырмасын орындады, бақылаушы парағын толтырды, аудиотаспа бойынша дұрыс/бұрыс салыстырмасын орындады. Жұптық бағаға қатысты, жазу түрлері мен жолдары жайында тапсырма орындады, бағалау жұмысын жүргізді, көңіл күйі жоғары, сабаққа жоғары қызығушылықпен қатысты, сабақ барысында тәртіпті отырды», - деген сипаттама берілді.

C деңгейіндегі оқушының да сабақ барысында тәртіпті отырғанын, көбіне уақыт сақшысы болуға тырысқаны айтылған. Соңғы сабақтың өзінде уақыт сақшысы мен сөздік бойынша жұмыс жасауға тырысқаны байқалды. Оқушының сөздік аударумен жұмыс жүргізгеннің өзі мен үшін үлкен жетістік. Себебі, алдағы уақытта ағылшын тілі үшін сөздік сабақтың маңызды бөлігі болып табылады.

Тізбектелген сабақ жоспарында «Талантты және дарынды балаларды оқыту» модулінің сәтті шыққан тұстары:

- Блум таксонномиясы бойынша өсім байқалды
  - Оқушылар қиындатылған тапсырмаларды өз шамасына сай орындап шығуы
- Сәтсіз болған тұстарым:

- Оқушылардың талантты және дарынды болуына ықпал ету.

Алдағы уақытта осы бағытта нені дамытар едіңіз?

- Алдағы уақытта Блум сұрақтарын сабақ барысында көбірек қолданып, жан-жақты қабылдауына қарай тапсырмалар дайындау.



Қорытындысында, Мұғалімдерге арналған нұсқаулықтың он үшінші бетінде жазылған «Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды,» - деген сөзбен аяқтағым келіп отыр. Себебі, біз баланы емес, мемлекетіміздің болашағын тәрбиелеп отырғанымызды ұмытпауымыз қажет. Ол үшін алдымызға келген әрбір оқушының өз қабілеті мен дарыны бар екені айқын. Және оны ашу үшін бар күш-жігерімді саламын деген ойдамын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы, үшінші деңгей, үшінші басылым. 13, 73, 74, 75-беттер.
2. Дәріс материалдары, бірінші "Бетпе-бет" кезеңі.
3. Берік Бейсенұлы (2012 жыл) *Ұстаздардың үш айлық курсы басталды*. Айқын республикалық қоғамдық газеті  
[http://www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task=view&id=13443](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=13443)
4. Шынарай Досыбекова (12/2006) *«Дарынды бала» ұғымы*. Қазақстан мектебі
5. Steve Taylor-Knowles, 2012, *Laser B1+: Students book*
6. George Yule, 2009, *Relative clauses; Oxford Practice Book, on page 178*

#### **АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ҮНДЕСТІГІ**

**БЕРДЕНОВА Сауле Жалғасовна, КАБДЕНОВА Салтанат Калижановна**

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қостанай, Қазақстан

[berdenova\\_saule@mail.ru](mailto:berdenova_saule@mail.ru), [kabdenova\\_s@kst.nis.edu.kz](mailto:kabdenova_s@kst.nis.edu.kz)

#### **Абстракт**

Мақалада Шәкәрім мен Абай өлеңдеріндегі ұқсастықтар мен үндестіктер ғылыми тұрғыда қарастырылады. Өз заманының суретшісі, өлеңдері философиялық тұжырымдар мен бейнелі образдарға толы ақын өлеңдері жан-жақты қарастырылады.

Екі ақынның өлеңдеріндегі тақырыптар мен ой үндестігі сөз етіледі, тілдік құралдарына ерекше назар аударылады. Өлеңдерінің тәрбиелік мәні түсіндіріледі. Сонымен бірге өлең мәтіндеріндегі бейнелеу құралдарының стильдік, эстетикалық сипаты қарастырылады. Көркемдегіш сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері талданады. Шәкәрім мен Абайдың ешкімге ұқсамайтын стилінің бар екені, әдебиетке көрікті ойларымен тың жаңалықтар әкелгені сипатталады.

Кілт сөздер: шығармашылығын зерттей келе, дәстүрлік үндестік, адамдыққа тәрбиелеу, көркемдегіш сөздер.

#### **Аннотация**

В статье рассматриваются сходства и гармонии в стихах Шакарима и Абая. Все стихи поэта, произведения которого наполнены философскими концепциями и образными образами своего времени, рассматриваются многогранно.

В стихах двух поэтов произносятся темы и гармония мысли, особое внимание уделяется языковым средствам. Объясняется воспитательная значимость стихотворений. Кроме того, рассматриваются стилистические, эстетические характеристики изобразительных средств в текстах стихов. Анализируются лексико-семантические особенности художественных слов. Никому не похожа и стили научной Библиотеке наличии, литературе описываются достопримечательности сша новости ввоз мыслями.

Ключевые слова: изучение творчества, традиционное созвучие, воспитание человека, художественные слова.

#### **Annotation**

The article considers similarities and harmonies in Shakarim and Abay's poems. All the poems of the poet, whose works are filled with philosophical concepts and figurative images of his time, are considered in many ways.

In the poems of the two poets, themes and harmony of thought are pronounced, special attention is paid to language means. The educational significance of the poems is explained. In addition, stylistic and aesthetic characteristics of visual media in the texts of poems are considered. Lexical and semantic features of



artistic words are analyzed. No one likes it and the style of the scientific Library is available, the literature describes the sights of the United States news import thoughts.

Key words: the study of creativity, traditional harmony, a person's upbringing, artistic expression.

«Абай дәстүрі – қазақ әдебиетінің даму тарихында заңды жалғасын тауып, жан-жақты байып келе жатқан асыл арна» деген ғалым Әбдіғазиевтің пікіріне сүйенсек, ақын салған сара жол - төл әдебиетіміздің сүрлеу жолы іспеттес[4]. Абайдың қасында жүріп, оның тәрбиесін көрген, шығармаларымен танысып, сусындаған ақындардың үндесетін тұстары өте көп.

Тарихи және әдеби зерттеулерден бізге белгілі болғандай, Шәкәрім Абайдың немере інісі болып келеді, яғни үлкен ағасы Құдайберді жас шағында қайтыс болған соң оның баласы Шәкәрім ағасы Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған. Сондықтан ақын Абай мен Шәкәрімнің туыстық қарым-қатынасы бар.

Кейбір ғылыми деректерде Абайдың төрт шәкірті болған деп айтылады. Олар - Көкбай, Шәкәрім, Мағауия мен Ақылбай.

Осылардың ішіндегі бірі де бірегейі – Шәкәрім Құдайбердіұлы, оны Абайдың заңды мұрагері десек те болады. Екі ақынның шығармашылығында көптеген үндестіктер бар. Осы мәселеге жүйелі түрде салыстырмалы талдау жасап көрелік.

### 1. Абай мен Шәкәрім арасындағы дәстүрлі үндестік

Шәкәрім Батыс пен Шығыс елдерінің әдебиетіне көз жіберіп, Пушкин мен Толстойды, бертінде Некрасовты ұстаз тұтты, Шығыс әдебиетінен Қожа Хафиз, Науаи, Физулиді жоғары бағалады. Ол «Дубровский» аудармасының алғы сөзінде былай деп жазған:

Айтқан сөзі ауруға ем, жанға құмар,  
Тауып айтқыш тәтті тіл, сайраушылар.  
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов,  
Қожа Хафиз, Науаи Физули бар. –

деп Шығыс ойшылдарына Абай қалай медет сұраса, Пушкин мен Толстойды Абай қандай сүйсе, Шәкәрім де сондай сүйеді.

### 2. Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани үндестік

«Адам болар бала алысқа қарайды» демекші, есейген шағында ерке мінезіне тұсау салып, білімге ұмтылады. Қазақ шежіресі мен әлем әдебиетін қатар қойып оқиды. Ағасы Абай секілді табиғаттың тылсым сырын танып, қоғам өміріне өзгеріс енгізуді мақсат тұтады. Абайдың нұсқауымен өлең шығарады.

Абай өзі жазған Шығыс сюжетіне құрылған шығармаларды тек өзі ғана жазбай, шәкірттеріне де тақырып етіп беріп отырғаны бізге белгілі. Сол арқылы оның шәкірттерінің шығармаларында да шығыстық сюжетке құрылған аса құнды қисса - дастандар, поэмалар туындады. Бұл тақырыпта аянбай еңбек еткен шәкірттері - Шәкәрім Құдайбердіұлы, Көкбай Жанатайұлы, Әріп Тәңірбергенұлы және Әсет Найманбайұлы.[5]

Шәкәрімнің Абай үлгісімен нәзирашылдық дәстүрде жазған шығармасы - Фзулидің «Ләйлә - Мәжнүн» дастаны. Күні бүгінге дейін біресе аударма деп, біресе ақынның төл туындысы деп бағаланып келе жатқан дастанның көркемдік ой кестесі құрылымдық сипаты, жалпы шығармашылық табиғаты «Ләйлә - Мәжнүнді» қазақтың ұлттық әдебиетінің жазира жайлауында өмірге келген төл перзентіне жақындата түседі.[6]

Мәжнүннің Ләйләға деген махаббат сезімінің құдіреті оның Меккедегі қасиетті қағбаға барған кезінде ерекше көрінеді. Баласын дертінен сауықтыруды ойлап ата - ана құлақ аспастан ол қағбаға қолын арта тұрып, өзіне махаббаттың ауыр азабын тілейді. Ондағы арманы, ойы, асылы - Ләйлә. Сол Ләйләнің жолында:

«Жолдасым - бейнет болсын, жауым - рахат,  
Көп тартқыз ғашықтықтың михнатын.  
Көп жүргіз, бейнет көргіз, жасымда алма,  
Қайғының ең ауырын басыма бер. [2]

Жалғанда жануменен өткізе көр,  
Тыныштық, рахатымды кеткізе көр.  
Дүниеде қосылуға жазбасаң да,  
Өлген соң мұратыма жеткізе көр!» -



деп өзінің ғазиз жанын құрбан етеді. Ғашық бозбаланың құдайдан да қағбадан да тілейтіні - Ләйлә деген махаббаттың азабы. Ғашық жарына о дүниеде қолы жетсе, соған да риза Мәжнүн.

Шәкәрім ежелгі ақындармен үндесе отырып, нәзираның ғажайып үлгісін ұсынды. Соның нәтижесінде Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Өзімнің әңгімесі» секілді қазақ әдебиетінің өлмес қорына «Ләйлә - Мәжнүн» атты тамаша төл туынды қосылды.

### **3. Шәкәрімнің реалистік лирика тұрғысындағы Абаймен үндестігі**

Абайдың көзі тірісінде жазылған Шәкәрім “Жастарға” атты өлең жазады:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық,  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,  
Бір білімді данышпан жан табалық...  
...Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!  
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!  
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,  
Жалыналық Абайға жүр баралық, – [2]

деп, ұстаз ұлылығын танып, жастарды Абай төңірегіне топтастырып, данадан тәлім алуға үндесе, кейінгі өлеңдерінде ұстаз болмысымен тіпті үндесіп, оның рухын терең ұғынғандығын дәлелдей түседі.

Шәкәрімнің сыршыл поэзия арқылы адамдық болмысты тануға ұмтылған азаматтық ірі мақсатының бірі – ұлтының бойына бәле болып жабысқан осы бір жағымсыз қасиеттерден арылту. “Үйретуден жалықпау” қағидасын ұстаған Абайды дана ұстаз таныған Шәкәрім ұлы ақын ұсынған адамды адамдыққа тәрбиелеу атты жанды идеяны одан әрі дамытты. Данышпан Абай:

Болмашы кекшіл,  
Болсайшы көкшіл.  
Жан аямай кәсіп қыл! –[3]

деп нақыл айтса, Шәкәрім де ұлтқа қызмет етуде адам баласының ең басты міндеті, қасиетті парызы санайды.

Адамдық борышын,  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта, оны біл.  
Мұнда ол өзінің өмірлік тәжірибесін алға тартады.

Ұлы ақынның адам болып қалу үшін ұсынған бес қағидасын Шәкәрім “Талап пен ақыл” өлеңінде сегізге жеткізеді:

Сабыр (1), сақтық (2), ой(3), талап (4) болмаған жан,  
Анық төмен болмай ма хайуаннан.  
Ынсап (5), рахым (6), ар (7), ұят (8) табылмаса,  
Өлген артық дүниені былғаған.[1]

Шәкәрім Абайдағы өнер-ғылымға үндеудің арнасын отаршылдықтың езгісіндегі ұлтының бостандығы жолындағы күреске бағыттап, ел мен ер бірлігінің атқарар міндетін айқындауды шығармашылығының негізгі өзегіне айналдырады.

### **4. Абай мен Шәкәрімнің сазгерлік үндестігі**

Шәкәрім – Абайдың сазгерлік ән дәстүрін әрі қарай жалғастырушы. Абай бірнеше өлеңіне ән шығарған сазгер. «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Татьянаның әні» т.б. бірнеше әндер шығарды. Сондай-ақ, Шәкәрім де жиырмаға жуық ән шығарған, сазгер-ақын. Олар: «Жастық», «Шын сырым», «Ажалсыз әскер», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» т.б.

### **5. Абай мен Шәкәрімнің тақырыптық үндестігі**

Шәкәрім поэзиясы, оның тақырыптары, тілі, көркемдігі Абай поэзиясының, дәстүрінің жалғасы дейміз. Оны өз поэмаларында да жалғастырады. Абай шәкірттеріне осы поэмаларды жазуды ұсынып, осы оқиғаларды өзі айтып берген. Абайдың өз поэмаларында әйелді қоғамның тең мүшесі деп таныған, әлеуметтік өмірдегі орнын көрсеткен, ер мен әйелдің достығын қадір тұтқан. [6]

Мысалы, «Масғұт» поэмасынан үзінді келтіретін болсақ:

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,  
Сары жесең, дәулетің судай тасар.  
Егер де қызыл жеміс алып жесең,  
Ұрғашы да жан болмас сенен қашар, -деген шал сөзіне Масғұттың жауабы:





Қызылды жесем, мені әйел сүйер,  
Арамдыққа жүрмесем де, не жан күйер.  
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,  
Деп едім бір пайдасы маған тиер...[3]

Шәкәрім бұл дәстүрді қалай жалғастырды? Екі ақынның «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр» поэмаларының басты тақырыбы – махаббат, сондай-ақ, поэмада қоғамдық әлеуметтік қарым-қатынастар да реалистікпен суреттеледі. Бұл поэмадағы оқиғалар трагедиямен бітеді. Екеуінде де қазақтың ару қыздары өздерінің сүйген жігіттеріне өлім алдында араша түседі, өз жанын бәйгеге тігеді. [7] Мысалы, Шәкәрімнің «Қалқаман – Мамыр» поэмасында Мамыр:

Кешікпей мен өлемін, сен тірісің,  
Іс емес құдай кешер қылған ісің.  
Өлтіртпе, тілерім сол, Қалқаманды,  
Барасың, тәңір алдына, білемісің? - дейді.

Абайдың «Еңлік – Кебек» поэмасында Еңлік былай дейді:

Кебекпен мені аз ғана арыздастыр,  
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.  
Мына бала – Тобықты баласы ғой,  
Мұны өлтіртпе, Кеңгірбай биге тапсыр. [3]

Хақім Абай – өз заманында қазақ өлеңіне қатаң талап қойып, оның шарттарын «Өлең – сөздің патшасы» өлеңінде ереже іспеттес бекітіп кеткен ақын. Мысалы:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп – тегіс жұмыр келсін айналасы.[3]

Ал Шәкәрім оны қалай жалғастырады? Сұраққа «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» өлеңінен үзінді келтіру арқылы жауап берейік.

Бұл ән –  
Бұрынғы әннен өзгерек,  
Бұған –  
Ұйқасты өлең сөз керек  
Өзіңе орайлы  
Денең –  
Жан нұрлы болса, жөнделмек.  
Өлең –  
Әнге өлшеп айтса, өңдемек.  
Ұйқасса қолайлы.  
Ән — өлшеуіш  
Өлең – күміс,  
Қоспаңыз мыс аралас.  
Артық алу,  
не кем салу  
Қалпы қалу жарамас.[1]

Жалпы қорытындылай келгенде, Шәкәрім шығармашылығы, тақырыбы, көркемдік ерекшелігі, сазгерлігі қай жағынан алсақ та, Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы, дамытушы екеніне толық көзіміз жетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. 1988 ж.
2. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. -А., «Жазушы», 1998
3. Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 1-2 том.1954 ж.
4. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. Абай дәстүрі және Шәкәрім. -А., «Қазақ университеті», 1992
5. Мұхаметханов Қ. Абайдың ақын-шәкірттері – А., 1991



6. Әуезов М. Абай мектебінің ақындары. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. -А., «Ғылым» 1998
7. Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. Алматы: Білім, 1990-51 б.

## ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ В ПОИСКОВОЙ РАБОТЕ ПО РОЗЫСКУ ПРОПАВШИХ БЕЗ ВЕСТИ

**КАЛИЕВ Аскар Кабдушевич, МУКАШЕВА Дидара Булатована**

Северо-Казахстанский государственный университет, Институт архитектуры и строительства  
Петропавловск, Алматы, Казахстан  
askar\_aseke@mail.ru, Nurumova.2013@mail.ru

### Аннотация

Ұлы Отан соғысының батырларын іздестіру бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу тәжірибесі ашылуда. Жұмыстарды жүргізу алгоритмі бойынша әдістемелік нұсқаулар берілді. Жауынгерлік жолды зерттеу фактілері келтірілген.

### Annotation

The author reveals the experience of conducting search operations for the hero of the great Patriotic war. Methodical instructions on the algorithm of work are given. The facts on the research of the combat path are given.

Патриотизм является источником силы, единства народа и целостности государства, мобилизует граждан на решение стоящих перед обществом стратегических задач, из которых вытекают общее и особенное в патриотизме разных стран [1,с.3]. Важное место в деле воспитания молодежи занимает привитие им чувства высокой ответственности за историческую судьбу страны. Решение данных задачи требует повышения качества и эффективности воспитательной работы, особенно патриотического воспитания молодежи.

Анализ взглядов по проблемам патриотизма и патриотического воспитания приводит к выводу, что решение проблемы патриотического воспитания должно основываться на глубоком анализе изменений, происходящих в обществе, процессов и явлений, характеризующих особенности современной молодежи. Большое значение приобретают поиск и разработка принципиально новых подходов, реализация которых способствовала бы созданию качественно *новых основ педагогической деятельности с молодым поколением*, учитывающих систему его ценностей и интересов, соответствующих важнейшим тенденциям развития общества в настоящее время [1,с.5].

Поисковую работу в нашей династии начал гвардии рядовой Калиев Кабдош - мой отец, наш дедушка. Каждый год фронтовик отправлял запросы в военные архивы Министерства обороны СССР по розыску своего старшего брата и накануне 9 мая получал ответы – «в списках не значиться». Мы продолжили поисковые работы применив цифровые технологии и в 2013 году получили положительный результат [2].

Сложность поиска заключалась в следующем. В 1943 году семья Калиевых получила извещение на старшего сына:

«автоматчик 236 стрелкового полка 106 стрелковой дивизии, рядовой Калиев Кашам (так в документе), (отчество не указано), 1921 года рождения, уроженец Казахской ССР (сейчас Республика Казахстан), Ленинского района, Карагандинского с/совета (область и населенный пункт не указаны), призван в СА в 1942 г.(так в документе) Ленинским РВК погиб 31 августа 1943 года, похоронен севернее с.Гальчин Севского района Орловской обл., (сейчас Брянская обл.) Отец - Бисембаев Кали проживал по месту жительства учтенного. Основание: ЦА МО РФ донесение №40356-1943г.»[2].

После окончания войны в 1947 году семья получает другое извещение:

«стрелок, рядовой Калиев Камала (так в документе) (отчество не указано) 1921 года рождения, уроженец Северо-Казахстанской обл., Ленинского р-на, колхоз Орталык, призван в СА в 1941 г. (так в документе) Ленинским РВК Северо-Казахстанской обл., пропал без вести в марте 1942 г. Основание: ЦА МО РФ донесение №23160с-1947г.»[2].

Письмо из ЦА МО не дало ответа на вопрос - погиб или пропал без вести?

Мы решили отправить письмо на имя командира Севского поискового отряда Крючкова Георгия Михайловича по электронному адресу [rs1.lalex@uap\(iex.gi\)](mailto:rs1.lalex@uap(iex.gi)).

**16.04.2013,21:01:**

«Уважаемый Георгий Михайлович! Просим помощи в определении места захоронения моего брата рядового Калиева Камали (в архивной справке Кашам) автоматчика 236 стр. полка 106 стр.



дивизии, 1921 года рождения, уроженец Казахской ССР, Ленинского района, погиб 31 августа 1943 года, похоронен севернее с.Гальчин Севского района Орловской области (сейчас Брянской). Гвардии рядовой Калиев Кабдош».

**Ответ пришел: 21.04.2013, 16:44**

- 1) достижение устойчивых результатов внешнеэкономической деятельности в сфере топливно-энергетического комплекса в условиях усиления глобальной конкуренции за ресурсы и рынки сбыта;
- 2) минимизация негативного влияния глобального экономического кризиса и его использование для коренного обновления и диверсификации структуры экономики в пользу менее



энергоемких отраслей, стимулирования перехода белорусского энергетического сектора на ускоренное инновационное развитие;

3) увеличение стратегического присутствия Республики Беларусь на рынках высокотехнологичной продукции и интеллектуальных услуг в сфере энергетики, в том числе за счет разворачивания глобально ориентированных специализированных производств;

4) географическая и продуктовая диверсификация белорусского энергетического экспорта в условиях стабильных и расширяющихся поставок энергоресурсов крупнейшим мировым потребителям;

5) рациональное снижение доли топливно-энергетических ресурсов в структуре белорусского экспорта, развитие технологий по производству нефтепродуктов с большей глубиной переработки [9].

Таким образом, в ближайшей перспективе необходимо выработать план по устранению существующих проблем как на уровне предприятий топливно-энергетического комплекса Республики Беларусь, так и на уровне национальной экономики в целом.

Делая вывод, следует отметить важность изучаемой проблемы непосредственно для Республики Беларусь. Являясь небольшим игроком на рынке в отличие от более влиятельных стран, Республике Беларусь зачастую приходится подстраиваться под существующие условия, не имея ни экономического, ни политического влияния на мировом рынке нефти и нефтепродуктов. Безусловно, большую роль играет зависимость непосредственно от Российской Федерации, с которой проводится большинство внешнеторговых сделок в рамках данной отрасли. Также, если негативное влияние является наиболее очевидным результатом анализа ситуации, возможно, стоит найти и положительные стороны от данного тесного сотрудничества. Например, возможность приобретать сырье по сниженной цене. Кроме того, можно отметить тесные политические связи, которые могут помочь найти компромисс в случае появления серьезных изменений на рынке нефти и нефтепродуктов.

#### Список использованных источников

- 1 Беляева, А. П. Перспективы развития мирового рынка нефти // Научно-методический электронный журнал «Концепт». — 2018. — Т. 6. — С. 11–15.
- 2 Кот, А. Черное золото высшей пробы / А. Кот // Экономика Беларуси. — 2015. — №1. — С. 94-97.
- 3 Моргунов, Е.В. Анализ нефтяного рынка и рекомендации по совершенствованию российской модели биржевой торговли нефтью / Е.В. Моргунов // Вестник Университета. — 2010. — № 2. — С. 196-201.
- 4 Новиков, М.М. Статистический анализ влияния конъюнктуры мирового нефтяного рынка на объем белорусского экспорта в Россию / М.М. Новиков // Бухгалтерский учет и анализ. — 2019. — № 5. — С. 11-17.
- 5 Онлайн график цен на нефть Urals [Электронный ресурс]. — Москва, 2019. — Режим доступа: <https://nefturals.ru/>. — Дата доступа: 24.03.2019.
- 6 Прогноз научно-технического развития отраслей топливно-энергетического комплекса России на период до 2035 г. // Министерство энергетики Российской Федерации [Электронный ресурс]. — 2019. — Режим доступа: <http://minenergo.gov.ru/node/6365>. — Дата доступа: 05.04.2019.
- 7 Телегина, Е. Новое измерение глобальной энергетической безопасности / Е. Телегина // Мировая экономика и международные отношения. — 2015. — № 11. — С. 5-16.
- 8 Тьюгендхэт, К. Нефть. Самый большой бизнес: монография / К. Тьюгендхэт, А. Гамильтон — М.: Прогресс, 1978. — 484 с.
- 9 Энергетическая стратегия России на период до 2030 г. // Министерство энергетики Российской Федерации (официальный сайт) [Электронный ресурс]. — 2020. — Режим доступа: <http://minenergo.gov.ru/node/1026>. — Дата доступа: 05.04.2020.

## ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМЫТУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**ҚАЙРОВА Сұлушаш Болатқызы**

*Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Ж.Н.Сабирова*

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау, Қазақстан

[Kairovasulu03@mail.ru](mailto:Kairovasulu03@mail.ru), [zhanylsyn.sabirova@mail.ru](mailto:zhanylsyn.sabirova@mail.ru)



## Аннотация

Мақалада тұлғаның қалыптасуындағы өзін-өзі дамыту мәселелерінің ғылыми негіздері қарастырылды. Ресей ғалымдарының іс-әрекет субъектісі ретіндегі адамға деген көзқарастарына қысқаша шолу жасалды. Шетел ғалымдарының тұлғаның өзін-өзі дамытуы жөніндегі теориялары қысқаша талданды. Сонымен қатар, гуманист-психологтар К.Роджерстің тұлғаның өзіне деген сенімді нығайтуы мен өзін-өзі сыйлауы туралы, А.Маслоу ұсынған өзін-өзі белсенділендірудің амал-әдістері баяндалды.

**Тірек сөздер:** іс-әрекет субъектісі, тұлғалық жетілу, тұлғалық өсу, өзін-өзі дамыту, жауапкершілік, өзін-өзі таныстыру, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі дәлелдеу, өзіндік өсу, өзін-өзі белсенділендіру, өзін-өзі өсіру, өзін-өзі жетілдіру.

Әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасу процесі білім беру парадигмасының ауысуымен сипатталады: дәстүрлі субъект-объектіліктен гуманистікке, тұлғаға бағытталған субъект-субъектілікке. Осыған байланысты айтатынымыз, ХХ ғасыр соңынан бастап білім беру жүйесі білім берудің гуманистік парадигмасына сәйкес дамиды. Онда маңызды құндылығы болып адамның тұлғасы қарастырылады, яғни оның барлық потенциалды мүмкіншілігін дамыту болып табылады. Осы тұрғысынан қазіргі маманның білім беру сферасында үздіксіз білім алуға, шығармашылық тұрғысынан өзін-өзі жетілдіруге дайындығын айтамыз.

Болашақ маманның өзін-өзі дамытудың проблемасы үш тұрғыдан қарастырылуы керек, оларда оның мағынасы ашылуы тиіс: философиялық, психологиялық, педагогикалық. Философиялық зерттеулерде осы проблема адамды дамыту тұрғысынан қарастырылады. Психологиялық зерттеулерде тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамыту тұрғысынан зерттеледі. Педагогикалық зерттеулерде болашақ маманның кәсіби дамуы тұрғысынан қаралады. Философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде қарастырудың келесі бір негізі - болашақ маман-педагог адам ретінде, тұлға ретінде, маман ретінде кәсіби өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде болуы.

Философиялық, педагогикалық және психологиялық ғылымда адам тұлғасының қалыптасу проблемасы бойынша білім қоры жинақталған. Оларға философтардың жасаған адамның гуманистік тұжырымдамасы жатады. М.М. Бахтин, В.С. Библер, Н.А. Бердяев, Л.В. Коновалова, О.Н. Крутова, М.К. Мамардашвили, А.Г. Шварцман, т.б. пікірінше адам тұлғасының ерекшелігі, өзгешелігі мен өзіндік құндылығы ерекшеленеді, адамның рухани дамуы, өзінің өмірлік орнын айқындау мен экзистенциалдық таңдауға дайындығы анықталады. Ресей педагогикасы мен психологиясында адамның мәні адам өз өміршендігінің субъектісі ретінде және өзін-өзі дамытатын шығармашыл тұлғаның субъектісі ретінде қарастырылады: Б.Г.Ананьевтің, А.Г. Асмоловтың, Л.С. Выготскийдің, О.С. Газманның, Э.В. Ильенкованың, Н.Б. Крылованың, Л.Н. Куликованың, А.Н. Леонтьевтің, В.Н. Мясищевтің, С.Л. Рубинштейннің, В.И. Слободчикованың және т.б. еңбектерінен көруге болады. Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде білім беру сферасында тұлғаның этномәдениеттік қызығушылықтарын іске асыру туралы Л.Гумилев, Н.Джандильдин қарастырған. Келесі қазақстандық ғалымдардың еңбектерінің үлкен маңыздылығы бар. Оларда, нақты айтқанда, қазақ халқының педагогикалық-психологиялық ойларының пайда болуы мен дамуы туралы зиялы тұлғалардың ерекшеліктерін зерттеумен байланыстырып сөз етіледі. Адам тұлғасының дамуына қазақ халық педагогикасының әсері туралы ғылыми-педагогикалық негіздерін Сәдуақас Қалиев қарастырған, тұлғаға әсер етудің эстетикалық тәрбиенің заңдылықтары мен ерекшеліктерін С.Ұзақбаева, Ә.Табылды зерттеген. Оқушы жастардың тұлға ретінде қалыптасып, дамуына қазақ халқының көркем мәдениетінің даму рөлі туралы М.Балтабаев зерттеген. Бірақ өкінішке орай, білім берудің қалыптасқан жүйесі, директивті педагогиканың теориялық көзқарасы мен әдістерінің жүйесі ретінде қаралады[1].

Қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуы психологияға ерекше қызығушылықтың өсуіне әсер етті. Тоталитаризм заманы қайырылмасқа кетті. Нағыз демократияға алыс болғанымен, адамдар өздерін еркін сезіне бастады, мақсат-мүдделерін айқындап, оған бір табан жақындады.

Соңғы кездері басылымдарда тұлға психологиясының әр түрлі аспектілеріне және оның қалыптасуына байланысты көптеген қызықты мәліметтер пайда бола бастады. Психологтарды, педагогтарды, философтарды, ең алдымен: «Адам өзін қалай қалыптастырады? Белсенділігін қалай арттырады? Өмірлік мақсатты таңдау немен байланысты? Дамыған қоғамдағы адамға не қымбат?» деген сұрақтар көбірек қызықтырады.

«Адам өзінің өмірлік іс-әрекетінің субъектісі, өз өмірбаянының, өз тағдырының авторы». Бұл дәлелді сезіну - психологияда үлкен өзгерістер жасады, бірқатар ерекше ізденістер туындады, іс жүзінде көрсетуге тікелей жол ашты. Еш нәрсе жоқтан пайда болмайды. Субъективтілік идеясын С.Л.Рубинштейн, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев және тағы басқа ғалымдар қарастырған. Бұл идеяның негіздері қарапайым: егер адам белсенділік көрсетсе, өмірлік мақсаттарын айқындап, жоспарларын





жүзеге асыруына мүмкіндігі мол. Л.С.Выготский 1926 жылы жазған «Педагогикалық психологиясында» мынаны атап көрсеткен: адамды тәрбиелеуге болмайды, ол - өзін-өзі тәрбиелейді, ал айналасындағылар, оған тек тұлға ретінде қалыптасуына қажетті материал береді.

Дамыту - бұл ересек адамдардың ықпалымен оқу-тәрбие жұмыстарына, өзін-өзі дамыту үрдісіне жағдай жасап, барлық субъектілердің қатысуымен іске асатын үдеріс.

Өзін-өзі дамыту, өсіру, жетілдіру, шамасы, өзіндік дамудың дәлме-дәл кескіні болар. Себебі, адам өз бетінше жақсы болуға ұмтылады, идеалға жақындауға тырысады, өз бойында жақсы қасиеттер пайда болуы үшін еңбектенеді, оқып-үйреніп, түрлі істермен айналысады, сол айналысу барысында, оның бойында көптеген жақсы қасиеттер пайда болады. Басқа сөзбен айтсақ, өзін-өзі дамыту - тұлғаның өсу кезінде оның қабілеттерінің, сапасының өсуіне де саналы түрде басшылық ету үрдісі.

Алайда кейбір адамдарға өзін-өзі жоққа шығару жағдайы - өзінің ештеңеге қауқарсыз екенін, керексіздігін, төмендігін дәлелдеу жағатыны да кездеседі.

«Тұлғаның өсуі» деп аталатын өзін-өзі дамытудың позитивті бағытына көңіл бөліп көрейік. Парапсихологияда, эзотерикада (эзотерика - құпия ілім) тұлғаның өсуі рухани тәжірибе ретінде қарастырылады, сананың өсуіне жоғары ілімді игеру арқылы қол жеткізуге болатыны алға тартылады. Бұл үшін парапсихологиялық қасиеттерді оятатын арнайы құралдарды, болашақты болжау қасиетін, телепатияны, телекинезді пайдаланады.

Ал шетелдің көрнекті психологтары К.Юнг бойынша тұлғаның өзін-өзі дамытуында даралық өсуге, жеке еркіндікке көңіл бөлінсе, А.Адлер бойынша ортаны басқаруға басқалардан артық, басым болу жолында білген-түйгенді бір арнаға ғана бағыттауға басым көңіл бөлінеді. А.Адлердің ойынша тұлғаның ішкі күштерінің өзін-өзі дамыту үдерісі әлеуметтену мен тұтастылыққа жету барысында атқарылады, мақсатқа бағытталған шығармашылық ұмтылысына байланысты.

Гештальттерапияда Ф.Перлз бойынша өз-өзіне сенімділік, өзін жағдайға байланысты реттеп, қажетті арнаға бағыттау көзделеді.

К.Роджерс, А.Маслоу, секілді гуманист-психологтардың пікірінше, адам - өзінің өмір жолын, рухани дамуын өзі қалыптастыратын біртұтас, ерекше тұлға. Тұлғаның өсуі өзі жеке, автономды болуы, толысуы, психологиясының сау болуының (К.Роджерс) немесе өзінің алдына биік мақсаттар қойып, соны орындауға ұмтылуының (А.Маслоу) арқасында мүмкін болады. Адам - белгілі бір мөлшердегі жауапкершілікті өзіне жүктеп, өзінің жан-жақты дамуына жағдай жасап, тығырықтан шығатын жолды тауып, өмірінің мақсат-мүддесін анықтай білуі керек. Мұны күшпен көндіру немесе әдейілеп ұйымдастыру мүмкін емес, сол себепті, өзін-өзі дамытуға мүмкіншілік жасап, тұлғаға бұл үрдіс кезінде көмек көрсетуде, бұрын жақсы нәтиже берсе де, қалыптасқан жолды әдейілеп таңуға болмайды[2].

Егер, біз өздігінен дамуға адам өмірінің барысында уақытта және кеңістікте өрістейтін өзгеше нысан ретінде қарасақ, оның бір мағыналы емес, жан-жақты екенін аңғарамыз. Бұл жерде өзіндік дамуды сипаттайтын жүйелі қимылдан өзіндік тануды сипаттайтын нысанды айыру өте қиын.

Мұның көптеген себептері бар, басты себептерінің бірі - бұлардың көптеген түрлерінің болуы. Өзіндік дамудың түрлерін мынадай сөздермен сипаттауға болады: өзін-өзі таныстыру, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі дәлелдеу, өздігінен өсу, өз жоспарын жүзеге асыру және т.б. Бұл сөздерді біріктіріп тұрған «Өзін-өзі» - деген сөз, осы қимылдардың бәрін адам өзімен байланыстырады, өзіндік «Мен» деген сөз және адамдардың іс-әрекеттері тек өздеріне тән, жеке-дара болады.

Өзіндік дамудың қай түрлері маңызды? Олар: өзін-өзі дәлелдеу, өзіндік өсу, өзін-өзі белсенділендіру.

- Өзін-өзі дәлелдеу - бұл өзінді тұлға ретінде таныту.
- Өзіндік өсу - бұл өзінді мақсатыңа жеткізуге тырысу.
- Өзін-өзі белсенділендіру - бұл өзіңнен бір күш-қуатыңды, шаманды тауып, оны өмірде пайдалану.

Осы түрлер өзіндік өсудің нысанын бейнелей алады және олар бір-бірімен өте тығыз байланыста.

Қазіргі кезде өзін-өзі дәлелдеу психология ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оның философиялық, жалпы психологиялық қырларына зерттеу жүргізілуде, әсіресе жасөспірім шақта өзін-өзі дәлелдеудің негативті бағытқа бет бұрып кету мәселелері аландатып, осы мәселені кеңінен зерттеуге түрткі болды. Негативті бағытты ашып айтсақ, бұл есірткіге тәуелділік, темекі шегу, арақ ішу, заңға қайшы әрекеттерге бару.

Өзін-өзі дәлелдеу дегенге ғылыми анықтама беретін болсақ: «Өзін-өзі дәлелдеу - бұл өзіндік өсу аясында адам өзінің бір қасиеттерін, мінез-құлқын, белгілі бір жағдайларда өзін-өзі қалай ұстауын ашып, оны растайтын ерекше іс-әрекет».



Осы әрекеттердің түп-тамыры өзін-өзі дәлелдеу қажеттілігінен туындайды, ал ол адаммен қатар өмір сүретін, тірі табиғат өкілдері арасында өмір сүру үшін күрестегі алғашқы қажеттілік барысында түзіледі. Өзін-өзі дәлелдеу жалпы адамзатта 3 түрлі кейіпте болады: барлығына ұқсас болу, бәрінен жақсы болу, бәрінен жаман болу (бұл негативті әсерге бой алдырса). Алғашқы екі кейіп өзін-өзі дәлелдеу деп пайымдаймыз, ал үшіншісі - өзін-өзі жоққа шығару.

Өзін-өзі дәлелдеу түрлі басқа да негіздермен, атап айтқанда, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі белсенділендірумен тығыз байланысты. Өзін-өзі дәлелдеу нәтижесі бірден көзге көрінеді. Ол адамға өзінің қажеттілігін, пайдалылығын сездіреді, өз өмірі мен іс-әрекеттерінің мәнді, мағыналы екенін сезінеді, «Мен ешкімнен кем емеспін» нұсқауы орындалады, өзін барлық қиындықтарды шеше алатын, керемет бір өзгеше адам ретінде қабылдайды.

К.Роджерс тұлғаның өзіндік сана-сезімін, “мен” тұжырымдамасын қалыптастыруға негізгі мән берді, өзіндік сана құрылымында идеалды және реалды “мен” бейнесін толық көрсеткен. “Мен” бейнесінің дифференциациялануын, субъективті мәнділігінің артуын тұлға дамуының негізгі көрсеткіші ретінде қарастырады. К.Роджерс бойынша, идеалды “мен” бейнесі тұлға дамуын, тұлға жетілуін әрдайым итермелеп отырады. Идеалды “мен” мен реалды “мен-нің” арақатынасы өзіндік бағалау деңгейін көрсетеді. Реалды “мен” мен идеалды “мен” бір-біріне жақын болса, өзін-өзі бағалау жоғары. Невроздың негізгі себебі – идеалды “мен” мен реалды “мен” арасында үлкен алшақтықтың болуы.

К.Роджерстің пікірінше, тұлғаны дамытудың негізгі бағыты - өзіне деген сенімді нығайту мен өзін-өзі сыйлау қабілетін қалыптастырудың нәтижесінде субъект «мінсіз Менге» ұмтылады. Қазіргі тәжірибеде К. Роджерстің «тұлғалық өсу тобының» әдісі қолданылады. Ондағы қарым-қатынас барысында адамдың адаммен қатынастарын құру үшін қатысушылар бір-бірінің алдында ашылып, өздерінің сезімдері туралы айтады, мәндік мағыналарды іздейді, өмірлік таңдаудың еркіндігін алуға ұмтылады және ол үшін жауап береді. Неғұрлым білікті және қабілетті болу үшін осының барлығы шектеулі рухани әлеуетті ашуға көмектеседі[3].

Тұлғалық жетілуге теріс әсер ететіндер - өзгерістен қорқыныш, қорғаныс механизмдері, өз ағзасына сенбеушілік, конформизм. Тұлғалық жетілуді түсіндіруде А.Маслоудың зерттеулеріне сүйенеміз: өсу – яғни әлеуеттіліктен қалмау деп түсінеміз. Немесе «тұлғалық өсу» деп А.Маслоудың қол жеткізген негізгі қажеттіліктері негізінде «жоғары» қажеттіліктерді қанағаттандыруды айтамыз.

Тұлғалық жетілуде өзін-өзі белсенділендірудің маңызы зор. А.Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі белсенділендіру – бұл әркімнің өзіне берілген міндетін орындау, өзіне берілген қасиетті пайдалану арқылы айналасына әсер етуі. Өзін-өзі белсенділендіруге қажеттіліктен адамның өз өмірінің мәнін іске асыру мүмкіндігі туындайды.

Сонымен, өзін-өзі белсенділендіру үрдісінде адам болмысының екі бағыты тоғысады: өзіндік тану мен өзіндік өсу. Өзін-өзі тану арқылы, адам өзінің қажеттілігін мойындату үшін өз дарынын, қабілетін, мүмкіндіктерін барынша аша түседі және соларды пайдаланады.

Өзін-өзі өзектендірудің қандай амал-әдістері бар? А.Маслоу оның 8 түрлі жолын бөліп көрсетеді:

1. Бүкіл болмысымен бастан өткеру.
2. Өмір әрқашан таңдау үрдісінен тұрады: алға жылжу немесе кейін шегіну; жеке таңдаулар: өтірік айту немесе шындықты айту, ұрлық істеу немесе ұрламау және т.б., бір сөзбен айтқанда, өсуді таңдау мүмкіндігі.
3. Адамның өзін-өзі тыңдай білу қасиеті, яғни өзгенің пікіріне емес, өз пікіріне сүйену.
4. Адал болу қасиеті, өзіне жауапкершілік ала білу қасиеті.
5. Ерікті болу қасиеті.
6. Өз мүмкіндіктерін өзектендіру нысаны және оның қорытындысы.
7. Қатты күйзеліс, әп-сәттегі рахат сәттеріне кепілдік беруі мүмкін емес, оны іздеп әуре болудың да қажеті жоқ.
8. Адамның өз психологиялық патологиясын табуы, одан қорғануы және оны жоюға күш салуы.

Гуманистік психология зерттеушілерінің бірі – В.Франкл бойынша, адам өмірінің мәні о баста берілмейді, оны іздеп табу керек, оны іздеп табудың үш жолы бар: біздің немен айналысуымыз (шығармашылық жасау және т.б.), біздің өмірден алатынымыз (күйзеліс, қуаныш және т.б.), тағдырымызды өзгерте алмауымыз себепті, солай қабылдауымыз. Осы құндылықтардың үш бөлігі бар: жасампаздық, бастан өткеру, қарым-қатынас. Адам өмірінің мәнін табудың жолы ар-ұят дейді, В.Франкл. Ар-ұят – белгілі бір жағдайда өмірдің мәнін интуитивті іздеу. Өмірдің мәні дегеніміз бақытқа жетіп, өмірдің рахатын іздеу емес, жасампаздық, бастан өткізу, қарым-қатынас құндылықтарын іске асыру. Өзін-өзі белсендіру мақсаты – қас-қағым сәтте толыққанды өмір сүру. Бірақ адам бұл уақыттың қысқа екенін сезінбейді, егер адамның өмірі мән-мағынаға толы болса, ол



өзін толық аша алса, өзінің қажеттілігін сезіне білсе, ол өзіне де, өз өміріне де өте риза болып, өмірінің ақырына дейін белсенділігін жоғалтпай, өмірінің табыстарына қуанып, өзінің істеріне көңілі толумен болады. Әрине, алдыңғы жағдайлар сияқты, өзіндік өзектілікте де кері беталыс бар, ол – өзінің істеу керек әрекеттерін орындамау, осыдан өзін-өзі алдау, өзін-өзі қорғау үшін әртүрлі сылтаулар іздеу басталады, оның түбі торығуға, үмітсіздікке әкеліп соғады. Сонымен, өзін-өзі белсендіру үрдісінде адам болымысының екі бағыты тоғысады: өзіндік тану мен өзіндік өсу. Өзін-өзі тану арқылы, адам өзінің қажеттілігін мойындату үшін өз дарынын, қабілетін, мүмкүндіктерін барынша аша түседі және соларды пайдаланады. Өзін-өзі белсендіруді сезіну – өмірінің мәнін табу, өзін толық ашу, өз міндетін толық орындау, өмірді толық сезініп, өз өмір сүруінің басты қажеттілігін түсіну, сезіну[4].

Өзін-өзі дамыту қалай іске асады? Бұл өзін-өзі тәрбиелеу барысында іске асады, яғни адам өз өмірімен бәсекеге түсіп, өзінің алдына міндет қояды, өзіне-өзі бұйрық береді. «Өзін-өзі дамытудың» мақсатқа жету қортындысы – адамның өзіне-өзі көңілі толуы, өзінің жетістіктерін көруі, алдына қойған мақсатын орындай алуы, өз өміріне ризалығы, өз істеріне көңіл толуы, айналасындағы адамдармен жақсы қарым-қатынасы. Өзін-өзі белсендіру – өзін-өзі дамытудың жоғарғы формасы, ол алдыңғы екі формамен тығыз байланыста, әсіресе өзін-өзі дамытумен көптеген ортақ мақсаты мен себептері бар. Өзін-өзі белсендіру теориясының авторы А.Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі белсендіру – бұл әркімнің өзіне берілген міндетін орындауы, өзіне берілген қасиетті пайдалану арқылы айналасына әсер етуі. Өзін-өзі белсендіруге қажеттіліктен адам өз өмірінің мәнін іске асыру мүмкіндігі туындайды.

Сонымен, қорыта келгенде, өзіндік даму қиын, күрделі, жан-жақты үрдіс екенін көрдік. Тұлғаны өзін-өзі дамытудағы басты мақсат — адамның өз қарымы мен қабілетін мейлінше толыққанды жүзеге асыру арқылы өзін таныту және жеке қасиетін ашу мүмкіндігі. Алайда, бұл қасиеттерді басқа адамдардың қатысуынсыз қалыптастыру қиын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Маслоу А. Новые рубежи человеческой природы.–М.: 2010
2. Орақова А.Ш, Корнилова Т.Б. Коуч – мұғалімнің жұмыс кітабы. – Алматы, 2014ж.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе - «Алматы университеті», Оқу құралы – 2012 ж.
4. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание человека и мир. – Киев, 2003.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ**

**МАМУТОВА Гулдарига Туремуратовна**

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ

Ақтау, Қазақстан

mamutova.g@orleu-edu.kz

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу маңызды. Бүгінгі күні оқушының білімді дайын күйінде қабылдамай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде қабылдауының маңыздылығы жоғары екендігі дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек есте сақтау дәрежесінде болса, сындарлы білім үйренушіден білу, түсіну, қолдану, талдау негізінде жаңа мазмұн құрастыруды және жинақтау, бағалау негізінде белсенді әрекеттерді жүзеге асыруды талап етеді. Ал оқушы бұл талапты мұғалім әр сабақта оқытудың интерактивті әдістерін қолданғанда ғана орындай алады.

Сондықтан оқыту әрекетінде мұғалім бар күш – жігерін, педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы тиіс. Сонда ғана оқушы өз тарапынан белсенділік танытып, дербестікке ұмтылады, оның өзіне деген сенімі артады.

Интерактивті оқытудың негізгі қағидалары мен мақсаттары:

1 - қағида: орта қалыптастыру

Мақсаттары:

- білім алушылардың оқып, үйренуде өз әрекеттерінің нәтижелі екендігін сезінуіне жағдай жасау;
- білім алушылар арасында ашық, еркін, шығармашылық қарым-қатынас орнату;



- оқушыларға білімді дайын күйінде бермей, өз бетімен ізденуге бағыт -бағдар беру.

2 - қағида: әрекет арқылы үйрету/үйрену

Мақсаттары:

- оқушыларға білімнің өзіндік әрекеттер арқылы ғана тиімді түрде меңгерілетіндігін ұғындыру;

- оқушыларды белсенді әрекеттерге баулып, олардың білім игеру әрекеттерін ұйымдастыру.

3 - қағида: өмірмен байланыстыру

Мақсаты:

- үйрету/үйренуді тәжірибелік әрекеттерге негіздеу, пән мен тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді шешу деп қарастыру.

4- қағида: дербестікке баулу

Мақсаттары:

- білім алушыларды дайын жауаптарды пайдаланбай, ой-толғаныс арқылы өзіндік пікір қалыптастыруға, мәселені шешуде өз көзқарасы тұрғысынан жауап беруге ынталандыру;

- оқушылардың сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Бұл біліктер тұлғаның тұрақты қасиетіне айналып, мектепте алған білімін өмірдің барлық жағдаяттарында қолдана білуіне жол ашады [1].

Оқыту және оқу үдерісінде оқушылардың білімін жақсарту мақсатында қолданылатын интерактивті әдістердің түрлері сан алуан. Дегенмен, оқу мақсаттарына жету үшін осы әдістерді табысты қолдану - мұғалімнің біліктілігі мен шеберлігіне байланысты.

Оқыту үдерісін ұйымдастыруда интерактивті әдістерді қолдану нәтижесінде мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

- оқушылардың барлығы бірлескен таным үдерісіне белсенді араласуға мүмкіндік алады;
- әр оқушының үйренгені мен білім туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, ой толғауына мүмкіндік беріледі;

- білімді оқушылардың өздері құрастыратын ортасы қалыптасады.

Мұғалім әр сабақта тақырып бойынша оқушының ойын, пікірін, идеяларын, дүниетанымын, көзқарасын, ұстанымын, түсінігін, пайымдауын, уәждерін, дәлелдерін, ұсыныстарын негізге ала отырып, оларға нені үйрету керектігін анықтауы керек.

Мұғалімнің қолдауымен оқушылар нені үйрену керек?

- өмір сүруге бейімделу, адам, тұлға болуға ұмтылу;
- ойлай білуге үйрену;
- өзіндік түсінік қалыптастыруға дағдылану;
- жаза білу, өз көзқарасы мен пікірін жазу арқылы жеткізуді үйрену;
- білімді игерудің тиімді тәсілдерін үйрену;
- әлеуметтік (өмірлік) тәжірибе арқылы үйрену.

Бұл білім, білік, дағдыларды оқушылар қалай үйренеді?

- өздігінен;
- белсенді әрекеттер арқылы;
- бірлесе жұмыс жасау арқылы;
- өмірмен байланыс арқылы;
- рефлексия арқылы.

Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану бойынша ұсыныстар.

*Бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен).*

Интерактивті оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанғандықтан, әсіресе бірлескен топтық жұмыс әдістерінің маңызы ерекше екендігін айтуға болады. Бұл тәсілдің аясында оқыту білім берушілер мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып, оқыту үдерісіне қатысушы әрбір жеке тұлғаның жеке үлесі мен қабілеті мойындалады. Үдеріске қатысушылар ақпаратты бірлесіп отырып белсенді іздеу, талқылау, талдау және жинақтау арқылы жаңа білім алады. Жұмыс тиімді болуы үшін, ынтымақтастық оқу жағдайында өкілеттік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің бірлесіп әрекет етуі арқылы ымыраға, бір келісімге келуіне негізделген [2].

*Жеке жұмыс және бірлескен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру*

- Бағалау марапаттауға ғана емес, қалыптастырушы мақсатта болуы тиіс және нақты бағалау критерийлеріне бағдарлануы тиіс.

- Сараланған бағалау критерийлерін алдын ала хабарлаңыз.

- Әрекет ету стилін өзгертіп отырыңыз және оқушыларға шамадан тыс қысым жасауға жол бермеңіз.



- Оқушылардың өзін-өзі бағалауын ынталандырыңыз, өзін-өзі бағалауға арналған парақшаларды қолданыңыз.

- Пән аясында оқушылардың өз бетінше оқуы мен жазуы мен меңгеруін қадағалаңыз.

- Күтілетін жоғары нәтижелерге бағдарлай отырып, жаттығуларды оқушылардың қабілеттерімен сәйкестендіріңіз.

- Оқушылар жауаптарының ерекше болып, өз бетінше тұжырымдалуын және бастама көтеруге ұмтылуын қолдаңыз.

*Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда оқушыларға зерттеудің алты қадамы бойынша жұмыс жасауға бағыт беру керек:*

1. Тапсырманы анықтау: Мен нені анықтауым керек? Мен не істеймін? Мен қазір не білемін? Маған қандай лексика керек? Мен өз жұмысымды қалай таныстырамын?

2. Ақпараттың орналасқан орны: Мен ақпаратты қайдан таба аламын? Маған кім көмектесе алады?

3. Тиісті ресурстарды таңдау: Бұл ақпарат пайдалы ма? Мен нені сақтауым керек? Маған нені өшіріп тастау керек? Ресурстар қаншалықты сенімді болып табылады?

4. Ақпаратты ұйымдастыру: Мен жазбаларды өз сөзіммен жаза аламын ба? Мен оларды қалай ұйымдастырамын? Мен ақпараттың қайдан алынғанын белгіледім бе? Мен жеткілікті ақпарат алдым ба?

5. Идеяларды ұсыну: Менен өз жұмысымды қалай таныстыруды сұрады? Мен оны қалай құрылымдауым керек? Мен өз жұмысымды кімдерге таныстыратын боламын? Мен тез тіл табысқышпын ба?

6. Соңғы өнімді бағамдау: Мен бірдемені қалдырып кеттім бе? Менің жұмысымның мәні бар ма? Мен орфографиялық және грамматикалық нормалардың сақталуын тексердім бе? Мен өз жұмысымды оқыған адамның алдында мақтаныш сезіне аламын ба? Мен не үйрендім?

*Пікірталастарды ұйымдастыру*

Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу үдерісі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Осы мақсатта жүргізілетін пікірталастарда жеке тұлғаның қарым-қатынас мәдениетіне, ортада өзін-өзі ұстау мәдениетіне, пікірталас түріне лайықты сөйлеу мәнеріне, көркем тәсілдер мен бейнелі сөз орамдарын дұрыс қолдана білуге үйретуге назар аударылады.

*Ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау*

Ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасау ілгері деңгейдегі, мазмұны терең ресурстармен жұмыс жүргізуге бейім балаларға арналады. Оқушылар бәріне ортақ бір сұраққа жауап бергенімен, күрделілік деңгейі әртүрлі ресурстарға сүйене отырып, өз жауаптарын негіздей алады. Дереккөздер әр түрлі - баспадан шыққан, электронды болуы мүмкін. Ұсынылатын ресурстар қолжетімді, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес болуы керек. Сонымен қатар оқушылардың қабілетіне, жаттығуды орындау қарқынына байланысты күрделілігі, көлемі әр түрлі ресурстарды (мәтіндерді) қолдануға болады.

*Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру*

Шығармашылық әрекет – оқушының өз жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет.

*Кез келген оқу әрекеттерін кері байланыспен аяқтау*

Кез-келген білім алушы үшін маңызды ресурс - қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Оқушылар жұмысты қандай деңгейде орындаса да, үнемі бағалануы тиіс, яғни мұғалім оқушыға үнемі тиімді кері байланыс беріп отыруы керек. Кері байланыс - белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру, онымен келісіп, келіспейтіндігін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір, баға беру, жауапты реакция [2].

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтарында интерактивті әдістерді пайдалану.

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері бойынша оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқушылардың жан-жақты дамуының тиімді және сапалы бастау көзі ретінде қарайтын болсақ, онда оқушылар оқу және танымдық әрекеттерге молынан араласуы, қатысуы керек. Тіл мен әдебиетті әрекет үдерісі негізінде оқыту арқылы оқытудың өзіндік әдістемелік жүйесі құрылады. Ондай жүйе құрудың ұстанымдары:

- оқушылардың қызығушылықтарын ескеру;



- ой мен әрекет ету әдіс-тәсілдеріне жаттықтыру арқылы білім беру;
- таным мен білім - қиыншылықтарды жеңе білудің нәтижесі;
- еркін шығармашылық жұмыс, еңбек пен ынтымақтастық. [2].

*Бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен) бойынша оқу мақсатына сәйкес тапсырмалар үлгілері:*

1- мысал

Қазақ тілі, 8- сынып.

Бөлім: Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары.

Сабақтың тақырыбы: Археолог-құрметті мамандық

Оқу мақсаты:

Т/А 8.1.1.1.- мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау [5].

1-тапсырма

Тыңдалым

«Археолог-құрметті мамандық» тақырыбындағы мәтін аудиожазбадан тыңдатылады.

«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау үшін сұрақтар қойылады. Оқушылар ойланып, әрқайсысы жеке жауап жазады. Берілген тапсырма бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі, бұл бүкіл топтық талқылауға ұласады. Өздерінің ең үздік деген жауаптарын біріктіреді.

2-тапсырма

Топтық жұмыс: «PRES» тәсілі арқылы мәтінде көтерілген мәселеге қатысты өз ойын білдіреді.

Позиция: «Менің ойымша, .....» немесе «Мен ..... деп санаймын» деген құрылымдарды қолданып, мәселеге қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді.

Негіздеу: «Өйткені, .....» деген сөзден басталатын сөйлем құрылымын пайдаланып, өз ойының пайда болу себебін, өз ұстанымының неге негізделгенін түсіндіреді.

Мысал келтіру: Өз ойын мысалы сөзімен жалғастырып, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдеулер келтіреді.

Қорытынды: Өз ойын «сонымен (сондықтан, сөйтіп) мен ..... деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай жасау керектігі туралы қорытындыға келеді [4].

*Жеке жұмыс және бірлескен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша оқу мақсатына сәйкес тапсырмалар үлгілері:*

Қазақ әдебиеті, 9-сынып

Бөлім: Мәңгілік ел- мәңгілік мұрат

Сабақтың тақырыбы: Кнут Гамсун «Аштық» романы

Оқу мақсаттары:

Т.Ж.9.1.3.1. Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау.

Т.Ж.9.1.4.1. Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

[6].

1-тапсырма

«Ой күмбезі» әдісі арқылы шығарманың идеясына сай кейіпкер жүйесін ашады (жеке жұмыс).

Бағыттары	Түсініктеме
Ой қазығы	<i>Негізгі сөзді тауып, түсінік беру</i> Кейіпкер – Ведель-Ярльсберг
Ой желісі	<i>Негізгі сөзден өрбитін ойды талдап, жан-жақты зерделеу</i> Жаны нәзік, өзгеше жан, әсершіл адам, тез күйіп, тез суитын, санасы сансыраған, күйзелген көңіл-күй, тез сабасына түсетін тұлға, т.б.
Ой өрімі	<i>Түйінді сөзді жинақтау, дәлелдеу, өзге ұқсайтын құбылыстармен салыстыру (сөйлем жазу):</i> - Аштық қысса да, адамгершілігіне көлеңке түсірмейді. - Адамдықтың адал жібін аттамайды. - Еңсесін езген тұрмыс тепкісіне шыдайды. - Өзегін өртеген жоқшылық үшін қоғамды кінәламайды.
Ой күмбезі	<i>Ойдың маңызы мен мәнін ашып, қажеттілігі мен орнын айқындап, баға беру (түйін)</i> Өзінің дарындылығына сенімі мол кейіпкер аштықтан азап шексе де, намысын қолдан бермеуге тырысады. Тәні мен жаны ауырған ол өзінің ішкі дүниесін елес пен қиялға толтырады. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір жаппай енжарлықтың тас қабырғасын құлатып,



өзін қалың қауымға танытатынына сенеді. Иіліп-бүгіліп өмір сүргеннен тік тұрып, өлгенді артық санайды.
--

Шығарма үзіндісін пайдалана отырып, романдағы оқиға орын алған жерге (Норвегия елінің Христиания қаласы) ұқсас қаланы/жерді (Қазақстанның кез келген қаласын алуға болады) зерттеңіз. Салыстыру жасау үшін карта, эскиз, халық саны және өзге де демографиялық деректерді пайдаланыңыз, зерттеудің алты қадамын пайдалана отырып, зерттеу жұмысын жазыңыз.

Зерттеудің алты қадамы

1. Тапсырманы анықтау
2. Ақпараттың орналасқан орны
3. Тиісті ресурстарды таңдау
4. Ақпаратты ұйымдастыру
5. Идеяларды ұсыну
6. Соңғы өнімді бағамдау

*Кез келген оқу әрекеттерін кері байланыспен аяқтау*

Қазақ тілі, 9-сынып

Сабақтың тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жетістіктері

Оқу мақсаты:

Ж.9.3.6.1. Жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау [5].

Тапсырма

«Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтінге бір оқушы аннотация, екінші оқушы тезис жазады, мәтінді абзацтарға бөледі. Жұптасып, бір-бірінің жұмыстарына логикалық түзетулер енгізіп, редакциялайды.

Бұл жұмыс түрінің мақсаты – балаларды басқа адамға өз пікірін айтуға, дәлелдеуге, басқаның пікірімен санасуға мүмкіндік береді.

Мәтінді өзара редакциялаудың кезеңдері:

- 1-кезең: қошемет сөздер
- 2-кезең: ұсыныстар
- 3-кезең: түзетулер

Жағымды жақтарын анықтап болған соң, мәтінді қалай жақсартуға болатыны туралы нақты ұсыныс жасауы керек. Соңында логикалық түзетулер енгізеді, редакциялайды [3].

Оқушылар осылайша бір-біріне кері байланыс береді. Қалыптастырушы бағалау да кері байланыс арқылы жүргізіледі. Оқушы үшін мұғалімнің ауызша, жазбаша кері байланысының маңызы өте зор. Тиімді кері байланыс арқылы оқушы өзінің тапсырманы қалай орындағанын, жетілдіру үшін не істеу керектігін түсініп, дер кезінде қателігін түзетуге бағыт-бағдар алады.

Мысалы осы тапсырмаға мынадай үлгіде кері байланыс ұсынуға болады: *абзацтарға дұрыс бөлгенсің, редакциялауың сәтті шыққан, тың деректер мен детальдерді ұтымды пайдаланғансың, ұсыныс білдіруде нақтылық қажет, логикалық түзетулер енгізуде мұқият бол, ойыңды жинақтап, жүйелеп жаз, т.б.*

Интерактивті әдісті қолдану арқылы сабақ үдерісінде білім алушылар мен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынас орнайды. Ондай қарым-қатынас білім алушылардың әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға бағыттайтын тапсырмаларды орындауы кезінде қалыптасады. Онда білім алушылардың жауабынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды болады. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Бұл мұғалімнің шығармашылық жұмысы мен үлкен еңбегінің жемісі болып табылатын сабақ үдерісін тиімді әдістерді қолдана отырып дұрыс жоспарлауына, ұйымдастыру қабілетіне тікелей байланысты.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Алимов. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016
2. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016
3. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, Үлестірме материал, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016



4. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Астана – 2016 ж.

5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша

6. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СЫНИ ОЙДЫ ДАМУЫ**

**МАМЫРОВА Гульшат Тельмановна, МУХАШОВА Хадиша Даулбаевна**

№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектеп

Ақтөбе облысы, Мәртөк селосы, Қазақстан

Andirova\_v@mail.ru

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Республикамызда мектептегі білім беру жаңа кезеңнің алдында тұр. Дүниежүзілік экономикалық форумның (бұдан әрі – ДЭФ) ХХІ ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Бұл – командадағы жұмыс дағдылары, көшбасшылық қасиет, бастамашылық, ІТ-біліктілік, қаржылық және азаматтық сауаттылық және басқалар. Қазақстан ДЭФ-тің «ХХІ ғасыр дағдыларындағы ауытқуларды зерттеу» рейтингінде мектеп оқушыларының танымдық және эмоциялық зиятының деңгейі төмен елдер тобында тұр. Құзыреттілік және жеке мінездемелер деңгейі базалық дағдылардан едәуір төмен. ХХІ ғасыр қоғам өмірінің әр түрлі саласында үнемі өзгеріп отырған маңызды ғаламдық процестермен сипатталады. Ол білім беру саласына да әсер етіп, оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың жаңа жолдарын іздестіруді талап етеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни, оның нәтижесін көңіл толарлықтай болуын қадағалау жаңашыл педагогтардың қолында болды. Олар педагогика «жаңа технологиялар» терминін енгізді.

Жаңашыл-педагогтардың негізгі мақсаты – оқушылардың алатын білімін сапалы ету, оның толық қанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз алу.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім, дағдасын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі адам ресурстарын арттырудың ұстанымдарын, шығармашылық ойлауды қалыптастырудың теориясын басшылыққа ала отырып, әлемдік бәсекелестікке лайықты жаңа тұлғаны субъект ретінде тәрбиелеу болып отыр. «Субъектілік» ұғымының мазмұны оқытудың жүйесіне жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында өсіп келе жатқан жеке тұлғаны субъект ретінде жан-жақты дамыту мәселесін қойып отыр.

Ғалым А.В.Брушлинскийдің ұйғарымы бойынша, «Субъект»-аса жоғары белсенділік, біртұтастық, автономдық деңгейіне жеткен адам. Адам субъект болып дүниеге келмейді, субъект болып дамып жетіледі. Оның субъект ретінде дамуының алғы шарты іс-әрекет, қарым-қатынас, тіршілік барысы болып табылады.

Егер білім беру ортасында субъект – субъектілік қарым-қатынас педагогикалық, психологиялық тұрғыда қолайлы ықпал ететін ахуал болса, тілі, ойы дамыған бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырады. Мұғалім алдындағы балаға субъект ретінде қарап, оның ой белсенділігін, саналы әрекет белсенділігін күнделікті дамыта білуі керек. Сонда ғана тілі, ойы дамыған, өзіндік ой тұжырымы, ұстанымы бар, өмір қағидаларына бейімделген субъект қалыптасады. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу-әрбір ұстаздың басты міндеті. Қайсыбір мұғалімдер сабақтың жаңа түрін пайдаланса, кейбіреуі жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін қолданады қай әдісті пайдаланса да, мақсат-бағдарламадағы материалдың мазмұнын шәкірт бойына сіңіру. Бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуі әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуді, батыл шығармашылық ізденісті талап етеді.





Технологизациялау үдерісі шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы туралы әр түрлі түсініктер айтылады: бір жағынан бұл негативті, яғни айтысу, конфликт деген ой тудырса, екінші жағынан «сыни ойлау», «аналитикалық ойлау», «логикалық ойлау», «шығармашылық ойлау» деген түсініктерді қамтиды. Бірақ «Сын тұрғысынан ойлау» термині ежелден белгілі психологтар: Ж. Пиаже, Дж. Бруннер, Л. С. Выготский еңбектерінен белгілі болғанымен Ресей педагог-практиктері сыни ойлауды жақын аралықта пайдаланып келеді.

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Қазіргі мектепте мұғалімдерге қойылған жаңа технологияны ғылыми түрде меңгерту және терең білімді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу мәселесі барлық жерде қолдау тауып отыр.

Шәкірттердің сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыларға құбылыстардың себептерін толық ұсынуға; ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге; олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға ерін ойлауға байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарлайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытынды жасауға да өз үлестерін қосып қуаттана марқаяды, келесі мәселенің түйінін шешуге еркін аралады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Бұл технология арқылы оқушылардың тіл байлығы жетілдіреді, өз ойын мазмұнды, мағыналы, дәлілді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгертеді, сөйтіп келесі мәселені талдауға дайындайды.

Сонымен қатар технологиялау үрдісі балаға өз бетінше ойланып, қорытынды жасай білуге, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауды үйренуге машықтандырады.

Теориялық мәселелерді практикада қолдануға баулиды, шығармашылық ізденіс әдістерін игеруге көмектеседі. Педагогикалық технологияның ерекшелігіне тұтас педагогикалық процесте әрбір технологиялық бөлімге, жүйеге, тізбекке, тәсілге мүдделі орын табу керектігі жатады. Ешқандай технология тірі, эмоционалды адамның сезімдік, адами қарым-қатынасын, ерік-күш, жігерінің ықпалы мен өзара мәлімет алмасуы, іске, өмірге араласуын алмастыра алмайды. Барлық оқушыларды оқытып, тәрбиелеуде бірдей жоғары нәтижемен қамтамас ету мүмкін емес. Технологизациялау үрдісінің педагогикалық нәтижесіне мұғалімнің шеберлік деңгейі, дәрежесі әрбір баланың жалпы дамуы, ұжымдағы орны әрбір баланың психологиялық жөнге салынуы үлкен әсер етеді. Дағдырыстың дамуға деп жатқан қазіргідей заманда педагогтерге қойылатын талапты талғаммен ұштастыра алатын тұлға ғана бала жүрегіне жол тауып, шәкірттің алға жетелемек. Бүгінгі таңда, демек, болашақта да білім қажеттілігі адамның белсенді өмірін қамтиды. Сондықтан жастардың бүгінгі білімі – болашақта өз білімін жетілдірудің және өз бетімен білім алуларының тек қана негізі. Мұнан шығатын қорытынды оқушыларды үздіксіз білім алуға дайындаудың тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі екендігі сөзсіз.

Оқушылардың оқудағы белсенділігі оқуға қажетті білім, білік, дағдыны саналы меңгеруінен, оны тәжірибеде пайдалана алуынан көрінеді. Ол оқу үрдісінің барлық кезеңіне қажет. Оқу тапсырмаларын орындау нәтижес ішкі белсенділікке байланысты. Ішкі белсенділікке оқушының белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Адамның қандай да болмасын әрекеті белгілі бір қажеттіліктерден туындайтыны баршамызға белгілі. Демек, оқушыларға ұсынылатын тапсырмалары олардың және қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталуы тиіс.

Сыни ойлау туралы әртүрлі анықтамалар болса да, олардың барлығынан жақын мән, яғни бағалау және рефлексивті ойлауды көруге болады. Бұл ашық ойлау, ол догмаларды қабылдамайды, жаңа ақпаратты өмірмен байланыстыру арқылы дамиды ойлау. Міне осынысымен ол шығармашылық ойлаудан ажыратылады. Сыни ойлауды «шығармашылық ойлауды дамытатын жол» -деп бекер айтпаған.

Қазіргі уақытта білім берудің алғашқы парақтарында «адам проблемасы» өзекті мәселелердің біріне айналып, «адам проблемасы» қазіргі ғылымда білім беру саласында толығымен зерттеуді қажет ете бастады. Білім берудің мақсатында – адамның өмір сүру ортасының мағынасы мен бейнесіне сәйкес, тұлғаны қалыптастыруға назар аударылуда. Білім беру саласының проблемаларының болжамдарында, әзірленген білім беру жүйесінің көмегімен – биосфералық, адамдағы ізгілікті, жоғары



биологиялық және әлеуметтік сапаларды жасай, қазіргі заман талабына сәйкес білім беру қарастырылған.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалім нұсқаулығы. Александер (2004). (Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну.)
2. Қонқабаева Г.Қ. Қазіргі білім беру технологияларының әдіснамалық негіздері. Ақтөбе, 2012.
3. С.Мирсеитова, Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде, «Кәсіби даму мектебі», Қарағанды 2011ж.

## АДАМ ЖАНЫН ТҮСІНЕ БІЛУ, ОНЫ ЗЕРТТЕЙ БІЛУ - ҮЛКЕН ӨНЕР МАНСИЯ Сағидоллақызы Сағидоллаева

*Ғылыми жетекші: Сабирова Ж.Н.*

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
Атырау, Қазақстан  
zhanylsyn.sabirova@mail.ru

### Аннотация

Бұл мақалада Төтенше жағдай мекемесінде жұмыс жасап жатқан адамдардың психологиялық ерекшеліктерімен оларға экстремальды жағдай кезінде позитивті ойлауға, өмірге деген құштарлығын арттыруға, топпен жұмыс жасаудың маңыздылығына бағыттау негізінде ұйымдастырылған шаралар қарастырылған.

«Армансыз адам - қанатсыз құспен тең» - дегендей, кез-келген жан өзінің қалауы бойынша бір мамандықтың иесі атанады. Мамандықты дұрыс таңдай білген адам: сол мамандықтың қыры мен сырын меңгеріп, шыңына жете білу керек. Мамандық - жай күнелту, ақша табу емес. Әр адам өз мамандығына рухани күш алып, еңбектің рахатын көреді. Адам атақ-абыройға кенеледі. Кез келген адамнан шеберлікті, қажымас қайратты, еңбектенуді керек етеді. Міне, осынау ХХІ ғасыр дәуірінде қым-қуыт, адамы мен заманы көптеген өзгерістерге тап болған кезеңде психолог мамандығы қажет. Кез-келген мекеме психологы, ең алдымен адамның ішкі жан дүниесін зерттейтін маман. Сол ортаға жақсы ахуал туғызып, күйзеліске ұшыраған адамдарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, жол көрсету. Психолог адамның сырласы, адам жанының елшісі.

ХХІ ғасырдың сұранысқа ие мамандықтың 5-тігіне кірген психология мамандығын толықтай меңгерген, мен жас практик-психолог ретінде, өндірістік тәжірибемді «Атырау облыстық Төтенше жағдайлар департаменті» мекемесінде өзімнің теориялық алған білімімді практикада ұштастырып, мамандығыма деген қызығушылығымды арттырып, психологияның қыры мен сырын түсіндім.

Қазіргі заманда адамның тұтыну құралдарының дамуы артқанмен, адам бойындағы асыл қасиеттердің құндылығы азайып келе жатыр. Күн ұзағына жұмыс барысымен арпалысқан адам бір сәт жабырқау тартқан жанына рухани қуат іздейді. Сол сәтте оның жағдайын түсініп, көмек қолын созатын адам – психолог қана. Психологпен әңгімелесу сананы сілкіндіріп, тұнық ойлардың тұма көздерін ашары бүгінгі күні дәлелденген шындық.

«Өлейін деп өлмейді өлерлік жан» - деп ұлы дана Абайымыз, демге лаулап, дес бермей кететін қызыл жалынның қауіптілігін ғана емес, өмірі өрт өтінде жүретін жандардың жұмысы қаншалықты қиын екендігін де айғақтаса керек. Ғаламдағы ең қауіпті мамандықтардың бірі – өрт сөндіруші қызметі. Өрт сөндіруші мамандығы – өте маңызды және қауіпті. Өрттерді шебер әрі тез сөндіру үшін, ержүрек адам болу кемшілік етеді, өрт қауіпсіздігі ережелерін, өрт сөндіру техникасын және отпен күресу амалдарын білу қажет. Өрт сөндіруші епті әрі күшті болуы міндет. Ол үшін олар спортпен шұғылдануға үлкен назар аударады, жаттығу барысында өрт сөндіруде қолданылатын арнайы тәсілдер мен жаттығуларды шынықтырады. Өрт сөндірушілер әр минут сайын өз өмірлерін тәуекел етеді, өзіне қауіп төндіреді. Оттың жалынында, өмірдің арпалысында жүрген қиын мамандық иелерін психологиялық тұрғыдан дайындап, аптасына кем дегенде бір рет психологиялық тренингтер, релаксациялар, медитациялар өткізіп, өмірімен қызметіне психолог ретінде жаңа серпеліс беріп отырдық.

Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым – қатынасы деп, А. Линколын айтпақшы кез-келген мекеме психологының ең басты міндеті, ұжымның ұйытқысын ұйытып, қызметкерлердің бір-біріне деген қарым-қатынасын нығайту. Ең алдымен маған жүктелген міндет



Үш-ақ нәрсе-адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.-десе,

17-қара сөзінде:

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, былай депті:

- Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта.

«Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа»,-дейді». Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген педагогика ұстанымдары жатыр. Осы жерде жас ұрпақты тәрбиелеу ісі ең алдымен, оларды адамды сүюге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады.

Абай қара сөздерінің өзі жеке бір әлем екені сөзсіз. Ол өзінің өлеңдері мен қара сөздері арқылы адам өмірін мағыналы етуді, ақылға, еңбекке сүйеніп өмір сүруді, жамандық жасамауды, адамгершілікті сақтауды жастарға өсиет етті. Абайды оқып, таныған сайын оның жаңа сырларына қанық боламыз. Иә, Абайды тану-мұрат, Абай шыққан биікке талпыну-парыз.

Ұлы ақын мұраларын оқушының жас мөлшеріне, қабылдауына, тұшыну, түйсіну, қабілеттеріне қарай оқыту мен талдауға болатынын ескеру қажет.

Мысалы, «Сегізінші» қара сөзінде берілетін ойға қатысты -Абайдың ғылым, білім, ар, ұят жайлы пайымдауларын қалай түсінесіңдер? немесе -Адам бойындағы қандай қасиеттерді ерекше бағалайсыңдар, бізге қандай қасиет жетіспейді?, «-Баланың жақсысы-қызық, жаманы-күйік» мәнін қалай түсінесіңдер?, -Ақын адам бойындағы қандай жағымсыз мінездерді мінейді, одан арылудың жолдарын қалай көрсетеді? немесе «Он сегізінші» қара сөзінде айтылатын киіну мәдениетіне байланысты -Адам баласы адам баласынан қандай ерекшеліктермен озады? деген сипатта берілетін танымдық тапсырмалар оқушының логикаға жүгіну дағдысын қалыптастыруда, өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал ететіні сөзсіз.

М.Әуезов Абайдың қара сөздерін талай оқып, мынадай терең ой тастайды: «Он жетінші сөзінде Абай Адам жан-жақты, асыл қасиетті болу үшін оның бойындағы қайрат, ақыл, жүрек үшеуі бірдей болып, тең табыссын деген талап қояды.... адамды адам етіп өсіретін, ұлғайтатын ақыл, ғылым, ар, мінез деген ой түйеді.»

Ұлы дананың осы бір тұжырымынан-ақ Абай мұрасының жеке тұлға қалыптастыру үрдісінің қайнар көзі екеніне көз жеткізуге болады. Абайтанушы ғалымдар, әдебиетші, тәжірибелі ұстаздардың ақыл-кеңесіне, ең бастысы, ұлы ақынның төл шығармаларына сүйене отырып, Ұлтжанды, Азамат



баласын құрметтейтін, ізгілік пен имандылықты өмірінің мақсаты ете білетін әділ, «халық» деп соғатын жүрегі бар жаңа буынды қалыптастыруға түрткі жасау-басты мақсаттарымыздың бірі болмақ.

Ақын өлеңдерінде көтерілген адамгершілік, гуманистік мәселелер қара сөздерінде де терең, дәлелді пікірлермен беріледі. Абайдың қара сөздер арқылы адамтану мәселесіне айтылған ой-пікірлерінің бірі еңбек тақырыбы. Ақын:

«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын», -деп бір толғаса, 14-ші қара сөзінде:

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығынан азады. Осы қара сөзде айтылатын қазақтың «жүректі кісі» дегеніне талдау жасауы, «жүрек ісі» туралы ақынның өз пікірі (рақымдылық, мейірбандық, асықтық та жүрек ісі деуі), адамның азу себебі туралы ойлары, «жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығы адамды аздырады» деген пікірі қарасөздің негізгі түйіні екенін оқушы санасына түсіндіре кету керек. Қара сөзді бірнеше рет асықпай оқытып, Абайдың өз сөзімен «Жүректі кісі деген кім? Жүрексіз деген кім?» екенін танымдық-ізденістік тапсырма арқылы түйіндеуге болады. Сондай-ақ, «ер жігіт», «пысық жігіт», «мықты жігіт» деп қазақ мақтайтын адамдарға қарсы Абай пікірін мәтіннен таба отырып, жауап бергізсе, қара сөздің ең ақырғы сөздеріне назар аударып «өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі тәуір түгіл, әуелі адам ба?» деген ақын тұжырымы бойынша пікірлесумен қортындыласа, сөз астарында жатқан ойға тереңірек үңілер еді. Қара сөзді оқыта отырып, оқушы назарын ең басты мәселеге, яғни қарасөз негізінде жатқан басты ойға, көптің айтып жүрген пікірлеріне қарсы пәлсапалық өзіндік ой тұжырымдарға аударып, оқушылар ойына қозғау салып, өзіндік пікірлеріне ықпал ету – ұстаз шеберлігі.

Сондай-ақ, осы қара сөзді талдау барысында «жүрек пәлсапасы» Абайдың барлық шығармасына тән екендігін, оның қай тақырыптағы шығармаларын алмайық, ақынның жүрекке бой ұратынын, басты себебі ақын іздейтін толық адам-«жылы жүректі» адам екендігін түсіндіру керек. Келесі қара сөзін (15) түсіндіру барысында алдыңғы (14) қара сөзбен байланыстыра, сабақтастыра отырып оқытудың тиімділігі зор болмақ. Жасөспірімдерге айтар ақыл, үлгі, тәрбие қомақты. Ақынның педагогикалық көзқарасы адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, өз ісіне өзі сынмен қарауы, өзінен-өзі есеп алуы керек деген пікірге саяды. Өзін-өзі тексермеген адам Адам емес. Өзін-өзі тексеру неге керек? Абайша «не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды іс істедің бе, осыларға пайдалы өмір сүрдің бе, соны ажырату үшін керек екен. Міне, қара сөздер негізінде жатқан осы бір маржан ойды меңгерту-сабақтың мақсаты болмақ.

Қара сөздер негізінде пәлсапалық ой жататындықтан, оны меңгеру оқушыларға жеңіл тимейтіні түсінікті. Сол себептен әр ұстаз оны оқытудың қонымды әрі тиімді жолдарын табу үшін ізденуі керек деп ойлаймын. Қара сөзді оқытудың тиімді әдістемесіне мәнерлеп оқу, танымдық-ізденістік сұрақтар негізінде пікірталас, мәтінге жуық мазмұндау, рөлге бөліп оқу, ең басты мәселелерді ғана теріп жазуға дағдыландыратын шағын конспектілеу, екі жақты, үш жақты күнделік, көрнекіліктерді жатқызуға болады. Осындай сабақта ұстаз оқушыларды бірнеше оқу дағдылары мен машықтарына баулиды.

Абай қара сөздерінің бізге, кейінгі ұрпаққа берері көп екені, тәрбиелік, үлгі аларлық насихат сөздерге толы екеніне көзіміз жетті.

Абай насихаты-ынтымақшыл, арлы, адал, еңбекқор, иманды, талапты, үлкен жүректі кісі болу, Абайдың өз сөзімен айтсақ:

Терең ойдың түбінде теңізі бар,

Тесіле көп қараса, көңіл ұғар. Яғни, кез келген нәрсені сол қалпында қабылдай бермей, сын көзбен қарауға, өзіне керекті нәрсені танып, талғап ала білуге шақырады. Сондықтан, Ұлы ақын Абайдың қара сөздерін оқыту, насихаттау арқылы әдептілік, имандылық, кішіпейілділік, тапқырлық, шешендік, ойлылық секілді халқымыздың асыл қасиеттерін бүгінгі жас ұрпақ бойына сіңіру-бүгінгі ұстаз алдында тұрған ұлы міндеттердің бірі болып қала бермек.

«Білген сайын келеді біле бергің, Біле беру емес пе, тілегі елдің» деп ақын жырлағандай, біз Абайдың өмірін, өлеңдерін, сол заманның ақиқатын білген сайын, білуге құмарта түсеміз. Абайды тану, тек өлеңдерін біліп қана қоюмен шектелмеуі керек. Абайдың күллі шығармасы мен дүниетанымының өн бойында өрнектің арқауындай болып жарыса жүріп отыратын басты идея-бұл халыққа білім беру. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған... «Мал бағу! Жоқ, баға алмаймын» деп өзі айтқандай, дүниені қуудан бас тартқан дана. «Абай-ұлттық идеяның атасы».

Дана Абай ұлттық идеяны алғаш рет «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде өреді. Қайрат пен ақыл екеуі аз, Адамға түзелуге, "Адам" атына лайық болуға үшінші қасиет-"әділет-шапқат" керек дейді. (әділет пен мейірімді біріктіріп, осылай атаған)

Бастапқы екеуі соңғысыз,

Біте қалса қазаққа.



Алдың-жалын, артың-мұз,  
Барар едің қай жаққа?

Осындай ақыл сөздерімен қазақ халқына ой салған Абай атамыз ешбір жанның есінен кетпес. Абайдың қара сөздерін оқығанда адам белгілі бір толқу үстінде отырады. Адам баласының білмегенін білдіріп, еріккенге ермек деп жаза салған жоқ, ол адам баласы өмірге келгеннен кейін өмірдің бар жақсысы мен жаманын айыра білсе екен деді. Адамның жеп отырған нанының өзі қаншалықпен алға келеді. Адам өмірде тек түзу жолмен жүру керек дейді. Ұрлық, алдау, арбауға үйренген адамға одан шығу қиын. Адам баласы тек білім, оқу, іздену, ғылым арқылы өз ісін алға қарай жалғастыра алады.

Абай қара сөздері – оның ақындық мұралығына қосылған бағалы қазына. Ұлы ойшыл қара сөздерінде «артқа лаң болмай» алға ілгері басуды арман етті. Қазақтардың тарихи бетін дұрыс жолға бұрды.

Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт бағдары турасында сөз қозғағанда, алдымен ойға оралатын Абайдың өз басының адамгершілігі. Ақыл мен қайратты, білім мен адамгершілікті тең ұстаған ақын шығармаларына деген ілтипатымыз, құштарлығымыз бүгінгі күн санап артқандай болса, ал бүгінгі таңда ақын шығармаларына, оның терең мағыналы, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған ой-тұжырымдамаларына деген қажеттілік одан да артық. Бар асылын, ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет пен еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлия сөздерімен де жеткізе білді.

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі

Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», — деген тұжырым ұсынады.

Абай қара сөздерін оқу, оның қадір-қасиетін сезіну, асыл ойларын зердеге сақтау ынтасы да, ықыласы да бүгінде бұрынғыдай емес. Тек Абай ғана емес, жалпы кітапқа құмарлық, кітапқа құштарлық бәсеңдеді. Мұны күнделікті тіршілікте әр отбасынан байқауға болады. Теледидар, басқа ақпараттар толқыны балаларымызды ұлттық әдебиеттен, ұлттық өнерден алыстатуда. «Қорқамын кейінгі жас балалардан» дегенде Абай осы сұмдықты сезген бе деп ойлайсың дейді ғалымдарымыз.

Абай өлеңдерін кезінде тобықтылар қолжазба күйінде ұзатылған қыздардың жасауына қосып қастерлеп, қасиеттеп отырады екен. Өз ауылының қыздары ұзатылғанда жасауының ішінде Абайдың өлеңдері мен поэмаларының, нақыл сөздерінің қолжазба жинақтарын ала кететін болған. Мысалы, Әсия, Уәсила, Рахила сияқты және басқа да қыздардың сондай қолжазба жинақтары осы күнге дейін сақталған. Сол арқылы Абай сөздері бүкіл қазаққа тараған. Бұл да Абайды танытудың тиімді жолдарының бірі деп білуге болады.

Қазіргі күрделі заманда етек-жеңімізді, есімізді жию үшін бізге Абай керек. Бүгін табысып, ертең ажырасып жататын жастар Абай сөздеріне тереңірек зер салса, Абай жырлаған махаббаттан үлгі алса, нұр үстіне нұр болар еді. Сондықтан да, Абай сөздеріне жас ұрпақты үнелдірудің, Абай ойларын жеткіншектеріміздің бойына сіңірудің тура жолы- Абай арқылы білім мен тәрбие беру. Біз елді сүюді, ел үшін күйінуді Абайдан үйренуіміз керек. Ақын «қайран елі, қазағының» басына үйірілген надандық бұлтын қолын аспанға созып, серпіп ыдыратқысы келді. Ыдыратты. Бірақ қолымен емес, теңдесі жоқ қуатты сөзімен.

«Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,

Бұл көңілісіз дүниеден көп жыл өтер.

Өзі қысқа, өзі асау тентек өмір,

Арттағыға бір белгі қойса нетер?! –дейді ақын.

Абайдың поэзиясы, ғақлия сөздері күллі қазақ даласына сәуле шашып, халықты шуаққа бөледі. Бір сөзі ескірді ме? Жоқ, әрине. Академик С.Қирабаев былайша түйін түйеді: «Ұлы ақын шығармашылығы ескірмейді, әр ұрпақ оны жаңадан оқып, өзінше түсінеді, өз пікірін айтады. Бұрынғы Абай жайлы сөздердің бәрі бірдей ескірмегенімен, онда жаңаша ойланарлық, жаңаша айтарлық концепция да аз емес...Абай жайлы жаңа ұрпақтың жаңаша сөзі керек», -дейді. Ендеше, Абай тану, Абайды таныту әлеміне бет бұрғанымыз дұрыс. Сондай-ақ, ғалым М.Жолдасбеков: Сырт қарағанда Абайды білмейтін қазақ жоқ секілді. Қанша жемістеріміз бен жетістіктеріміз бар десек те, қазіргі жастардың жайын ойласақ, жетпей жатқаны да аз емес. Абай сөздерін тек ақындық өнерге, әдебиетке құштар жастар ғана емес, жас буын өкілдері тегіс білуі керек екенін атап айтсақ, А. Байтұрсынов





айтқан «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» деген ойын үнемі есте тұту қажеттігі айқындала түседі. Көзімізді ашқаннан Абай есімі жадымызда, бейнесі көз алдымызда. Мектепте Абайды оқып өстік. Абай атында қала, көше аудан, ғылыми институт, театрлар, кітапхана, мектептер бар. Абай жөнінде кино және басқа өнер шығармалары да жеткілікті. Ақын әндері күн сайын шырқалып, кітаптары қайта басылып шығып жатыр. Иә, Абайды білетін сияқтымыз. Ал шынына келсек, Абайды білдік, таныдық, тереңіне бойладық деп айта алмаймыз. Біз Абайды терең танып-білуге талпынбадық демейміз. Талпындық, талаптандық, әлі де талпынып келеміз. Бірақ, өкініші, соны бүгінгі ұрпақ бойына сіңіріп, зердесіне қондыра алмай келе жатыр.,-дейді ғалым. Сондықтан да, біз ұстаздар қауымы, әр отбасының қария-данасы ұрпаққа Абайды мүмкіндігінше тереңірек таныта отырып, Абай үлгісіне үйретуіміз керек. Сонда біздің ынтымақ-бірлігіміз де күшейеді, берекеміз де кіреді, дәулетіміз де молаяды.

Абайды құрметтеу-өзіңді құрметтеу, Абайды қастерлеу-ұлтыңды қастерлеу деген сөз. Мұның бәрі де Абайға емес, бүгінгі өзімізге, жалпы қазаққа, келешекке керек әңгіме. Бүгінде Абай туралы тың ой, жаңа сөз айту қиын. Мәселе, Абай туралы жазуда, Абай жайында сөз айтуда ғана емес Абайды оқып, ұғына білуде, Абай сөзіне құлақ аса білуде. Абайды жан-тәнімен бойға сіңіре білуде.

«Адамдықтың ең жаманы - талапсыздық» - деп ақын өзі айтқандай, қазір не ғылымға, не еңбекке, не өнерге талаптана алмайтын өмірге икемсіз жандар өмірде кездесіп жатады. Осы орайда Абайдың қара сөздері мен өлеңдері бүгінгі күнделікті өмірге қажетті нәрселерді оқушы санасына зерделеп береді. Әсіресе оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жастайынан дағдыланатын іс-әрекеттер мен мінез-құлық ережелерін, қағидаларын үйретуге болады. Ал нағыз адам болу үшін «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласын елден бөлек» - деп жан – жақты жетілген адам тәрбиелеудің ең биік нысанасын Абай атамыз көрсетіп берді.

Абайды Абай еткен, асыл сөзімен өлең етіп ұйытып, жүрегіне жыр болып байланған қасиеті-өмірден әділет, мейірім, сенім, адалдық іздеу барысында тапқан танымдық олжалары, санасын сарғайтып барып көзін ашқан тұжырым тоғыстары өлең-сөздері арқылы өріліп жатыр. Сондықтан да, ақын мұрасын күнделікті өмірде пайдалану тиімді болмақ деп есептеймін. Өйткені, қуансақ та, қиналсақ та Абайдың алдына барасың. Халқымыздың ұлы ақынға құрметі біздің «Абай атамыз айтқандай» деп сөйлейтінімізден де көрініп тұрады. «Мектеп табалдырығын аттасақ та, мектептен қанаттанып ұшсақ да, жар сүйіп-бала сүйіп қуансақ та, жақынымыздың азасына күйіп, қайғырсақ та жанымыздан кемеңгер Абай табылады.

Көкбай ақын:

Абайдай ұл тұмағы болар ғайып,  
Насихат, үлгі шашқан жұртқа жайып.  
Ахуалын сөйлеп кетті замананың,  
«Әулие-хакім» деуге ол лайық.

Шыныда да, Көкбай ақын айтқандай, Абай әулие ме? Мұсылмандық ілімде «әулие» түсінігі жүрек культінен («кәл ілімі» дейді, оны тазарту, көзін ашу мәселесінен туады. Тазарту үшін тақуалық, дүние қызығынан суыну шарт. Тоқ етері, кімде –кім бойындағы мін, кемшілігін-пенделігін жеңсе, сол-әулие. Әулие жаны таза, тақуа, сәбидей пәк болуға тиісті. Халық сол үшін пір тұтып, ерекше қастерлеген. Міне, Абайдың әулиелігі.

Әркімді заман сүйремең,

Заманды қай жан билемек?(1902)- деп өзі айтқандай, заманды өзі сүйреген әрі билеген бір қазақ бар десек, оның аты-Абай болары сөзсіз. Себебі, ол күллі қазақ халқының ой-санасын, ақыл, сезімін жаңа биікке көтерді. Абай-мәңгі символ. Абай-қазақтың бір аты. Абай өлмейтін, өшпейтін жарқын бейнесімен, асыл мұрасымен халқымен бірге жасап келеді.

Сөзімнің соңын абайтанушы, философия ғылымдарының кандидаты Асан Қайырбекұлы Омаровтың ойымен түйіндегім келіп тұр: Егер мәңгілік ел боламыз десек, жаһандану айдынына шыққан «Қазақстан» атты кемеге рухани «компас» ұлы Абай екенін ұмытпайық! Өзге халықтарға қазақты таныту һәм ғаламдық білім-ғылым кеңістігіне ену үдерісінде әлем ойының алыбы Абайды, оның тағылымын алып кіру қазаққа қарызды міндет. Мектеп қабырғасында «Абайтану» пәні оқытыла бастауы соның алғашқы қадамы деп сенгіміз келеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырзахметұлы М. «Абайтану ілімі іргетасқа айналды» // «Үш қиян» газеті, 20.08.2009
2. Мұқаметқанұлы Қ. «Абайдың туған күні 23 тамыз»// Қазақ әдебиеті.-29шілде
3. Әуезов М.О. «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы): Оқу құралы .-Алматы, 1997
4. Жолдасбеков М. «Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе?» // «Орал өңірі» облыстық газеті



5. Жұртбай Т. «Абайтану туралы пікір айтатын жаңа ұрпақ өткен мен бүгінді байланыстыра алмай жүр» Ж.Жұмакүлбаймен сұхбатынан
6. Омаров А.Қ. «Абай: ашылмай келген қырлары» монографиясы. Семей, 2015
7. Кенжебаев Б. «Абай туралы пікірлер» (Әдебиет майданы. Көркем әдебиет және сын журналы) 1935.-№1-2. 153-154-б.
8. Ахметов З. «Қазақтың бас ақыны» // Егемен Қазақстан . 9 тамыз, 1995
9. Ердембеков Б.А. «Абайдың әдеби ортасы» монографиясы. Алматы, 2008
10. Абдрахманов С. «Әркімді заман сүйремеке, заманды қандай адам билемек» // Егемен Қазақстан газеті
11. Бітібаева Қ.О. «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы» (5-11-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал). Алматы, 2012
12. Рахымбаев М.Қ. «Абайтану курсы» (9-сыныпқа арналған оқу құралы). Семей, 2011
13. Әубәкір Ж.М., Кунафина Г.А. «Абайтану» оқу құралы (Жалпы білім беретін мектептің 8-9-сыныптарына арналған). «Әл Наир» баспасы, 2013
14. Мұқашева М.Қ. «Ұстаз ұлағаты» іс-тәжірибелік құралы. Семей, 2007
15. Ауғанбаева Б.О. «Тәрбие өнері» әдістемелік құралы. Семей, 2007
16. <https://www.zharar.com>. Абайдың қара сөздері
17. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Абайдың\\_қара\\_сөздері](https://kk.wikipedia.org/wiki/Абайдың_қара_сөздері)

## **«АЛАШ АРЫСТАРЫ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ» МУЗЕЙІ – ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ КИЕЛІ НЫСАНДАРДЫҢ БІРІ.**

**МУСАКАНОВА Нұргүл Ержанқызы**

*Ғылыми жетекші: Н.А. Мухаметжанова, т.ғ.к., доцент*

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

[aitore\\_zhan@mail.ru](mailto:aitore_zhan@mail.ru)

### **Аңдатпа**

Мақалада Қазақстан Республикасының тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында құрылған Қазақстанның киелі 100 нысанының тізіміне енген Семей қаласындағы «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» мемориалдық музей үйіне тарихи шолу жасалынады. Аталған музейдің қоғам өміріндегі маңызын, Алаш қозғалысын зерттеуде алатын орнын айқындау көзделеді. Сонымен қатар, қазақ зиялыларының басы қосылған, халық өміріне қатысты маңызды шешімдер қабылданған киелі қара шаңырақтың ұлттық мәдениетті дамытудағы маңыздылығын ашуға тырысамыз.

Өркениетті қоғамның дамуының маңызды аспектілерінің бірі – музейлер. Қазіргі таңда музей - «мәдени мұраның ақпараттық орталығы ретінде, әлеуметтік - мәдени бейімделу институты, өткен дәуірлер мен қазіргі заманғы мәдени құндылықтарды сабақтастыру құралы, сондай-ақ қоғамның өзін-өзі тану мақсаттары үшін пайдаланылады» [1].

Музей – ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен байланысты, рухани бірлікті қалыптастырушы мекеме.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру құралының бір түрі – аймақтық мұражайлар. Өлкелік музейлер жас буынды туған жерін сүйеге, өзінің атақты жерлестерін тануға үйретеді. Сонымен қатар, шығармашылық дербестігі мен қоғамдық белсенділігінің дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген Қазақстанның киелі 100 нысанының тізіміне енетін тарихи – әдеби, саяси маңызы бар нысандардың бірі – Семейдегі «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» мемориалдық музей үйі.

Жалпы Қазақстанда музейлердің саны мен маңызы жағынан алдыңғы қатарлардың бірін Семей өңірі алады. Дәл осы қалада ең алғаш рет музей ісі қалыптасып, дамыған болатын. Қаланың нуы мен суы, топырағы мен торабы тарихи оқиғалар мен әйгілі тұлғалардың өнегесі мен өрнегіне толы. Қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырған кемеңгер Абай Құнанбайұлының есімімен байланысты музейлердің өзі үлкен желілік мұражайлар жүйесін құрайды. Сол себепті, Қазақстандағы алғашқы Алаш арыстарына арналған тарихи музей де, Семей қаласынан орын тепкені таңданыс тудырмайды. Дәл осы, Семей қаласында Алаш автономиясы құрылғандығын тарих беттерінен жақсы білеміз. Бұлай



болуының өзіндік себеп – салдарлары да бар. XX ғасырдың басы қаланың қоғамдық, саяси, экономикалық маңызы артып тұрған шағы болатын.

«Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейі қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының мүшесі Әнияр Молдабаевтың үйінде орналасқан. Әнияр Молдабаев – Абайдың жерлесі әрі жақын досы. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы Данияр Қондыбаевтың прототипі. Ә.Молдабаевтың әкесі Қожабай ісмер, ағаштан түрлі бұйымдар жасаған ұста болған кісі. Ұлының талабы мен ынтасы шындап, ұлын жас кезінен білімге бет бұруына мүмкіндік береді. Әнияр Семей мектеп-интернатында, кейін №5 қалалық мектепте оқиды. Абайдың талабымен Ресейде оқып, адвокаттық куәлігін алып, еліне оралады. Туған өңіріне келіп, почта бөлімінде қызмет атқарып, кейінірек Ташкентке, Андыжанға қызмет бабымен жіберіледі. Біршама уақыттан кейін Семейге оралып, 1919 жылға дейін Мемлекеттік банкте аудармашы болып жұмыс істейді. Аталған жылы зейнетке шығып, қоғам белсендісі ретінде қызметін жалғастырады [2].

1917 жылы Әнияр Молдабаев Алаш партиясының қатарына алынып, сәуір-мамыр айларында Семей облыстық қазақтар конгресінің мүшесі болып сайланады. Ол Алаш облыстық комитетінің қазынашысы, Семей облысы Земство жиналысының мүшесі, Уақытша Семей аудандық қазақ сотының төрағасы және Земский банкінің төрағасының орынбасары болып, лауазымды қызметтер атқарған [3].

Семейге қайта қоныс аударғаннан кейін, Ә.Молдабаев Ертістен ең алғаш болып су қбырын жүргізген, 1-ші гильдиялы жергілікті көпес Алексей Васильевич Москвиннің саудагерлік бекініс шартындағы үйін сатып алады. Үйдің салынған жылы белгісіз, бірінші қабаты қызыл кірпіштен, екінші қабаты ағаштан тұрғызылған ғимарат. Деректерге сүйенсек, ұлы ақын Абай Семей базарында өзінің және ауқатты жерлестері сыйға тартқан арғымақтар мен ірі қараларды сатып, досы мен оның жұбайына үйді сатып алуға қаржылай көмектескен. Ахмет Риза медресесінде бес жыл білім алған сәтінде, ұлы ойшыл осы үйде тұрған. Әнияр Молдабаевтың ұлы өзінің естелігінде, Абай Құнанбайұлының сырмақтар мен текеметтерге толы, ортасында дөңгелек ағаш үстелі бар бөлмеде қонақтап тұрғанын айтады. Үстел үстінде көп кітаптар мен газеттер болатынын, кеменгер ақынның өзінің сауатын ашуға ат салысқанын да жазған [4]. Семейге келген уақыттарының барлығын Абай және оның ұлдары Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай осы үйде тұрақтаған. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Райымжан Мәрсеков сияқты қазақтың қамын жеген азаматтар бұл шаңырақтың тұрақты келушісі болған. 1920 жылдары М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов сынды қазақтың ағартушы ұлдары осында өмір сүрген [5]. Белгілі жазушы Сапарғали Бегалин өзінің «Замана белестері» кітабында Әниярдың үйінде тұрып, оның жақсы танысы, ерлі-зайыпты Нұрғали және Нәзипа Құлжановтардан дәріс алғанын [6]. Гүлнар Дулатова, Мыржақып Дулатовтың қызы: «Алаштың сөнбес жұлдыздары» атты естелік еңбегінде: «...Әкем 1921-1922 жылдары Семей губсотында жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық (кейін Абай музейі болды). Үстіңгі қабатында біз отбасымызбен, бірінші қабатта – Әлихан атакем жұбайымен тұрды. Олар партия жетекшілерімен осында жиі жиналып, түрлі тақырыптарды талқылайтын» деп еске алған [7]. Бұл естелік жазба музейді тарихи маңыздылығы мен құндылығын арттыра түскендей деп есептейміз. Ә.Молдабаевтың үйі тек тұрмыс – тіршіліктің мекені емес, ағартушылық, қоғамдық, шығармашылық мақсаттар орындалған киелі шаңырақ болғандығына тағы бір мәрте көз жеткізуге болады.

1944 жылдан 1968 жылға дейін Семей қаласындағы Абай музейі осы үйде орналасқан болатын. Кейіннен, Абай Құнанбаевтың 125 жылдығына арналған мерекелік шараларға дайындалу барысында, белгілі музей көрмесін кеңейтіп, оны Абайдың саяси жер аударылған достары тұрып, қонақ болған көпес Роман Ершовтың үйіне қоныс аудару туралы шешім қабылданады. Ғимарат мемлекет қарамағына беріліп, балалар кітапханасы ретінде жұмысын жалғастырады. 1997 жылдың қыркүйегінде жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына орай осы мемориалдық үйде «Алаш арыстары және Мұхтар Әуезов» музей экспозициясы ашылады.

Музей экспозициясы келушілерді қазақтың біртуар жазушысы Мұхтар Әуезовтің өмірі және шығармашылығымен, оның қоғамдық қызметімен, Алаш партиясының және Алаш ұлттық автономиясының өкілдерімен таныстыратын төрт залда орналасқан. Алғашқы залдан – Мұхтар Әуезовтың 1909-1918 жылдар аралығындағы кезеңін, жас Мұхтардың жазу дәптерін, орыс училищесінде білім алып жүрген уақытында ағасы Қасымбекпен бірге түскен және ұстазы В.И.Поповтың фотосуреттерін, орыс мектебін бітіргені туралы аттестатын, өзінің жеке қорында болған кітаптарын, екінші бөлімде Алаш қайраткерлерінің қоғамдық қызметі жөніндегі сирек құжаттар мен фотосуреттері көруге болады. М.Әуезовтің қоғамдық ісі мен әдеби шығармашылығы (1918-1925жж.) келесі бөлімдерде жайғасқан [8].

Музей тұжырымдамасын белгілі алаштанушы ғалымдар - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік - мәдени даму жөніндегі проректоры Дихан Хамзабекұлы және



Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық өмірбаянын зерттеумен айналысатын Сұлтанхан Аққуұлы әзірлеуге көмектескен. Аталған ғалымдар Алаш қозғалысының арнайы тақырыптық жоспарын құруға сүбелі үлестерін қосып, Ресей мемлекетінің Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Омбы және басқа да қалаларының архив мекемелерінен жинақтаған құжаттарымен бөліскен [9].

Музей қоры барлығы мыңнан астам экспонаттан тұрады. Ең құндыларының қатарына 2010 жылы Қазақстан Республикасының бұрынғы Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің музейге сапарлатып келген сәтінде, сыйға тартқан – А.Байтұрсыновтың өз қолымен жазған өмірбаянын және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті тапсырған Алаш партиясының мүшелері бейнеленген екі фотосуретті атауға болады. Алаш арыстары туралы ғылыми айналымға жаңа еніп жатқан тың құжаттар мен зерттеулер музейдің басты құндықтарының бірі болып саналады. Мемориалдық үйдің бірінші қабаты XIX ғасырдағы ауқатты адамның үйінің көрінісі ретінде ұйымдастырылған. Бұл да келушілерге өткен тарихтан өнеге беретін көрініс болып табылады.

Бүгінгі таңда музей Абай, Мұхтар, Шәкәрім шығармашылық кештері, Алаш қозғалысына қатысты семинарлар мен байқаулар, ұлтжандылыққа тәрбиелейтін жиындар конференциялар жиі өтетін орынға айналып отыр. Әлем әдебиетінің өкілі Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай, музейге қаржылық көмек көрсетіліп, реставрациялық, қорын байыту, дәріптеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған музейдің аймақтық туризмнің де дамуына қосар үлесі зор.

Отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі – өлкетану. Өлкенің тарихын тануда музейлер үлкен рөл атқарады. Ұрпақтар арасындағы мәдени мұраның сақталып, насихатталуын дәл осы музейлер қамтамасыз етеді. Семей қаласының қақ ортасындағы «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов» музейі – ұрпақтың бойына рухани нәр беретін, патриоттық серпін мее айтулы кезеңнің келбетін көрсететін киелі шаңырақ.

Білім мен ғылымның әлемдік тенденцияның алдыңғы қатарында тұрған заманында, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұрамызды түгендегеніміз жөн. Өткен тарихымыздың тағылымын түсінбей, болашақты бағдарлау мүмкін емес.

#### Әдебиет

1. Шляхтина Л. М. Современная методология реализации образовательной функции музея // Важский край. — Вельск. — 2004. — Б.126.
2. Ғабдулина А. Әнир Молдабаевтың үйі: мұражай // Үш анық. — 2000. — №23. — Б.3
3. Қуанышбекова А. Әнирдың үйі // Өмір-ай. — 2014. — №13. — Б.4
4. Молдабаев С. Әкем Әнир Абайдың тәрбиелеп өсірген адамы // Абай. — 2016. — №3. — Б.84-87
5. Мүфтиұлы М. Әнир Молдабаев // Абай. — 2009. — №3. — Б. 24-30
6. Бегалин С. Замана белестері // Алматы. — Жазушы. — 1975. — Б.126.
7. Міржақыпқызы Г. // Алаштың сөнбес жұлдыздары // Алматы. — Мектеп. — 2012. — Б.261,342,343
8. Тәтіғұлов Ә. Текті тұлғалар тұяғы // Егемен Қазақстан. — 2000. — 2 қыркүйек. — Б.4
9. Тілешов Е., Хамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. — Алматы. — Сардар. — 2014. — Б.310

### ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЙ ЭЛЕМЕНТОВ АДАПТИВНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ НА УРОЖАЙНОСТЬ И КАЧЕСТВО ПОДСОЛНЕЧНИКА

**НАСИЕВ Бейбит Насиевич, ӨМІРЗАҚ Қарлығаш Өмірзаққызы**

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Уральск, Казахстан

veivit.66@mail.ru

#### Аннотация

Зерттеулер нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының 1 құрғақ дала аймағы жағдайында күнбағыс дақылдарының өнімділігін егудің алдындағы өңдеу жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты мәліметтер алынды. Батыс Қазақстанның құрғақ далалы аймағында жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, күнбағыс дақылын өсіру кезінде ерте көктемде қопсыту және 1 культивациялаумен қатар 2 л/га дозада Раундап гербицидін қолданған тиімді.

#### Аннотация

В результате проведенных исследований получены данные, позволяющие оценить продуктивность посевов подсолнечника в условиях 1 сухостепной зоны Западно-Казахстанской области в зависимости от предпосевных обработок. Как показали данные исследований в зоне сухих



степей Западного Казахстана при возделывании подсолнечника наряду с боронованием и одной предпосевной культивацией целесообразно применение гербицида Раундап в дозе 2 л/га.

Внедрение адаптивных технологий - основной путь повышения продуктивности подсолнечника как в Западном Казахстане. Повышение культуры земледелия и плодородия почв, правильное и экономичное расходование ресурсов, снижение потерь урожая от вредителей, болезней растений и сорняков - основные направления решения этой важной проблемы.

Цель предпосевной подготовки почвы, как известно, не только в создании необходимых условий для заделки семян и быстрого их прорастания (сохранение накопленной в почве влаги и подготовка ложа для семян), но и в форсировании микробиологической деятельности почвы, борьбе с сорняками и быстром проведении посева. В связи с этим глубина культивации должна быть различной в зависимости от особенностей культур, степени уплотнения почвы, ее равновесного состояния и уровня плодородия.

Подсолнечник при оптимальной площади питания отличается высокой конкурентной способностью во взаимоотношениях с сорными растениями. Наиболее полно эта способность проявляется после смыкания междурядий. В ранний период вегетации подсолнечник сильно угнетается сорняками. Особенно большой ущерб ему причиняют такие сорняки, как куриное просо, щетинники, щирицы, марь белая и др.

В настоящее время для уничтожения сорняков на посевах подсолнечника применяется комплекс интенсивных обработок почвы, включающих предпосевную культивацию при средних, а не ранних сроках сева, довсходовое и повсходовое боронование, 3...4 междурядные культивации с применением пропалочных боронок и присыпающих устройств.

Интенсивная обработка как средство борьбы с сорняками имеет и отрицательные стороны. Она ведет к распылению почвы, что крайне вредно вообще, а в районах подверженных эрозии, в особенности. Кроме того, корневая система и надземные органы подсолнечника при повсходовом бороновании и междурядных обработках получают многочисленные повреждения, что не способствует нормальной жизнедеятельности растительного организма.

В связи с этим большой интерес представляет химический способ уничтожения сорных растений. При использовании эффективных гербицидов снижается отрицательное влияние сорняков с самого раннего периода вегетации подсолнечника, создается возможность сократить число механических обработок почвы.

В исследованиях, проведенных многими учеными подтверждена целесообразность применения гербицидов на посевах подсолнечника. Целесообразность применения гербицидов определяется, прежде всего, засоренностью почвы сорняками и рядом экономических и технологических факторов [1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9].

Работа выполняется в рамках программы грантового финансирования Комитета науки МОН РК по проекту «Разработка адаптивных технологий возделывания кормовых и масличных культур применительно к условиям Западного Казахстана».

Целью исследований является изучение и оценка адаптивных технологий возделывания подсолнечника в Западном Казахстане для обеспечения сельского хозяйства полноценными кормами и производителей растительного масла качественным сырьем.

Для решения поставленных задач в условиях 1 сухостепной зоны были заложены полевые опыты.

По морфологическим признакам генетических горизонтов профиля и агрохимическим показателям пахотного слоя почва опытного участка характерна для сухостепной зоны Западного Казахстана.

Агротехника возделывания подсолнечника принятая для зоны. В опытах применялись гибрид подсолнечника Авангард.

При проведении полевых опытов учеты, наблюдения за наступлением фенологических фаз и за ростом и развитием подсолнечника проводились по общепринятой методике [10]. Уборка и учет урожая сплошным методом с последующим приведением к стандартной влажности. Статистическая обработка результатов исследований методом дисперсионного, анализа с использованием компьютерных программ [11].

Одним из важных элементов адаптивной технологии возделывания подсолнечника является система предпосевной обработки почвы, которая направлена на максимальное уничтожение всходов и проростков сорных растений, сохранения накопленного запаса почвенной влаги и создания оптимальных условий для прорастания семян.



Опыты показали, что изучаемые варианты ухода за посевами не оказали существенного влияния на развитие растений подсолнечника. Сроки появления полных всходов по всем вариантам опыта одинаковые – 17 мая. Продолжительность периода вегетации от посева до всходов на всех вариантах опыта составила 10 дней. В условиях 2019 года в 1 декаде мая месяца установилась жаркая погода, что оказало влияние на интенсивности дружного прорастания всходов растений подсолнечника. Рост и развитие подсолнечника начиная от фазы 2-х настоящих листьев (24 мая) до конца фазы 7-8 листьев (5 июня) проходило при перемене температуры окружающей среды до 15-18 градусов и при отсутствии осадков. Данный фактор оказал влияние на ростовые процессы подсолнечника. Далее в начале фазы образования корзинки 24 июня-1 июля установилась благоприятная (до 28-32 градусов) погода с сопровождением кратковременных осадков. Фаза образования корзинок во всех вариантах опыта зафиксирована 24 июня. Продолжительность периода «всходы-образования корзинок» на всех вариантах опыта составила 48 дней. Межфазный период образование корзинок-цветение проходил на фоне переменных температур с кратковременными дождями. Через 19 дней после фазы образования корзинок наступила фаза цветения. Растения подсолнечника начиная от времени посева фазу цветения достигли за 67 дней. Фаза цветения подсолнечника отмечена 13 июля. Фаза цветения подсолнечника также проходила в условиях переменных температур (25-32 градусов) и при сопровождении атмосферных осадков. В период фазы роста семян подсолнечника (22 июля) на фоне температуры воздуха 25-30 градусов, проходили летние дожди, временами ливень. Общая продолжительность периода вегетации подсолнечника в зависимости от приемов ухода за посевами составила 118-120 дней.

Наблюдения за посевами в период уборки показали разные степени сохранности подсолнечника в зависимости от приемов ухода. Так, в исследованиях наиболее высокая сохранность 90,65% или 41,70 тыс.растений на 1 га из 46,00 тыс.га. отмечена на варианте боронование + предпосевная культивация с внесением гербицида Раундап (2 л/га), а наименьшее количество сохранившихся растений подсолнечника 39,49 тыс.га или 87,75% установлены на контрольном варианте боронование + предпосевная культивация. Применение 1 междурядной обработки совмещенные с боронованием и предпосевной культивацией обеспечивает сохранность растений на уровне 86,93%. Здесь в период уборки установлены 40,25 тыс.растений на 1 га. Применение 2-х междурядных обработок совмещенные с боронованием и предпосевной культивацией увеличивает сохранность растений подсолнечника до 89,91% (или 40,46 тыс.га).

Большой урон урожаю подсолнечника наносят сорные растения. Обладая мощной подземной и надземной массой подсолнечник конкурирует с сорняками лучше многих других полевых культур. Тем не менее, на засоренных полях урожай его, по данным ВНИИМК, снижается на 2,5 ц/га [2, 12].

Как показали данные учета, в наших исследованиях 2019 года наибольшая засоренность посевов подсолнечника была на вариантах без применения гербицидов. Так, в фазу 2-х настоящих листьев при применении технологии боронование + предпосевная культивация (контроль) на 1 м<sup>2</sup> насчитывался 9 сорных растений с сырой массой 30 г/м<sup>2</sup>. На вариантах 3 и 4 боронование + предпосевная культивация + 1 междурядная обработка и боронование + предпосевная культивация + 2 междурядные обработки засоренность посевов составила соответственно 9 штук с сырой массой 31 г/м<sup>2</sup> и 10 штук на 1 м<sup>2</sup> с весом 32 г/м<sup>2</sup>. При применении гербицида Раундап с совмещением боронования и предпосевной культивации на посевах подсолнечника в фазу 2-х настоящих листьев сорные растений не обнаружены. В опыте были представлены сорняки: пастушья сумка, марь белая, горец вьюнковый, ширица запрокинутая, редька полевая, куриное просо, вьюнок полевой, осот розовый.

В фазу цветения наибольшая засоренность посевов подсолнечника установлена на контроле. Здесь на 1 м<sup>2</sup> были зафиксированы 44 сорных растений с сырой массой 202 г/м<sup>2</sup>. На вариантах применения 1 и 2-х междурядных обработок количество сорных растений составило 18 и 25 штук с массой 122 и 147 г/м<sup>2</sup>. В фазу цветения нами также установлены засоренность посевов варианта применения гербицида Раундап. На данном варианте обнаружены 9 сорных растений с общим весом сырой массы 53 г/м<sup>2</sup>. Прошедшие дожди период цветения-налива подсолнечника способствовали росту и развитию сорных растений. В период уборки на контроле (боронование + предпосевная культивация) по сравнению с фазой цветения количество сорных растений увеличилось на 6 штук и засоренность на данном варианте была на уровне 50 шт/м<sup>2</sup>. Вес сырой массы сорных растений составил 237 г/м<sup>2</sup>.

На контроле увеличение количества сорных растений в период созревания по сравнению с фазой 2-х настоящих листьев составило 41 шт/м<sup>2</sup>. При применении гербицида Раундап с совмещением боронования и предпосевной культивации в период созревания подсолнечника обнаружены сорные растения 12 шт на 1 м<sup>2</sup> с сырой массой 48 г/м<sup>2</sup>. Промежуточное положение по засоренности занимают варианты с применением 1 и 2-х междурядных обработок. В указанных вариантах к периоду созревания на посевах подсолнечника обнаружены 22 и 30 сорных растений с сырой массой 151 и 182



г/м<sup>2</sup>. На вариантах 3 и 4 боронование + предпосевная культивация + 1 междурядная обработка и боронование + предпосевная культивация + 2 междурядные обработки в период созревания по сравнению с начальным этапом развития рост сорных растений составил 12 и 21 штук на 1 м<sup>2</sup>.

Одними из важнейших показателей продуктивности подсолнечника являются высота растений, фотосинтетический потенциал и динамика формирования листовой поверхности.

В условиях 2019 года в фазу цветения наиболее высокие показатели площади листьев подсолнечника нами установлены при применении технологии боронование + предпосевная культивация с внесением гербицида Раундап (2 л/га) – 14,79 тыс.м<sup>2</sup>/га.

Как показывают биометрические данные, в исследованиях 2019 года наиболее высоким ростом отличались растения подсолнечника при применении наряду с боронованием и предпосевной культивацией гербицида Раундап. В данном варианте к уборке высота растений подсолнечника составила 145,50 см. Наиболее низким ростом отличались растения подсолнечника на контрольном варианте (125,0 см). Перед уборкой высота подсолнечника при приеме ухода включающего 1 и 2 междурядных обработок, наряду с весенним боронованием и предпосевной культивацией составила 130,5 и 136,5 см.

В исследованиях 2019 года эффективность фотосинтеза подсолнечника зависела от приемов ухода за посевами. Так, в фазу цветения если на контроле фотосинтетический потенциал составил 0,74 млн.м<sup>2</sup>/дней.га, то добавление к традиционной технологии приемов культивации с внесением гербицида Раундап в дозе 2 л/га обеспечил рост фотосинтетического потенциала до 0,99 млн.м<sup>2</sup>/дней.га. На вариантах боронований посевов и культивации, совмещенной 1 и 2 междурядными обработками показатели фотосинтетического потенциала подсолнечника составили соответственно 0,84 и 0,93 млн.м<sup>2</sup>/дней.га.

При внесении гербицида Раундап на посевах подсолнечника происходит выравнивание поверхности поля и благодаря разуплотнению верхнего слоя почвы улучшаются микробиологические процессы. Все это оказывает положительное влияние на продуктивность подсолнечника. В исследованиях наиболее высокий сбор семян подсолнечника обеспечен при применении гербицида Раундап и боронований почвы с проведением предпосевной культивацией 29,69 ц/га. На контроле урожайность семян подсолнечника составила 20,41 ц/га. При применении боронования в сочетании предпосевной культивацией и 1 междурядной обработкой урожайность подсолнечника по сравнению с контролем вырос на 2,19 ц/га и составил 22,60 ц/га. При включении в число операции по уходу за посевами подсолнечника дополнительной второй междурядной обработки урожайность семян подсолнечника составила 25,93 ц/га, что по сравнению с контролем больше на 5,52 ц/га.

Масса 1000 семян на варианте с одной междурядной обработкой была 40,81г, при проведении двух междурядных обработок с совмещением боронования и предпосевной культивации 43,95г. При внесении Раундап под предпосевную культивацию и боронования масса семян по сравнению с контролем соответственно увеличивалась на 6,32г. Лузжистость семян при проведении одной междурядной обработки составляет 23,97%, при проведении двух междурядных обработок 23,80% и 23,72 % при внесении гербицида Раундап под предпосевную культивацию с боронованием. Масличность подсолнечника на контроле составила 48,75%. В опытах наиболее высокое содержание сырого жира установлено на варианте внесения гербицида Раундап – 50,12%. При использовании 1 и 2-х междурядных обработок масличность семян подсолнечника составила на уровне 48,84-49,25% (Таблица 1).

Таблица 1 – Качество семян и биологическая урожайность подсолнечника в зависимости от приемов ухода за посевами, 2019г

Показатели	Варианты ухода за посевами			
	Боронование + предпосевная культивация (контроль)	Боронование + предпосевная культивация с внесением Раундап (2 л/га)	Боронование + предпосевная культивация + 1 междурядная обработка	Боронование + предпосевная культивация + 2 междурядные обработки
Масса 1000 семян, г	39,91	46,23	40,81	43,95
Лузжистость, %	24,12	23,72	23,97	23,80
Масличность, %	48,75	50,12	48,84	49,25
Биологическая урожайность, ц/га	20,41	29,69	22,60	25,93
Выход масла, ц/га	8,95	13,39	9,93	11,49
НСП <sub>05</sub> - 2,29 ц/га				



Как показывают данные исследований, в 2019 году наиболее высокий сбор масла установлен на варианте боронование + предпосевная культивация с внесением Раундап (2 л/га) – 13,39 ц/га. При применении 1 и 2-х междурядных обработок совмещенных боронованием и предпосевной культивацией сбор масла вырос до 9,93-11,49 ц/га, что больше по сравнению с контролем на 0,98-2,54 ц/га.

Таким образом, в сухостепной зоне Западного Казахстана для повышения урожайности и качество подсолнечника наряду с боронованием и одной предпосевной культивацией почвы целесообразно применение гербицида Раундап в дозе 2 л/га.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Бражник В.П. Научное обеспечение возделывания масличных культур в рыночных условиях // Рынок масличных культур в России сегодня и завтра: Материалы семинара, 14-15 марта 2000г.; г. Краснодар. — М.: ЭкоНива, 2000. - С. 124-130.
2. Васильев Д.С. Агротехника подсолнечника. - М.: Колос, 1983. - 197 с.
3. Мельников А.В. Сравнительная оценка продуктивности сортов и гибридов подсолнечника в подзоне южных черноземов Волгоградской области: Автореф. дис.... канд. с.-х. наук. - Волгоград: ВГСХА, 2001. - 22 с.
4. Никитенко В.Г. Минимальная обработка и фитосанитарное состояние посевов //Защита растений. - 2000. - № 2. — С. 20.
5. Пенчуков В. и др. Проблемы подсолнечного поля //Сельские зори. - 1990.-№7. \_с. 30-6. Теремьева Р.А.Борьба с сорняками на подсолнечнике // Технические культуры.- 1991. -№ 3.- С. 7-9.
7. Федосенков М.А. Высокоэффективный гербицид на посевах подсолнечника и кукурузы // Земледелие.- 2000,- №2.- С.37.
8. Wolffhardt H. Anbau der Sonnenblume Landwirtschaft // Agronomy Journal. –2017. – №2. – s.10-13.
9. Nasiyev V, Yessenguzhina A. Adaptive sunflower cultivation technologies in West Kazakhstan // Ecology, Environment and Conservation (0971765X-India-Scopus) - 25 (2): 2019; pp. (198-202) Copyright@ EM International ISSN 0971–765X.
10. Методические указания по проведению полевых опытов с кормовыми культурами. – М., 1987. – 197 с.
11. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. – М.:Агропромиздат, 1985. – 358 с.
12. Ярославский П.Н., Максимова А.Я. Системы основной обработки почвы / Подсолнечник: Под ред. акад. В.С. Пустовойта. - М.: Колос, 1975. – С. 309-324.

### БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ НАУРЫЗБАЕВА Мереке Бекмурзаевна, АКИМЖАНОВА Света Кайырбаевна

«№13 орта мектеп» КММ

Ақтөбе, Қазақстан

Andirova\_v@mail.ru

Елбасы өз мақаласында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, не болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» дей келе, бәсекеге қабілеттіліктің маңыздылығына аса көңіл бөлген. Әрине, болашақта әрбір адамзаттың табысты және жетістікті болуы байлықпен ғана емес, адамдардың бәсекеге қабілеттілігімен өлшенетіні мәлім.

Жас ұрпақтың жаңа заманға сай өмір сүру дағдысын қалыптастыру мақсатында білім беру саласында білім берудің жаңа мазмұны енгізілуде. Себебі, болашақ өмірі үшін өзіндік санасы қалыптасқан, өзі атқаратын, өзі қалайтын іске жан қалауымен бара алатын тұлға тәрбиеленуі қажет. Қазіргі таңда барлық мектептерде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес үдеріс орын алуда.

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту – қоғам алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Білім беру бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, шығармашылық дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі болып табылады.





Бұрынғы дәстүрлі әдістерді қазіргі оқыту жүйесіндегі әдіс-тәсілдермен салыстыра отырып, жүйелеп, зерттеу мен талдау арқылы әр сабақта қажетті материалдармен қолдану қазіргі кездегі негізгі талаптың бірі болып отыр. Педагогика саласындағы зерттеулердің ішінде тікелей тәжірибені зерттеуге бағытталған тәсілдердің, яғни эмпирикалық тәсілдердің маңызы зор.

Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Сол сияқты сабақтың өту процесін басқаратын мұғалімдердің қолданатын әдіс-тәсілдері де үнемі жетілдіріліп отыруы қажет. Г.Форд айтқандай, бұған дейін жасалғандардың бәрін одан да жақсырақ етіп жасауға болады. Мұғалім сабақты зерттеуде қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды, сын тұрғысынан ойлауға үйрету элементтерін, оқу үшін бағалау мен оқуды бағалауды, ақпараттық коммуникациялық технологияларды үйлестіре отырып қолдана алса, оқытудағы көшбасшылыққа қол жеткізе алады.

Сабақты зерттеу тәсілі жапон мектептерінің тәжірибелеріне енгізіп, оның нәтижелері, озық тәжірибелері әлемге таратылуда. Ал аталған әдіс Қазақстан мемлекетіне 2012 жылдан бастау алған деңгейлі бағдарламаларды оқытумен қатар келді. Осы әдісте тәжірибелеріне қолданған көшбасшы мұғалімдер оның тиімділігін, соның ішінде мұғалімнің кәсіби жетілуіне ықпал ететіндігін тәжірибеде көз жеткізуде.

Өйткені, зерттеу мұғалімнің кәсіби тәжірибесін дамытудың қуатты құралдарының бірі болып табылады. Белгілі бір мәселені зерттей отырып, мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре алады. Зерттеу арқылы мұғалімнің пән бойынша білімі жетіліп, оқыту дағдылары жақсарады; оқушыларды қадағалау қабілеті күшейіп, күнделікті тәжірибесінің ұзақ мерзімді мақсаттарымен байланысы нығаяды.

Бүкіл әлемде мұғалімдер Сабақты зерттеу және Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілдерін кеңінен қолданады және де соңғы кезде аталған тәсілдер Қазақстан мектептерінде де белсенді таралуда. Бұл тәсілдер мұғалімдерге өз тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік берумен қатар, олардың өзара ынтымақтастығын күшейтіп, бірлескен кәсіби шара жүргізудің, өздерінің зерттеушілік және тәжірибелік білімдерімен бөлісуге дайын шебер мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құрудың тиімді жолы болып табылады. Осы тәсілдерді жүзеге асыру арқылы мұғалімдер өздерінің педагогикалық тәжірибесін жетілдіре алады.

Мектебіміздегі бастауыш сынып бірлестігі мұғалімдерінің сабақты бірлесіп жоспарлау, өзара сабаққа кіру жұмыстары жақсы қойылған. Алдымен, әріптестеріміздің қызығушылығын туғызып, зерттеуге деген ынтымақ ояту мақсатында бірлесіп жұмыс істеуге тартып, әріптестермен бірге Сабақты зерттеу туралы мақала жаздық, бірлесіп әдебиеттерді зерделедік, бейнежазбаларды қарадық. Күтілетін нәтижелерді анықтап, топ мүшелерінде өздерін сырттан қатаң бақылауға алғандай сезім тудырмай, кідірместен «тәуекелге бел бууға» мүмкіндік беретін негізгі ережелерді белгілеу мақсатында мәжіліс өткізілді (Дадли, 2013).

Ереже түзудің жақсы әдістерінің бірі – топтың әрбір мүшесі бұған дейін оқуды жетілдіруде қандай табысқа жетті немесе қандай істері сәтсіз болғаны туралы ойланып, содан кейін кәсіби топтың маңызды белгілері туралы өз ойларымен бөлісті.

Бірлестік мүшелері оқу мен оқытуда қиындық туғызған тақырыптарды талдады, айқындалған проблема негізінде өзара талқылаулар жүргізді. Осылайша, зерттеушілік мәдениеті артқан мұғалімдер тек өзінің күнделікті тәжірибесінің негізінде ғана мұғалім өзінің кәсіби қызметінде орын алған проблемалар мен қиындықтарды анықтай алады. Зерттеу сұрағын бірлесіп тұжырымдау мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға да жақсы әсерін тигізеді. Қазіргі кезде интернет желісінде Сабақты зерттеу топтары туралы ақпарат жеткілікті болғандықтан, іздендік, өзіміздің де ақпаратты табу, мәліметтерді өңдеу дағдымыз шыңдалды. Зерттеу сабағы жүргізілетін пәнді белгілеп алып, зерттеу тобы зерттеу сабағына негіз болатын бөлім мен тақырыпты анықтадық.

Сабақ мақсаты мен зерттеу мақсатын ұштастырдық. Әдетте, зерттеу мақсатын белгілемес бұрын, зерттеу тобы өзінен «Бұл зерттеуден не күтеміз?» деп сұрағаны орынды. Бұл мақсатқа жету үшін не істеп, қандай шара қабылдау керек екені түсініксіз болса, мақсатты қайта қарастырып, нақтылау қажет болуы мүмкін. Мұғалімдер өздерін толғандыратын мәселені тандайды. Сабақты зерттеу барысында туындайтын мәселелерді тіркеп отыруды көздейді.

Зерттеу нәтижелерін бірлесе талқылау барысында әріптестері ұсынған сындарлы кері байланыстың арқасында мұғалімдер өздерінің рефлексиялау және талдау дағдыларын жетілдіре алады. Сабақты бақылау, сабақтан кейінгі талдау, қатысқан сабақтарға кері байланыс беру өзіміздің де шеберлігімізді шыңдай түсті.

Кейіннен тобымыз пайдалы ақпаратпен бөлісе бастағанда, қызығушылық танытушылар да, қолдау көрсетушілер де табылды.

Зерттеу арқылы мұғалімнің іздену шараларының құны артады. Зерттеу барысында қандай да бір қиындық туындаған сәтте зерттеу тобына тәжірибелі адамдардан кеңес сұрап, сыншы достың



көмегіне жүгінуге болады. Сырт адамның бағамдаушы кері байланысы мұғалімдерге өз жұмысы туралы анық көзқарас қалыптастыруға көмектесетіндігін түсіндік. Жинақталған деректер негізінде әрекет ету, яғни негізгі мәселені шешуге бағытталған тәсілді енгізу негізінде сабақ жоспарладық және оны жүзеге асырдық.

Зерттеу тәжірибені жетілдіруге бағытталғандықтан, бұл процеске мектеп әкімшілігі, бастауыш сатыдан кейінгі сабақтастықты қамтамасыз ететін орта буын мұғалімдері, оқушыларымыз бен олардың ата-аналарын да тартамыз.

Сондықтан кез-келген мемлекеттің негізгі тірегі болып саналатын білімді де білікті, іскер де белсенді адамдарды дайындау үдерісіне көп көңіл бөлінуде. Менің пікірімше, барлық оқу орындары осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек.

Заман талабына сай оқу үрдісін ұйымдастыруда білімгерлерді өнімді әрекетке баулу арқылы өз мүмкіндігін сезінуіне жағдай жасау, өз бетімен білімін толықтыруға үйрету, дарынды және талантты балалардың танымдық мүмкіндіктеріне сай сұранысын қанағаттандыру өзекті болып табылады. Баланың оқу мен жазу сауаттылығын, айтылым мен есептеу дағдыларын дамытудың алғашқы баспалдағы болып саналатын бастауыш сатыда оқыту мен оқудағы қиындықтарды әріптестермен бірге зерделесек – ұтарымыз мол болары сөзсіз. Осыған байланысты әрбір білім беру ұйымы сабақты зерттеу үрдісін кешенді жүргізіп, мұғалімдер қызметіндегі зерттеушілік қызметті ынталандыру маңызды деп есептеймін.

Оқыту барысында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану білім алушылардың ойлау жүйесін дамытады, білім сапасын, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Оқыту мен дамыту әдістері жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен әсер ететіні сөзсіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012
3. Чичибу Т. Сабақты зерттеу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық: ағылш.- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013
4. Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу бойынша тәжірибелік нұсқаулық. Әдістемелік құрал/ Идришева З.Е., Ултанбаева С.Е. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 42 б.
5. Сыншы дос: мұғалімнің кәсіби дамуындағы ынтымақтастық тәсілі. Әдістемелік құрал/ Ғабдоллақызы Б. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 46 б.

### **БЕЙНЕ-ДӘРІС ДАЙЫНДАУДА SAMTASIA STUDIO 8 БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ НАУРЫЗОВА Нуршат Қуанышкалиевна**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе, Қазақстан  
nnauryzova@mail.ru

Қазіргі кезде адамзат дамуының ерекше артықшылығы - ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы болып табылады.

Елдегі білім саласындағы дағдарыстың алдын алу мақсатында Қазақстандағы білім беру ұйымдарында қашықтан оқыту ұйымдастырылып отыр. Қашықтан оқытуда қолданылатын бірден-бір құрал– бейне дәріс болып табылады.

Бейне-дәрістер педагогикалық технологияның дамуының бір қадамы болып есептеледі. Адам баласының ақпаратты теледидар, компьютер және т.б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтыны белгілі. Бейне-дәрістер біріншіден – қазіргі заман талабына сай қашықтан оқыту үшін аса қажет материал. Бейне-дәрісті қолдану ақпаратты жоғарғы көрнекілікте көрсету және жаңашылдық элементін енгізуге көмектеседі. Көркемдеулер және анимацияланған процестер назардың көбірек аударылуына, қарастырылатын тақырыпқа байланысты қызықтырушылық тудырады. Екіншіден, білім алушылардың әлеуметтік желілерге деген қызығушылығын пайдалы арнаға бұру мәселесі



шешілуі мүмкін. Үшіншіден, жазылған бейнедәріс жазбада сақталып, болашақ ұрпаққа қашанда қолжетімді болады. Сонымен қатар уақытты үнемді пайдалану жүзеге асады [1].

Қазіргі таңда Xrecorder, Movavi Video, Windows Movie Maker, HyperCam, CamStudio, Camtasia Studio бағдарламаларының әртүрлі эффектiлерiн және басқа да мүмкіндіктерiн қолдана отырып, бейне файл құруға және оны өңдеуге болады.


Camtasia Studio 8 – бұл TechSmith компаниясының өнімі. Бұл бағдарлама бізге мониторда болып жатқан іс әрекеттердің барлығын жазып алуға және видео файлдарды желі арқылы демонстрация жасау үшін сапалы сығуға мүмкіндік береді [2].

Алдымен Camtasia Studio 8 бағдарламасын жүктеп, ашылған терезеде «Экранды жазу» («Запись экрана») батырмасын басамыз (1-сурет).




1-сурет. Camtasia Studio сұхбат терезесі

Келесі кезекте жазуға арналған аймақтың бірін таңдап, яғни веб камера немесе аудио дыбыс жазу батырмасын басамыз. Толық экран бетін түсіру қажет болса Full screen түймесін, ерекшеленген аймақты түсіру үшін Custom түймесін басып, жазуды «REC» батырмасын басу арқылы бастаймыз (2-сурет). Айта кететін жағдай Camtasia Studio 8-бен видеоны жазу барысында арнайы пернелерді басу арқылы экранның қажетті аймағын жақындата аламыз. Бұл визуалды эффектiлердiң басты артықшылығы, оларды видео жазылып болғаннан кейін видеомонтаж құралдарын пайдаланып қосудың қажеті жоқтығы. Сонымен қатар бейне дәріс жазу барысында қолдануға болатын бірнеше визуалды эффектiлер бар, яғни экранда қандай да бір аймақты белгілеу немесе блок-сызбаларды қосу үшін арнайы маркерді қолдана аласыз. Бұл маркер экранда әр түрлі жазулар жазуға мүмкіндік береді. Маркерді жазу жүргізу орындалып жатқан кезде арнайы пернелерді басу арқылы іске қосуға болады [3].




2-сурет. Бейне-дәріс жазу

Дәріс жазылып біткеннен кейін, оны сақтап, редакторлейміз. Яғни, бейненің орналасуын, дыбысты, түрлі эффектiлер қосып және т.б. өңдейміз. Сонымен қатар, бұған дейін жазылып қойылған дыбысты немесе бейнедәрісті кесіп алуға, орналастыруға болады (3-сурет).



3-сурет. Сақтау терезесі

Бейне дәріс өңделіп біткен соң алдын-ала қараудан өткізіп, сақтауға кірісеміз. Camtasia Studio 8 бағдарламасында бейне дәрісті Youtube каналына жариялауға, Google Drive-ке енгізуге болады және ең негізгісі .mp4 форматта жоғары дәрежеде сақтай аламыз (4-сурет).



4-сурет. Формат таңдау

Қорыта келе Camtasia Studio 8 бағдарламасының артықшылықтары:

- бағдарлама тез жұмыс істейді (көп ресурстарды қолданбайды);
- қарапайым интерфейс;
- «ыстық» клавиштардың көмегімен басқаруды демейді;
- реттеудің кең мүмкіншіліктері бар;
- мәтін түсіндірмелерді қосымшалауды қолдайды;
- курсорды көмескі жарықтау;
- бейне дәрісті оңай конвертациялау.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Медетбеков М.М., Сулейменова Л.А., Белесова Д.Т. Жоғары оқу орындарының дәріс сабақтарында заманауи ақпараттық технологияларды қолдану // Современная педагогика. 2013. № 4
2. О.В. Спиридонов. Создание видеоуроков в Camtasia Studio/ / О.В. Спиридонов. – 2-е изд., испр. – Москва : Национальный Открытый Университет «ИНТУИТ», 2016. – 262 с.
3. <https://www.ixbt.com/soft/camtasia.shtml>



## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ

**НУРКЕНОВ Ерcін Рыскалиұлы**

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Семей, Қазақстан

shinar\_semei@mail.ru

### Аннотация

Мақалада, білім беру жағдайында ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері мен бүгінгі тәрбие жағдайында озық педагогикалық дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығы көрсетілген. Мұғалімнің кәсіби даярлығына жан-жақты мән беру және оларды қажетті, міндетті деп есептей отыра, этнопедагогикалық даярлық ерекше атап көрсетілген

### Аннотация

В статье отражены особенности национального воспитания в условиях образования и важность сохранения передовых педагогических традиций в условиях современного воспитания. Особо отмечена этнопедагогическая подготовка, считая их необходимым, обязательным и всесторонним подходом к профессиональной подготовке учителя.

Егемендік алған кез-келген елдің, халықтың ең басты міндеті – жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырып, шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру. Білім берудің ұлттық жүйесін құру – ұлттық мәдениетті оқу-тәрбие процесінде пайдалану арқылы ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу. Болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық біліммен қаруландыру мақсатында, халықтық дәстүрлердің тәрбиелік мүмкіндіктерін ашу - осы мәселені шешу жолдарының бірі.

Қоғамның кезек күттірмейтін талаптарының бірі – кәсіби бейімделген болашақ мамандарды даярлау. Болашақ мұғалім – баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік-саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті [1].

Жастарға білім беру, тәрбиелеу, табиғат пен адам өмірінің тіршілігін ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырып, жастардың дүниетанымын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеуді қазақ халқының біртуар данышпандары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов; ұлттық дәстүрлерді дәріптеуді қазақ халқының ағартушы-ғалымдары мен ақын-жазушылары Ж. Аймауытов, Ы. Алтынсарин, М. Әуезов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев өз еңбектерінің негізгі арқауы еткен. Ұлттық мәдениеттің негізгі көзі болып табылатын құндылықтарды белгілі ғалымдар Ж. Артықбаев, Х. Арғынбаев, Ә. Бірмағанбетов, А. Нысанбаев еңбектері этнопедагогиканың теориялық негіздерін анық, ұғымдық-терминологиялық аппаратын жасауға тікелей ықпалын тигізді және біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізін құрады.

Жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды даярлау мәселесін, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, мектепке кәсіби білімі жоғары мамандарды даярлау мәселелері қазақстандық ғалымдар Қ.М. Арынғазинның, Ш.Ә. Әбдіраманның, Б. Әбдікәрімұлының, С.Т. Каргиннің, Ж.А. Караевтың, Қ.М. Кертаеваның, Р.М. Қоянбаевтың, Н.Ә. Мыңжановтың, Ж.Ы. Намазбаеваның, Н.Д. Хмельдің, Л.А. Шкутинаның еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім мазмұнын жаңарту және оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, дамуы жоғары елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандарды даярлау жөнінде шаралар қолдануды қажет екендігі аталған.

Этнопедагогикалық даярлау мәселесін алғаш көтергендердің бірі - Г.Н. Волков. Оның пікірінше, тек мұғалім ғана балаларды оқыту, тәрбиелеу процесін нақты аймақтық жағдайда, халықтың көп ғасырлы мәдениеті негізінде ұлттық тәрбие, дәстүрмен тығыз байланыста ұйымдастыра алады.

Жастарға этнопедагогикалық білім беру мәселелері Ж. Асанов, Қ. Бөлеев, Л.А. Бөлетова, Р.Қ. Дүйсенбінова, Қ. Жарықбаев, К.Ж. Қожахметова, С. Қалиев, Ж. Наурызбай, Ә. Табылдиев, С. Ұзақбаева; қолданбалы салалары Р.М. Айтжанова, С.Қ. Әбілдина, Ш.М. Мұхтарова, Қ.А. Сарбасова, Л.С. Сырымбетова, т.б. ғылыми зерттеулерінде қарастырылды [2].

Жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми жұмыстарында жоғары оқу орындарында кәсіби бейімделген мамандарды дайындау, олардың кәсіби құзіреттілігін жоғарылату мәселесін қарастыра отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсынған және болашақ мұғалімдерді мәдениеттің ұлттық болмысын терең сезініп, әлемдік өркениетпен сабақтастыра дамытуға бағыттайды.

Көптеген зерттеулерде этнопедагогикалық мәселенің өзектілігін, білім беру жағдайында ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері мен бүгінгі тәрбие жағдайында озық педагогикалық дәстүрлерді



сақтаудың маңыздылығын атап көрсеткен. Мұғалімнің кәсіби даярлығына жан-жақты мән беру және оларды қажетті, міндетті деп есептей отыра, этнопедагогикалық даярлықты ерекше атап көрсетуге тура келеді.

Болашақ педагогты этнопедагогикалық даярлаудың дидактикалық негізі – бұл мақсат, міндеттер және мазмұнның бірінғай жиынтығын қамтитын кәсіби-білімдік жүйенің құрамдас бөлігі.

Этнопедагогикалық даярлаудың маңызды мақсаттарын жүзеге асыру тұлғалық қасиеттерді, талап етілген білімдер мен іскерліктерді модельдеу негізінде ғана іске асыру мүмкін.

Білім беру процесінде педагогтың этнопедагогикалық даярлығының компоненттері өзара ажырамай үнемі байланыста болса, атқарылатын жұмыстың нәтижесі де жоғары болады. Олардың әрқайсысы қойылған мақсатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін кәсіби құрылым болып табылады. Осы кәсіби құрылым жүйенің барлық компоненттерін жүзеге асыруды шарттайды.

Этнопедагогикалық даярлаудағы этнопедагогикалық мәдениет халық тәжірибесінің құндылықтарын, этнопедагогикалық білімдер мен іскерліктерді беру құралы ретінде саналады.

Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиенің мазмұнын жаңарту мәселесі алға қойылып, халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру көзделіп отыр [3].

Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіміздің тірегі – білімді, тәрбиелі ұрпақ, ұлтжанды ұрпақ екендігі баршамызға аян. Демек, оқытудың жаңа үрдістерін пайдалана отырып, жан- жақты дамыған, рухани дүниесі бай ұрпақты тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Еліміздің мәртебесінің биік болуы- ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі ең іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегі болып саналатын ұлтжанды, өз елін сүйетін, әдет- ғұрпын, салт – санасын қастерлейтін тұлғаны тәрбиелеу басты парызымыз.

Мектептегі шәкірттеріміздің бойында халқымыз ғасырлар бойы қастерлеп, тұтынып келген ар-намыс, ождан, инабаттылық, имандылық, мейірімділік, кішіпейілділік, атамекеніне, еліне деген сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Сондықтан, қазіргі білім беру үрдісінде этнопедагогикалық материалдарды пайдаланудың формаларын, әдіс-тәсілдерін жетілдіру аса қажет. Бұл міндетті жүзеге асыру бастауыш буыннан басталатыны белгілі.

Оқушылармен жүргізетін тәрбие жұмыстарының негізінде мынандай мақсаттарға жетуді көздеп отырмын:

- өз ұлтын сүйетін, ұлтжанды, отансүйгіштік, ерік- жігері мықты, жаны таза жеке тұлғаны қалыптастыру.
- Халқының құндылықтарын көз қарашығындай сақтап, өмірге пайдалана отырып, оны мүмкіндігінше қажетіне жарата білетін маман тәрбиелеу.
- Үшінші, әдепті де парасатты, рухани бай, өресі жоғары, білімді, ел болашағын ойлайтын, аға ұрпақтың арналы ісін жалғастыратын тұлға қалыптастыру [4].

Сондықтан қазіргі қоғамның жаңару жағдайы болашақ ұрпақты тәрбиелеуде тұтас педагогикалық процесінің барлық саласында халықтық педагогиканың озық идеялары мен тәжірибесін кеңінен қолдануды талап етеді.

Ұрпақ тәрбиесіне халықтық педагогиканың өрнекті үлгілерін пайдаланудың сан қилы жолдары мен әдіс-тәсілдерін халық ғасырлар бойы өзі қалыптастырып өркендеткен, ал біздің міндетіміз халық қазыналарын іздеп, тауып оны ізгі іске пайдалану.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Алтынбай Ш. Ерте жастан тәрбиелеу- халықтық педагогиканың отбасындағы қаймағы бұзылмаған саласы. // Ұлт тағылымы – 2002 №1 – 15 б.
2. Ахметова Ш. Халық педагогикасы ілімі. // Қазақстан мектебі-2001-№3-29-30 бет.
3. Әлиева Р. Сабакты халық педагогикасы мен ұштастыру // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2002 -№3 – 8 б.
4. Әбсаттаров Р. Ұлттық сана-сезімнің өсуі халықтық кемелдің көрінісі // Ақиқат 1994 №1- 3-5 б.
5. Әмірова Ш. Ұлттық тәрбиенің берері көп // Бастауыш мектеп, 2000 №4-25-26б.
6. Бейсенова А. Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі – ұлттық идеологияның негізі. // Егемен Қазақстан-2006-19 сәуір.



## БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА НЕЙРОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**А.Ж. Нұрсафина, Ж.Ж. Сауырбай**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
nakmaral@mail.ru

### Аннотация

Мақалада биология ғылымы үшін инновациялық педагогиканы әзірлеу және түрлі ғылыми мәселелердің, оқыту процесін мазмұнды етуге әрі қолдануға арналған зерттеу жұмыстары туралы айтылған. Қазіргі уақыттағы биология пәнін оқыту үшін нейропедагогикалық тәсілдерді қолданудың тиімділігі баяндалады. Нейропедагогикалық тәсілді қолдану барысында үш интерактивті процесстер сипатталып, анықталды. Аталмыш тәсілді қолдануды жүзеге асыру мақсатында қажетті талаптар жіктелді. Зерттеу жұмысы барысында сауалнама және саралау әдістері қолданылып, зерттеу нәтижелеріне қорытынды жасалды.

**Түйін сөздер:** нейропедагогика, биология, оқыту, нейробиология, тәсіл, ғылым.

### Аннотация

В данной статье говорится о разработке инновационной педагогики для биологической науки и исследовательской работе, направленной на содержательность и применение различных научных проблем и учебного процесса. Излагаются эффективность использования нейропедагогических подходов для преподавания биологии в современном мире. Описаны и определены три интерактивных процесса при применении нейропедагогического подхода. В целях осуществления применения данного подхода были классифицированы необходимые требования. В ходе исследовательской работы были использованы методы опроса и анализа, сделаны выводы по результатам исследования.

**Ключевые слова:** нейропедагогика, биология, обучение, нейробиология, подход, наука.

### Abstract

This article deals with the development of innovative pedagogy for biological science and research aimed at the content and application of various scientific problems and the educational process. The article describes the effectiveness of using neuropedagogic approaches for teaching biology in the modern world. Three interactive process in the application of the discussed approach are described and identified. In order to implement this approach, the necessary requirements have been classified. In the course of research, the methods of survey and analysis were used, conclusions were made based on the results of the study.

**Key words:** neuropedagogy, biology, education, neuroscience, approach, science.

**Кіріспе.** Оқытудың жаңа технологияға ауысуы жаңа теориялар мен тәсілдердің – зияткерлік алуандығы, белсенді оқыту мен зерттеу негізінде жүзеге асады. Осы теориялар мен тәсілдер оқытудың дәстүрлі тәсілінің кедергілері мен шектеулерін жойып, оқыту сапасын арттырды. Қазіргі уақытта оқытудың тиімді түрлі теориялық ережелері мен эмпирикалық зерттеулері туралы әр түрлі көзқарастар бар [1]. Нейропедагогика бағыты негізінде оқыту осы көзқарастардың бірі болып табылады және ми өңделуі, сыни тұрғыдан қабылдау және ақыл қасиеттерін есепке ала отырып оқытуды ұйымдастыруды қамтиды. Ақыл-ой, ми және білім туралы ғылым-бұл бүгінгі күні оқытудың сапасын және білім алушылардың жетістіктерін арттыру үшін қолданылатын инновациялық тәсілдердің бірі. Көптеген оқытушылар мен білім алушылар мидың қалай оқытынынын, жұмыс істейтінін және өзгертінін түсінбейді. Ғылыми білімнің дамуы соңғы онжылдықта елеулі табыстарға жетті. Нейропедагогика бағытты өзгертудің айқын және эмпирикалық бағыттағы негіздемесін қамтамасыз етуде, сонымен қатар, тиімді педагогикалық оқытудың нейрондық негіздерін түсінуімізді алға жылжытуда орталық рөл атқара алады.

Нейро және когнитивті ғылымдардың жаңа және үздіксіз ашылуы мидың ақпаратты қалай өңдейтіні, сақтайтыны және қабылдауы туралы білімнің жылдам таралуына әкелді. Барлық деңгейдегі педагогтар осы жаңа білімдерді тұтынушылар ретінде өз рөлін сезінетіндіктен, ми зерттеулерін оқу практикасына көшіру жиі білім практикасына мәселе болып табылады.

Нейробиология саласындағы зерттеулер мидың қалай жұмыс істейтінін және оқыту қалай қалыптасатынын түсінуді жақсартты. Соңғы жылдары жаңа зерттеу саласы пайда болды, ол өз кезегінде оқытудың тиімділік құпиясына ықпалдай түсті. Ол білім нейропедагогика, нейро білім беру және ақыл, ми және білім деп аталды. Нейропедагогика (ағылш. Neuroeducation, Educational neuroscience - когнитивті неврология, дифференциалды психофизиология, нейropsихологиялық білім, оқу материалының әр түрлі түрлерін меңгеру үдерістерін ми ұйымдастыру туралы мәліметтер, білім



беру процесінде оқушылар мен оқытушылардың ЛЖП (латерацияның жеке профили) нұсқаларының үйлесімділігін есепке ала отырып білім берудің қолданбалы нейроғылымы [2].

Нейропедагогика педагогиканың, психологияның, неврологияның, кибернетиканың классикалық негіздеріне негізделеді және білім берудегі тұлғалық-бағдарлы көзқарасты бейнелейді. Нейропедагогиканың мақсаты-жоғары психикалық функциялардың ми ұйымның жеке ерекшеліктері туралы білімді пайдалана отырып, педагогикалық міндеттерді практикада оңтайлы және шығармашылықпен шешу.

Нейропедагогиканың міндеттері:

1. Оқу топтарының санасы мен мінез-құлқының нейропедагогикалық механизмдерін; олардың тұлғалық, субъектілік және жеке өзара қарым-қатынасын, сондай-ақ жалпы нейропедагогикалық кеңістікті қалыптастыру принциптерін меңгеру;

2. Бірыңғай білім беру міндетін шешу жағдайында адамдардың нейропедагогикалық қарым-қатынасының нәтижесі ретінде пайда болатын объективті психологиялық құбылыстар мен заңдарды зерттеу;

3. Бірлескен білім беру қызметінің әсерінен дамитын нейропедагогикалық кеңістіктің құрылымын, нейропедагогикалық процестердің заңдылықтарын талдау;

4. Педагогтер мен психологтардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін психодиагностикалық және психокоррекциялық технологияларды әзірлеу және білім беру практикасына енгізу;

5. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету (мүгедек балаларды жалпы білім беретін мектепте басқа балалармен бірге оқу мүмкіндігі).

Бас миы екі жарты шарға бөлінеді, олардың 80% - ы мидың оң және сол жартысын құрайды [3], ал 20% - ы оң және сол жақ лимбикалық жүйелер [4]. Бүгінгі күні табысты адамның тұжырымдамасы ми зерттеуінен кейін өзгерді. Бұл тұрғыда мидың екі жартысын тиімді пайдаланатын және бірден екіншісіне оңай өтуге қабілетті адам білімде табысты болып саналады. Ол екі жарты шарда да гармония мен ынтымақтастықта пайдаланылатын жағдайларда білім алуда да өмірдің басқа салаларында да үлкен табысқа қол жеткізетіні байқалды. Білім беру мекемелерінде оқу ортасын ұйымдастыру кезінде бұл фактіні ескеру және мидың екі жартысын да жүзеге асыратын қызметті жүзеге асыру қажет.

**Зерттеудің мақсаты.** Нейробиологиялық зерттеулердің нәтижесі ғылыми пәндердің, соның ішінде биология пәнінде нейропедагогикалық тәсілдерді қолданудың тиімді жақтарын әзірлеу болып табылады. Дамып келе жатқан педагогика ең алдымен қауымдастықтың когнитивті және нейрондық процестеріне, бейнелеуді танып-білуге, назар аударуға, визуалдауға, праймингке, оқу ортасы мен жадысын байытуға негізделген. Ұсынылып отырған зерттеу биология ғылымы үшін инновациялық педагогиканы әзірлеу және түрлі ғылыми мәселелерді шешуде көмек көрсету бойынша ықпал етуге және сол арқылы оқыту процесін мазмұнды етуге әрі қолдануға бағытталған.

**Зерттеу әдісі.** Зерттеу жұмыстары сауалнама және саралау әдістері арқылы қаламыздың № 65 жалпы білім беретін орта мектебінде жүргізілді. Сауалнама нейробиологиялық тәсілді қолдану арқылы, мидың жұмысына назар аударыла отырылып өткізілген биология пәні бойынша 9 сынып оқушылар арасында жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері.** Зерттеу жұмыстары саралау әдісіне, биология пәнін мектепте оқытуда нейропедагогикалық тәсілді қолдану туралы еңбектер мен мақалалар негізіне сүйеніп жүргізілді. Сол себепті, әдебиеттерді саралап, іздену кезінде «International Journal of Neuroscience and Behavioral Science» журналы осы мәселе тұрғысында жүргізген зерттеу жұмыстары арқылы қол жеткіздік [5]. Зерттеудің мақсатына сүйеніп, жалпы білім беретін орта мектептің 9 сынып оқушылары (65 мектеп) болды. Таңдалған мектептегі оқушылардың жалпы саны 72 адамды құрады. Топтағы оқушыларды эксперименталды және бақылау тобына бөлдік. Әр топ 36 оқушыдан тұрды.

Нейропедагогика тәсілін қолдану жоғары психикалық функциялардың ми ұйымның жеке ерекшеліктері туралы білімді пайдалана отырып, педагогикалық міндеттерді практикада оңтайлы және шығармашылықпен шешу болып табылады. Сондықтан зерттеудің мақсатына сүйене отырып, келесідей міндеттер қойылды:

1. Оқу топтарының санасы мен мінез-құлқының нейропедагогикалық механизмдерін анықтау, олардың тұлғалық, субъектілік және жеке өзара қарым-қатынасын, сондай-ақ жалпы нейропедагогикалық кеңістікті қалыптастыру принциптерін меңгеру;

2. Бірыңғай білім беру міндетін шешу жағдайында адамдардың нейропедагогикалық қарым-қатынасының нәтижесі ретінде пайда болатын объективті психологиялық құбылыстар мен заңдарды зерттеу;

3. Бірлескен білім беру қызметінің әсерінен дамитын нейропедагогикалық кеңістіктің құрылымын, нейропедагогикалық процестердің заңдылықтарын талдау.





Бас миы екі жарты шарға бөлінеді, олардың 80% - ы мидың оң және сол жартысын құрайды [6], ал 20% - ы оң және сол жақ лимбикалық жүйелерінен тұрады [7]. Бүгінгі күні табысты адамның тұжырымдамасы ми зерттеуінен кейін өзгеретні анық. Нейропедагогикалық тәсілді қолдану арқылы оқытудатиімділік беретін объективті деп танылған үш интерактивті процесс оқыту барысын қарастырылды.

№	Процесс атауы	Сипаттамасы
1	Жоспарлы шому/бату	Бұл білім алушылардың санасында ақпаратты интерпретациялау және дәл осы мазмұнға олардың назарын фокусировка жасау процесітерінің бір-бірімен тұтастығы мен байланысы сөзсіз болғанда, оқушылар мазмұнын анықтау үшін жергілікті жады жүйесін пайдаланылады. Фильмдер, бейне және бейне ойындар ұйымдасқан осы жоспарлы шомудың мысалы ретінде ұсынылды.
2	Бос Сергектік	Ми фотоаппарат объективіне ұқсас, ол адам проблемамен кездескен кезде ашылады, бала сияқты бір нәрсе оны қызықтырады немесе өзін кінәсіз сезінеді және дәрменсіздікпен байланысты қауіп-қатермен жабылады. Зерттеулер оқытудың кейбір түрлері бейбіт жағдайда және шешім жағдайында оң әсер ететінін көрсетеді, олар шаршау мен қауіп басады, ал бұл тәжірибе қауіп ретінде қарастырылғанда пайда болатын жағдай "дауншифтинг" деп аталады. Дауншифтинг мидың алдыңғы бөлігіне әсер ететіндіктен, ол индивидке оқуға және проблемаларды шешуге кедергі келтіреді. Сондықтан білім алушы өзін қауіпті сезінбейтін және жайлы ақпарат алмайтын ортада құрылуы тиіс. Бос Сергектік үшін әндер мен сөздік жұмбақтарды пайдаланылды.
3	Белсенді Процесс	Бұл оқушымен тұжырымдамалы жәнемағыналы түрде ақпаратты меңгеру процесі. Бұл оқыту білім алушылар өз өзгерістерінің бағыты мен сипатына жауапкершілік алуына мүмкіндік береді, бұл олардың өз тәжірибесін ұғынудың жалғыз жолы, яғни түсіністікке әкелетін жол. Білім алушының өмірмен бірігуінен кейін пайда болатын белсенді өңдеу. Басқаша айтқанда, оқушыларға жаңа байланыстарды орнату үшін уақыт қажет. Осыған байланысты оқытушылар оқушылармен бірлескен іс-әрекет ұйымдастыра, оларға ақпаратты саналы және дәйекті түрде алуға мүмкіндік береді. Бұл мақсаттар осы зерттеуде іс-шараларды дайындау кезінде ескерілді.

Кесте 1. Үш интерактивті процестің көрінісі

\*Ескерту кесте әдебиеттер нешінде алынды

Сонымен қатар, жұмыс барысында нейропедагогика тәсілін қолдану аясында білім алушылардан нейропедагогика жөнінде сауалнама жүргізілді, яғни, сауалнаманың бірінші сұрағы нейропедагогикалық тәсіл туралы жалпы таныстыққа арналды. Жауаптарды зерделеу барысында, сауалнама алынған 12 білім алушының 7-сі осы тәсілден хабары бар болып шықты.




Сурет-1. Нейропедагогикалық тәсілмен таныстық деңгейі

Нейропедагогикалық тәсілді қолдану арқылы демонстрациялық сабақ өткізіліп болған соң, берілген тәсілдің тиімділігі туралы сұрақтар қойылды.



Олардың бірі төмендегідей. Нейропедагогикалық тәсілдің биология пәнін оқытуда тиімділігі қандай деген сұраққа орта мектеп мұғалімдерінің 67 % -ы өте тиімді деп жауап берген.



Сурет-3. Нейропедагогикалық тәсілдің биология пәнін оқытуда тиімділігін анықтау

Осы зерттеудің мақсаты-тәуелсіз айнымалы және тәуелді айнымалы ретінде оқушылардың жетістіктерін дамыту мақсатында ғылымдағы нейробиологиялық зерттеу педагогикасының тиімділігін анықтау болды. Биология пәні бойынша әзірленген тест сұрақтарын жүргізу барысында келесідей зерттеу нәтижелері алынды. Зерттеу нәтижесін келесі кестеден көруге болады.

Биология тақырыптары	Мақсаты	Қысқа жауап	Білу	Түсіну	Қолдану	Жалпы	%
Тірі ағзалардың әртүрлілігі	5	1	1	2	1	4	4.70
Ағзаның тіні	6	1	2	6	-	8	9.41
Өсімдік тіні	8	-	5	3	1	8	9.41
Жануар тіні	1	1	1	1	-	2	2.35
Азот циклі	5	1	3	3	-	6	7.05
Жалпы	25	4	12	15	2	28	32.92

Кесте-4. Биология пәні бойынша жүргізілген тест көрсеткіштері

Демек, алынған нәтижелерді зерделеу мақсатында биология пәнін оқытуда оқытуың дәстүрлі әдістері тиімсіз екендігін көрсетеді. Алынған зерттеу нәтижелеріне байланысты мәліметтерді интерпретациялау аясында биология пәнін оқыту негізінде нейропедагогикалық тәсілдің тиімділігі туралы қорытынды мен түйіндеме негізінде нейропедагогикалық тәсілдің көмегімен оқытылатын биология пәніндегі оқушылардың жетістіктері дәстүрлі әдістермен оқытылатын олардың қарама-қарсы бөліктерінің жетістіктерінің деңгейіне қарағанда жақсы екені анықталды. Нейропедагогикалық тәсілдерге негізделген жаратылыстану ғылымдарын зерттеуде білім алушылардың жетістіктерінің деңгейіне тиімді әсер ететіндігі анықталды. Нейропедагогикалық тәсіл оқу орындарының барлық оқушыларына осы биология саласындағы бағдарлаушы ұғымдармен, ғылыми зерттеу мәдениетімен және ғылыми негізделген білімдік зерттеу ретінде сараланатын талаптары бар арнайы біліммен танысу үшін қажет екендігін көрсетті.

#### Қорытынды

Биология пәнін оқытуда нейропедагогикалық тәсілді қолданудың тиімділігі педагогикалық тәжірибені жетілдіруге және білім алушылардың білімді терең игеруіне ықпал етеді. Нейропедагогика және білім берудің арасындағы алшақтықты жеңу мұғалімдердің ролін және педагогикалық оқу орындарының оқу бағдарламаларын реформалауды талап етеді. Нейропедагогика тәсілін қолдану тек биология пәнін емес, әр түрлі пәндерден ғылыми әдебиетке негізделген пән ретінде оқытуды дамытады. Нейробиологиялық қауымдастық, педагогтар мен ата-аналар нейропедагогика туралы жалған пікірлерге қарсы тұруға тиіс. Көптеген пәндерде зерттеу нәтижелері, психология мен генетикадан бастап нейробиологтар мен инженерияға дейін, қазірдің өзінде оқу жоспарлары мен саясатын ақпараттандыру тәсілдері ұқсас. Сондықтан оқытудың нейропедагогикалық тиімділігі бойынша мәселені зерттеуде нейропедагогикалық тәсіл ұзақ кезеңдерде жүзеге асырылуы мүмкін және осылайша оның білім алушылардың биология пәніне қатысты әсерін зерттеу, нейропедагогикалық



тәсіл арқылы оқытудың басқа жаңа оқыту үлгілерімен салыстыруға болады, нейропедагогикалық тәсіл туралы білімалушылардың білімінің бағалануы және пәнді біріктіру үшін білім алмасу желісі кеңейтілуі тиіс деген ұсыныстарды тұжырымдауға болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bruner, J. T. (2005). Education and the Brain: A Bridge too far. Educational Research, 26(8), 4–16. <https://doi.org/10.3102/0013189X026008004>
2. Современные методы преподавания биологии. Информационно-коммуникационные технологии/Демина Татьяна Михайловна/<https://urok.1sept.ru/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/612108/>.
3. Москвитин В. А., Москвитина Н. В. Нейропедагогика как прикладное направление педагогики и дифференциальной психологии
4. Jensen E. Teaching With The Brain in Mind. Association for Supervision and Curriculum Development, Virginia, 1998. (PDF) *The effect of brain based learning biology education upon the academic success and attitude.* Available from: [https://www.researchgate.net/publication/297515664\\_The\\_effect\\_of\\_brain\\_based\\_learning\\_biology\\_education\\_upon\\_the\\_academic\\_success\\_and\\_attitude](https://www.researchgate.net/publication/297515664_The_effect_of_brain_based_learning_biology_education_upon_the_academic_success_and_attitude) [accessed Mar 01 2020].
5. Asrat Dagnev. Effectiveness of Neuro Scientific Research-based Pedagogy in Science/International Journal of Neuroscience and Behavioral Science 5(4): 66-70, 2017 <http://www.hrpub.org>
6. Ozden Y. Oğrenme ve Öğretme. Pegem A Yayıncılık, Ankara, Turkey, 2003 (in Turkish).
7. Duman B. Oğrenme-Öğretme Kuramları ve Süreç Temelli Öğretim. Ani Yayıncılık, Ankara, Turkey, 2004 (in Turkish).
8. Sprenger M. Becoming a “Wiz” at Brain-Based Teaching. Corwin Pres, USA, 2007.

### Ақпарат авторлары:

1. Нұрсафина А.Ж - PhD доктор, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
2. Сауырбай Ж.Ж.- магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
3. Nursafina A.Z. - PhD doctor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.
4. Sauyrbay Z.Z.- Master student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

## ОРОМОНХОИ МАОРИФПАРВАРОНИ ОСИЁИ МИЁНА

### ОЛИМОВА Хосият Хакимовна

Таджикский государственный института языков имени Сотима Улугзада

Душанбе, Таджикистан

[hosiyat.olimova@mail.ru](mailto:hosiyat.olimova@mail.ru)

### Аннотация

Парсы және тәжік әдебиеттануында ағартушылық проза қалыптасуының ерекшеліктері түрлі бағыттар, мектептер және көркем әдебиеті стильдеріне байланысты да зерттеліп зерделенген.

Берілген мақалада олқылықты толтыру және аталған мәселені шешу үшін белгілі үлес қосуға, XIX ғасыр соңында және XX ғасыр басындағы шынайы прозаның дамуын зерттеуге талпыныс жасалуда.

Ахмад Доништің «Наводирулвакоеъ» туындысы кейіннен деректі әдебиет деп аталған жаңа әдебиет түрінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тәжік және парсы тіліндегі әдебиеттерде батыл жалғасын тапты.

Мақалада ағартушылық көзқарастардың қалыптасуының негізгі факторлары және жаңа мектептердің қалыптасуы мен дамуындағы XIX ғасыр соңында және XX ғасыр басындағы ағартушылық ойлар мен саяси өзгерістері зерттелген.

**Негізгі сөздер:** ереже, өркениет, қала, Бұқара, кезең, басқару, әулет, уақыт, қоғам, ғалым, әдебиетші, ғылым, ағарту, назар аудару, даму, білім беру, діни құрылым, объект, шығарма.



### Аннотцаия

Дар адабиётшиносии форсу тоҷик самтҳои ташаккулёбии насри маорифпарварӣ дар асоси таҳавуллоти равандҳо, мактабҳо ва сабқҳои бадеӣ мавриди таҳқиқ қарор гирифтааст.

Дар мақолаи мазкур муаллиф сабӣ намудааст, ки паҳлуҳои ҳанӯз таҳқиқ нагаштаи насри реалистии охири асри XIX ва аввали асри XX-ро пажӯҳиш намояд.

Осори Аҳмади Дониш “Наводир-ул-вақоеъ” дар ташаккули насри маорифпарварии форсу тоҷики охири асри XIX ва аввали асри XX саҳми боризе дошта, минбаъд барои раванқи насри воқеӣ заминаи мусоид гузоштааст. Дар мақола падидаҳои асосии инкишофи афкори маорифпарварӣ, таъсири он дар таҳавуллоти сиёсӣ ва андешаҳои маорифпарварии охири асри XIX ва аввали асри XX таҳқиқ гардидааст.

**Калидвожаҳо:** вазъият, тамаддун, шахр, Бухоро, давр, раёсат, сулола, вақт, ҷамъият, адабиётшиносон, илм, маориф, тавачҷух, ташаккул, таълим, сохти динӣ, макон, осор.ия.

Дар адабиёти классики форсу тоҷик тасвири воқеияти зиндагии инсонҳо дар заминаи андешаҳои динӣ нигаронида шудааст, яъне адибони гузашта аҳкоми исломиро, ки аз адл ва адолат замина мегирад, тараннум намуда, аммо амалҳои инсонҳоро дар ҷомеа матраҳ накардаанд. Осори насрии адабиёти классики мавзӯҳои тарбиявӣ-ахлоқӣ дар бар гирифта, воқеияти бархурдҳои мазҳабиро қариб ки баён намекарданд ва он зери парда ниҳон менамояд. Мунозираҳо байни уламо ва мубаллиғини мактабҳои усули ҷадид дар охири асри XIX аз он гувоҳӣ медиҳанд, ки аморати Бухоро аз тадриси тоторҳо дар мактабҳои усули ҷадид розӣ набуданд ва ҳамзамон ба навоарию мақсадҳои маорифпарваронаи зиёӣён бархурд менамуданд. Дар умум, дар шахри Бухоро дар аввали асри XX маорифпарварон бо руҳияи миллӣ аз дигарон бартарӣ надошта, ғолибан ба бархурди мазҳабиву динӣ эътимод меварзиданд. Дар мақолаи мазкур муаллиф дар мавриди ғайолияти маорифпарварони тоҷик дар аввали асри XX дар Бухоро ва атрофи он баҳс менамояд. Ба андешаи муаллиф заминаи пайдоиши нигоҳи ҷадид дар аввали асри XX ин қабл аз ҳама пайравӣ аз маорифпарварони охири асри XIX ба шумор меравад.

Асри XIX дар таърихи миллати тоҷик аз шумори асрҳои буд, ки дар Осиёи Миёна се давлати мустақил аморати Бухоро, хонигарии Қуқанду Хева ва мулки ниммустақил (монанди Шаҳрисабз, Китоб, Ҳисор, Қаротегин, Дарвоз ва Кӯлоб) ба назар мерасад. Русия чун як кишвари абарқудрати давр аз кашмакашии беҳири аморати Бухорою хонигарии Қуқанд истифода намуда, нақшаи ҳуҷум ба Осиёи Миёнаро мекашад ва аз нимаи дууми солҳои 40-уми асри XIX ба мулкҳои Осиёи Миёна ҳуҷуми аскарҳои худро оғоз менамояд, ки яке аз омилҳои асосии ҳуҷум ба ин минтақа ин дастрасии ашӯи хом ва роҳкушоӣ сӯи Шарқ маҳсуб мегардид.

Раванди бузурги фарҳангӣ дар ҳавзаи тамаддун ва фарҳанги Мовароуннаҳр ва дигар кишварҳои мутамаддини Шарқ аз лиҳози ҳадаф ҳамоҳанг буда, аҳли зиё ва адибони ин давра тавассути осори худ раҳой аз ғафлатро тақозо менамуданд. Маорифпарварони Бухоро аз зумраи заминагузориҳои ҳаракати маорифпарварӣ ва тавсеакунадагони фарҳанги миллӣ ба шумор мерафтанд. Онҳо зиёӣёни тараққиҳоҳ ва ислохотпарваре буданд, ки аз муҳити сиёсӣ ва иҷтимоии Бухоро норозӣ буданд ва ислоҳоти амалӣ дар ҷомеа мегарданд.

Маорифпарварон бо андешаҳои ислохотҳои, тасвири воқеият дар осор ва инъикоси вазъи иҷтимоӣ асосгузори адабиёти навин буданд, барои раҳой аз ҳаёти ақибмондагӣ ва гузаштани гом сӯйи ҷомеаи мутамаддин ислоҳоти ҷадидро дар ҷомеа хоҳон мешаванд. Мушкilot ва масоибҳои иҷтимоӣ бо дарки авзои иҷтимоӣ ва сиёсӣ маорифпарварон тасмими тоза ба дӯш гирифта, аз ҷониби дигар ба хотири баланд бардоштани маърифати мардум талошҳо мекунанд.

Дар воқеъ, Зариф Раҷабов аз ҷумлаи нахустин муҳаққиқони афкори иҷтимоӣ ва сиёсии Аҳмади Дониш ба шумор меравад ва дар таҳлилу баррасии афкори Дониш қабл аз ҳама вазъи сиёсии замони Аҳмади Донишро ба инобат гирифта, ташаккул ёфтани ақоиди маорифпарвариро аз замони пурситези охири асри XIX медонад: «Асосҳои пайдоиши маорифпарвариро дар Осиёи Миёна пеш аз ҳама, дар шароити иҷтимоӣ - иқтисодии аморати Бухоро ва Туркистони нимаи дууми асри XIX ва ибтидои асри XX, дар шиддат ёфтани норизогии оммаҳои халқ аз тартиботи мавҷуда ҷӯст. Ҳамаи ин ҳодисот натиҷаи дар дохили иқтисодиёти шахшудамондаи феодалӣ тавлид ва инкишоф ёфтани муносибатҳои капиталистӣ буд» [1, с.106].

М.Зайниддинов дар мақолааш бо номи «Ғайолияти маорифпарварии Шаҳобиддини Марҷонӣ ва рушди робитаҳои адабии халқҳои тоҷикӣ тотор» ҳаракати маорифпарвариро «дар таърихи афкори иҷтимоӣ, сиёсӣ ва фарҳангиву илмӣ халқҳои Осиёи Миёна як падидаи тоза ба бедорӣ ва худшиносӣ даъваткунанда» мешуморад. Ба қавли муаллиф онҳо маорифпарварон адабиётро ҳамчун василаи «мубориза барои таҷдиди ҷомеа» истифода намудаанд. Зайниддинов М. байни маорифпарварони Фарбу Шарқ тафовут намегузорад ва онҳоро «саршори рӯҳи озодандешиву озодихоӣ, муҳаббат ба инсон ва



боварӣ ба имконоти хиради инсонӣ» меҳисобад [2, с.111-112]. Зимнан меорад, ки «Шаҳрҳои таърихии Бухорову Самарқанд бо ҳамин сифаташон дар бедории фикрӣ ва рушди афкори маорифпарварии толибилмон, мударрисон, адибон ва равшанфикрони тотор низ таъсири босамар расонидаанд» [2, с.122].

Албатта, маорифпарварони тотор ва дигар минтақаҳо дар пояи афкори исломӣ ва тафаккури шарқӣ «бо истифода аз фарҳанги пешқадами Ғарб кӯшиши ба сатҳи аврупоӣ баровардани фарҳанги миллиро» [2, с.113]. муҳим медонистанд. Маорифпарварони тотор А. Курсавӣ, Ш.Марҷонӣ, О.Барудӣ, Х.Файёзхонов, Қ.Носирӣ, Р. Фатхудинов, И.Гаспринский ва бародарон Зокир ва Шокир Рамиевҳо, ки дар заминаи фарҳанги исломӣ ба камол расидаанд, чун пешоҳангони ин чараён, бо дарки рушди ҷомеа чихати амалӣ намудани ин ғояи бедорӣ ҷаҳд намудаанд [2, с.112].

Далели иртиботи маорифпарварони турку тотор бо афкори илмӣ-адабии форсу тоҷик Шаҳобуддини Марҷониро мисол овардан мумкин аст, ки таҳсилкардаи мадрасаҳои Бухоро буд. Шаҳобуддини Марҷонӣ донишманди исломӣ ва донандаи хуби тиб буд, ки аз осори Ибни Сино бархӯрдор буд. Дар ёддоштҳои худ бо номи «Вафйат ал аслаф» аз устои донишмандаш Абӯсаиди Самарқандӣ ёд кардааст, ки пас аз итмоми мадрасаҳо чанде пешиӯ шоғирдӣ кардааст [2, с.116]. Аз рӯйи ҳамин нуқтаи назар чараёни маорифпарварии Осиёи Марказӣ «танҳо аз маорифпарварии рус таъсир нагирифта, бештар ба ҷунбишҳо ва падидаҳои, ки дар Озарбайҷон, ва Қазону Оренбургу Қрим сурат мегирифтанд ва ба ҷунин падидаву ҷунбишҳои дар Афғонистону Эрон, Ҳиндустон ва дигар мамлакатҳои Шарқ рӯй мевода низ қаробат дошт. Ҷойи шубҳа нест, ки дар осори А.Дониш, Сиддиқии Аҷзӣ, Асирий ва дигар равшанфикрони тоҷик таъсири маорифпарварони Рум ба назар мерасад. Дар ҷунин вазъияти ҳассоси таърихӣ афқору андешаи адибон ва равшанфикрони тоҷику тотор ба шумули ҳавзаҳои қавии илмиву фарҳангии Қазону Оренбург ва Боқуву Истамбул ҷун риштаи пайвандгарӣ дар байни равшанфикрони тоҷик ва адабу фарҳанги пешрафтаи русу аврупоӣ хидмат кардааст [2, с.121]. Маорифпарварӣ ҳамчун як падидаи милли-озодихоҳӣ тавониста буд, ки иттиҳоди байни зиёӣони Шарқро тақон диҳад ва дар осори адибон як ваҳдати ягонагӣ- андешаҳои зидди истибдод баландтар садо меод.

Нақши дигарро дар таҳкими наҳзати маорифпарварӣ интишороти озоди кишварҳои пешрафтаи Шарқ ташкил менамуд. Соҳиб Табаров дар асараш бо номи «Зиндагиномаи Садриддин Айнӣ (1875-1899)» дар таҳқиқи рӯзгори Айнӣ дар солҳои 90-ум ва алалхусус бедории фикрии ӯ омилҳои зиёдеро пешниҳод менамояд, ки ин дар қомилгардии донишҳои замони мударрисон, муҳасиллин, аҳли зиё ва дигар қишри иҷтимоии Бухоро (ва шояд тамоми Мовароуннаҳр.О.Х.) заминаи олие фароҳам меоварад, Аввалан огоҳӣ ва воридгардии чаридаи «Тарҷумон», ки ҳангоми дар мадрасаи Олимҷон таҳсил намуданаш аз ҷониби «ҳамсабақу шарикдарси Айнӣ-Мирқодирмахдум» дастрас мекунад [3, с.273]. Ба қавли Соҳиб Табаров «Тарҷумон» ба номи муштарӣ Сайидахмади ришкан яке аз ҳешовандони Мирқодирмахдум аз Қрим ба Бухоро меомад ва бори нахуст С.Айнӣ ба воқеаҳои ҷаҳон ошно мегардад [3, с.274].

Шарифҷони Муътасим шахсияти дигаре буд, ки аз осори интишоргардидаи Русия ва хориҷи он ошно буд ва худӣ ӯ тасҳеҳқунандаи китобҳои арабӣ дар матбааи Туркия буд ва С. Айнӣ «Саидахмади ришкан барин бухорӣи пешқадам ва бомаърифатро дар тарғибу ташфиқи анвори маориф ва маданият хеле бузург мешуморад» [3, с.277]. Соҳиб Табаров дар рисолаи фавқ ба фаъолияти Шарифмахдуми Муътасим баҳои баланд медиҳад ва таъкид мекунад, ки «яке аз асосгузори нашриёти миллии тоҷикӣ дар аввали солҳои 90-уми асри XIX ва интишору фурӯши китобҳои соҳаҳои гуногун илму фан, аз ҷумла китобҳои навҷопкардаи ҳеш, ҷалб қардани равшанфикрону маорифпарварон ва донишҷӯёни фозили бухорӣ, ба мисли Сайидахмади ришкан, хидмати босазое намуда, ин қорҳоро вазифаи муҳим барои бедорномаии худшиносиву ҳештаншиносии миллати тоҷик меҳисобид [3, с.278].

Амирони Бухоро қонунгузории давлатӣ надоштанд ва аз аҳоли талаб менамуданд, ки мутобиқ ба ҳидоятҳои Қуръони қарим амал намоянд, дар ҳоле худӣ ҳукуматдорон бар хилофи фармудаҳои ин китоб амал мекарданд. Андозии номаҳдуд ва ришваситонии амлоқдорони амир дар ҳар як мавзеи аморат аҳолиро фақир месохтанд ва барои наҳзатҳои зидди ҳукумати амир замина ба вучуд меоварданд.

Дар охири асри XIX маориф дар Бухоро хеле қоста гардида буд. Дар «Туркестанский край» омадааст, ки «Пас аз ғасб гардидани Туркистон масъалаи тақмил додани маориф ва махсусан босавод қардани омма ба миён омада, муҳимияти онро қандин маротиба тазаққур додаанд [4, с.333]. Ҷунки таълим дар Осиёи Миёна бо дин тавҷам буда, руҳонӣон онро дар дастӣ худ гирифтаанд. Аз ҷумла нуқтаи асосие, ки дар мактабҳо тавачҷуҳ мекунанд, ин тафсири Қуръон, ҳаттотӣ ва дар синфҳои болоӣ адабиёт, таърих ба роҳ монда шудааст [4, с.334].

Дар ҳоле ки дар замони Хилофати араб назар ба илмҳои гуногун тавачҷуҳ ба омӯзиши фанҳои дақиқ бештар буда, ҳатто Арасту ва фалсафаи Юнонро меомӯхтанд, ки аънаи бузург оҳишта-оҳишта аз байн рафт. Бухоро ва Самарқанд маркази дин ва илм маҳсуб мегардид. Мактабҳои мусалмонӣ ба



ду гурӯҳ тақсим гардида буданд: мактаб ва мадраса [4, с.335]. Дар мадрасаҳо ба омӯзиши шариат, қавоиди исломӣ ва забони арабӣ таваҷҷуҳ менамуданд. Идомаи соли таҳсил меъёр надошт ва асосан ба омӯзиши фикҳи ислом муҳассилон умри худро сипарӣ менамуданд. Аз он ки бештар таълим ба забони арабӣ мерафт, аз сарфу наҳви забони худ фарсахҳо дур монда буданд. Онҳое, ки мадрасаро хатм менамуданд, қозӣ, муфти ва ё мударрис мешуданд [4, с.336].

Баробари ин, дар мадрасаҳои Бухоро ва Самарқанд нучумшиносӣ ва ҳандаса низ тадрис мегардид. Вагарна Аллома Аҳмади Дониш барин нобиғаҳо аз нучум ва ҳандаса огоҳӣ намеёфтанд ва то ҳадди муҳандисӣ намерафтанд. Аз ҷумлаи осори Аҳмади Дониш дар охири асри XIX «Манозир-ул-қавокиб» ва «Ар-рисола фи аъмол-ул-қура» бевосита ба илми нучумшиносӣ бахшида шудааст. Оид ба фаъолияти илмӣ аҳли Бухоро ва нисбат ба арзишҳои миллӣ бепарво будани онҳо Садриддин Айнӣ чунин менигорад: «Дар мадрасаҳои Бухоро қариб 20 китобхона буда, аз инҳо китобхонаи «Дор-уш-шифо», махсус ба китобҳои тиб пур буд, аҳли истибдод ба фикри барҳам додани китобхонаҳо афтоданд. Ба таври худ вачҳе ёфта, дар аҳди амир Насруллоҳ ба воситаи раиси Бухоро Раҳмонбердӣ Маҳдум китобхонаҳоро барҳам доданд... Баъди он ки роҳи Бухоро барои аврупоиён кушода шуд, як қисми китобҳои нодире, ки дар хонаҳои уламо буд, аз тарафи писарони исрофкор ва шаҳватпарастии онон ба китобдӯстони аврупоӣ фурӯхта шуд» [5, с.16].

Мушкилоти асосии дарсҳои мадраса он буд, ки аксари муҳассилин ба хоҳири мақом ва мартабаи хубро соҳиб шудан бештар ба омӯзиши фикҳи ислом мепардохтанд. Дар мадрасаҳо духтарон тадрис намекарданд ва духтарон дар назди бонувони босавод таълим мегирифтанд. Баробари тасарруфи Осиёи Миёна аз тарафи Русия ҳадафи таҳия намудани мактабҳои нав пайдо мешавад ва дар ин самт тоторҳо бештар саъй менамуданд. Аз рӯи андешаи муаллифи Месилский В.И. соли 1881 дар шаҳри Тошканд, нахустин мактабҳои типи русӣ бо дастури императори Русия барои писарон ва соли 1887 барои духтарон кушода мешавад [4, с. 338].

Аҳмади Дониш дар рисолаҳои хеш сабабҳои ақибмондагии аморати Бухоро ба қалам додааст. Номбурда пас аз сафарҳои худ ба мулки Русия эҳсос намуд, ки омилҳои асосии ақибмонии Осиёи Миёна бештар ба шакли идоракунии давлат ва сатҳи қонунгузорӣ алоқаманд мебошад. Набудани матбаа, театр, лампаи керосинӣ, таҷҳизоти гармкунанда, муассисаҳои тиббӣ, мактабҳои ҷадид ва ғайра аз тафовути барҷастаи байни Бухорову ҷаҳон шаҳодат медиҳанд. Ба ибораи дигар аморати Бухоро аз ҷомеаи ҷаҳонӣ ақиб монда буд ва ин тафовут Аҳмади Носируддинро водор мекард, ки чиҳати чуну чарои он пажӯҳиш бинмояд. Ҳатто дар «Наводир-ул-вақоъ» муаллиф аз ғизои маънавӣ ҳарф кушода, чунин хулоса менамояд, ки «Абӯмуслимнома» барин китобҳои камтаъсир аҳли Бухорои шарифро боз ҳам кундзехн мекунанд. Нуфузи аз меъёр бештари шариат ва ҷонибдорӣ куркуронаи амалдорони камсавод аз ислом барои дар ҷаҳлу торикӣ ниғаҳ доштани мардум мусоидат мекард. Монеаи асосиро дар рушди мафкуравии инсонҳо Аҳмадмахдуми Бухорӣ дар таассуб ва розҷӯии муслимин донистааст.

Возьмём за основу вышеуказанное в п.2 модельное предложение. Один из шаров этой модели (допустим центральный) будет играть роль нашего головного мозга. Тогда остальные шары — допустим планеты солнечной системы и всё это в аспекте классической теории притяжения, где имеет место выражение (2) — работа сил взаимного притяжения при деформации тела, в нашем случае имеем вышеуказанное возбуждение в определённой зоне мозга («потенциал готовности»). Процесс именно самого начала инволюции с «манипуляциями» 1-ручек и т.п., а также подобный процесс образования изотопов с трансформацией зарядов-токов — всё это из соответствующих областей математики (только до образования сфер, связанный с уничтожением ручек, этот процесс понятное дело не доходит) — вобщем имеем здесь некий наш мыслительный процесс. Ведь, что в данном контексте главное в фальшивых четырёхмерных многообразиях — это наличие проективного пространства, т. е. собственно именно постоянный *процесс проективности* и есть наше сознание, тоже нечто абстрактное (*проективное*). Или, мы имеем дело с квантовыми деформациями, т. е. некоммутативными пространствами, «проецирующимися» на некоммутативные базы [8]. Другими словами, мы имеем дело с конформными семействами конформных квантованных полей. Здесь также, напомним известную теорему о модели модулей Верма над алгеброй Ли, реализованная в пространстве Фока над деформацией Лагерра комплексного диска, которая допускает в точности одну структуру  $L$ -алгебры, согласованную со структурами некоторых модулей в модели такую, что для всех элементов  $\Phi$  этой модели выполняется равенство

$$L^{-1} T(\Phi) = T(L^{-1} \Phi) \quad (9),$$

где  $T$  — некоторый оператор в ассоциативной алгебре, причём имеем систему

$$T(z) = L^{-1} \quad \text{и} \quad T(t) = t - d/dz \quad (9a),$$

где  $z$  и  $t$  — некоторые комплексные переменные.

Довольно известно, что специалисты в квантовой механике, утверждают (это задача относительно далёкого будущего), что если взять живую клетку и переписать её состояние атомов с передачей этой информации в точку, допустим  $A$  с записью на новую клетку, то мы получим такую же клетку в другом месте. Причём законы физики не запрещают подобным образом перенести всё состояние атомов человека (некая «телепортация»). Но здесь встанет вопрос об отсутствии полного гармонического звучания бикватернионного представления атомов, а также подобной «экзотической» инволюции и гомеоморфности сфер (скорее негемеоморфности, в данном случае мозга) ранее



рассмотренных в п.1 и 2. Короче в результате этого переноса может получиться - «Федот, да не тот». Случай (см. выше) с двумя независимыми личностями показывает, что мозг всего лишь играет роль «источника энергии» («потенциала») в данном контексте: см. выражения (2), при этом «энергия» расходуется также на поддержание определённых структур конфигураций молекул в мозге, т. е. она «отвечает» за нашу память. *А сознание/мыслительный процесс — это нечто проективно-абстрактное вне нашего тела.*

В итоге, имея созерцательно-экзистенциальный «аппарат» («подкреплённый» нашей памятью) - мы мыслим, осознаём себя, в смысле существуем, с условием согласованности (в «резонансном аспекте») колебаний микроструктур нашего мозга (например конкретного человека) с некоторой *выборкой из спектра колебаний* микроструктур из бикватернионного представления атомов и что не менее важно с трансформацией зарядов-токов, т. е.

$$wnk \sim \mathbf{wm},$$

где слева и справа есть колебания атомов (микроструктур) вне тела и в мозге соответственно. При этом имеем выполнение выражений (9) и (9а), как модели, в контексте происходящих в мозге квантово-механических процессов. Не будем забывать, что при трансформации зарядов-токов, т. е. имеем «путь» к уравнениям Дирака (см. [2]) и это проходит через следствие теоремы Ляпунова об устойчивости. Это всё к длительной идентификации личности, ведь мы относительно длительное время, т. е. «устойчиво» осознаём только себя.

*Чтобы мы осознали себя в будущем (ведь тело ничто, сознание — всё), в аспекте подобных экспериментов и рассуждений, то скорее всего надо экспериментировать с этим проективно-абстрактной составляющей, а не только с мозгом.*

*Всё это требует более глубокого анализа, возможно других экспериментов и т. п.*

**Замечание:** Вышеуказанные сопоставления, в контексте подобия, возможно всего лишь в первом приближении, соотносить с известной задачей тысячелетия — гипотезой Ходжа. Она говорит о том, что форму любой обобщённой поверхности, задаваемой конкретными уравнениями, можно определить при помощи неких алгебраических циклов, представляющих собой рациональную комбинацию, а цель — необходимо, чтобы избранный набор инвариантов однозначно бы задавал исходный объект. С позиций вышеприведённых областей математики (рассуждая в аспекте подобия и в контексте некоего первоначального «теста», или «маркера»), это значит, что ставится под сомнение известная теорема об инволюциях с гомеоморфностью/негомеоморфностью сфер  $S^*$  и  $S$ . А также, здесь мы хотим добиться полного гармоничного звучания из бикватернионного представления атомов, игнорируя при этом возникающие «биения» (ведь имеем с обеих сторон некие алгебраические циклы и спектр колебаний соответственно). Короче, здесь прогноз по части решения этой задачи тысячелетия — отрицательный. Хотя, кто знает, возможно с дальнейшим развитием математики, найдутся скажем так «адаптивные объекты», или «инструментарии» устраняющие эти особенности, в смысле новая аналитическая «техника».

### Литература

1. Алексеева Л.А., Бикватернионное представление атомов. Простая гамма. // Математический журнал (Казахстан), 2018. - Т. 18, №1. - С. 11-26.
2. Четаев Н.Г., Теоретическая механика, М., «Наука», 1987, С. 245, 358-361.
3. Мандельбаум Р., Четырёхмерная топология, перев. с англ. О.Я. Виро, М., «Мир», 1981, С. 103-108.
4. Банаи Э., Ито. Т., Алгебраическая комбинаторика, перев. с англ. А.А. Иванова и И.А. Фараджева, М., «Мир», 1987, С. 142-146.
5. Стинрод Н., Топология косых произведений, пер. с англ. М. Постникова, М., УРСС, 2004, С. 214 - 219.
6. Кострикин А.И., Вокруг Бернсайда, М. Наука, 1986, С. 63 - 89.
7. Проняев В.В. Математические модели мыслительных процессов(физика сознания) // Вестник Мордовского университета, 2015, №3, Т.25, С. 103 -111.
8. Юрьев Д. В. Квантовая конформная теория поля // Успехи матем. наук, 1991, Т.46, вып.4(280), С. 115 — 138.



## PAPER SLIDE – БАРЛЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗБА ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРЕ АЛА МА?

**РАХМАНОВА Нагима Бекетовна, НҮРБЕК Қайсар Нұрболұлы**

Талдықорған қаласындағы ФМ Назарбаев Зияткерлік мектебі

Талдықорған, Қазақстан

Rakhmanova\_N@tk.nis.edu.kz, Nurbek\_K@tk.nis.edu.kz

### Аннотация

Бұл мақала «Paper Slide» әдісін қолдана отырып, жағарғы сынып оқушыларының академиялық жазу дағдыларын дамыту мүмкіндігін қарастыратын сабақты зерттеуге арналған. Мақалада мыналар көрсетілген: зерттеудің өзектілігі, іскі асырылуы, деректерді талдау және әрі қарай қолдану үшін тұжырымдар. Мақала орта мектеп мұғалімдері мен жаратылыстану-математикалық цикл пәндері үшін пайдалы.

### Annotation

This article is devoted to the study of the lesson, which considers the possibility of developing the skills of academic writing in high school students using the Paper Slide method. The article shows: the relevance of the application, the implementation of this method, analysis of the results and conclusions for further practice. The article will be useful for high school teachers and subjects of the mathematical cycle.

*Табысқа тек топта жұмыс жасау тәжірибесі бар адамдар ғана қол жеткізеді. (Эдвард Лоулер)*

Қазіргі заман талабына сай барлығы үздіксіз өзгеріп, жаңарып жатқан сәтте білім саласында тек оқыту емес, табысты және сапалы оқыту өзекті. Табысты оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланысты. [1] Осы тұрғыда «Ұжымда жұмыс істей біл. Ұжымда жұмыс істей білу-бұл ең алдымен сынды дұрыс қабылдау және басқаның қателерін сынауға ұялмау» - деп Зелинский Н.Д. айтқандай, оқыту мен оқудағы тәжірибені жетілдіру мақсатында біз әріптестерімізбен оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, сабақты зерттеуді жүргіздік. Зерттеу тобында география пәні мұғалімі - Рахманова Н. Б., физика пәні мұғалімі - Нұрбек Қ., физика пәні мұғалімі - Obito Pol, орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері - Хасеинова С. Н., Таникенова Г. Ш. жұмыс жасадық. Топ құрамының негізгі ерекшелігі – әртүрлі тәжірибедегі мұғалімдердің болуы, жаратылыстану және гуманитарлық пәндердің бірлесуі, сондай-ақ, бірге сабақ беретін (Team teaching) шет ел мұғалімінің болуы. Бұл өз кезегінде зерттеудің жан-жақтылығы мен зерттеудің нәтижесіне әсер етуші факторларды нақты анықтауға көмегін тигізеді деп пайымдадық.

Зерттеу жобамызда Пит Дадлидің нұсқаулығын басшылыққа алып, бірнеше кездесулер өткіздік. Зерттеу тобы, зерттелетін сынып (12 сынып) және сол сыныптағы проблеманы – «12 сынып оқушыларында пәндік терминологияны қолдану деңгейінің төмен, сынақ жазба жұмыстарында артық ақпараттардың өте көп болып, нақты сұрақ бойынша жұмыс жасаудың аздығы» топ мүшелерімен бірге анықтадық. Аталған проблеманы шешуге көмектесетін әдіс-тәсілдерді зерттеу барысында CLIL технологиясының әдістерін басымдыққа алдық, себебі, біздің пән 12 сыныптар үшін екінші тілде оқытылатын еді. Саралау барысында «Топ – 3» әдісті анықтадық:

- ✓ Виртуалды тақта
- ✓ Paper Slide
- ✓ Station Rotation

Осы әдістердің басымдықтары мен кемшіліктерін және біздің проблеманы шешудегі үлесін бағалай келе, «Paper Slide» әдісін таңдадық. Себебі бұл әдіс:

- Нақтылықты қажет етеді
- Әлі танымалға ие болмаған жаңа әдіс
- Жазылым және айтылым дағдылары бірге дамиды.
- Интерактивті әдіс
- Бағалауға ыңғайлы

Әдісті таңдап алғаннан соң, «Paper Slide – барлық оқушылардың академиялық жазба дағдыларын жетілдіре ала ма?» - деген зерттеу сұрағын шығардық.

Сабақты зерттеу жобасының негізгі қадамдары бойынша үлгерімі жақсы (А), үлгерімі орташа (В), үлгерімі төмен (С) оқушыларын анықтап, тізбектелген сабақ жоспары бекітіліп, әр оқушыдан күтілетін нәтижелер анықталды. Алғашқы болып география, әрі қарай физика пәндерінен сабақтар беріп, сабақ барысында әр қатысушы «мұғалім», «бақылаушы», «бағыттаушы», «көшбасшы», «бағалаушы» рөлдерінде болып, сабақ соңында тиісті оқушылардан сұхбат алып отырдық.



Оқушылардың жауаптары біз үшін алдағы жоспарларға өзгеріс енгізу бағыттары іспеттес болып отырды. Біз үшін ең үлкен тәжірибе болған тұсы осы деп айтуға болады. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз. Бұл жағдайда біз оқыту аспектілерін өзіміздің ұстанымымыз тұрғысынан ғана емес, Lesson Study дайындаған әріптестеріміздің көзімен де қарастырамыз, соның нәтижесінде біз Lesson Study барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстырамыз. Бұл біздерге өзіміз әдетте мән бермейтін, елемейтін, әдетте «шеттетіп тастайтын» немесе болжамды білім ретінде сақталып қалатын нәрселерді аңғаруымызға түрткі болады. [2]



Осы зерттеу тобының нәтижесіне тоқталсақ:

✓ Алты айға созылған зерттеу жобасының нәтижесі бойынша «Paper slide» әдісі ең жақсы С, орта деңгейде В оқушысына әсер етсе, ал А оқушысында бірқалыптылық байқалды, яғни С оқушысы бұл әдіске ерекше қызығушылық танытты және күтілегін нәтижелерді растады. Ал, В оқушысымен күтілетін нәтиженің тек жартысына ғана қол жеткізе алсақ, А оқушыда салыстырмалы түрде өзгеріс байқалмады. Бұл, әрине сонымен қатар, оқушылардың жеке ерекшеліктеріне де байланысты екені сөзсіз. Бұл әдіс С оқушысына жақсы әсер еткенінің бір себебі ретінде, аталған оқушының шығармашылыққа бейім екені деп есептедік. Яғни, егер оқушылардың жеке қасиеттерімен қарастыратын болсақ, бұл әдіс шығармашылықты жақсы көретін оқушыларға өте қолайлы келеді.

✓ Нақты пәндерге қолайлы (физика, математика т.б.), себебі ақпараттар нақты әрі қысқа.

✓ Гуманитарлық пәндер үшін уақыт тым көп қажет болады, себебі пән ерекшелігіне байланысты.

✓ Тек кіші топтарға (яғни 10-12 оқушы) ыңғайлы, нәтижелі, себебі толық сыныпта оқушы санының көп болуына байланысты сабақ кезінде жұмыс аяқталмайды, бұл өз кезегінде нәтиже алуға кедергі болады.

✓ Оқушыларда білімді тәуелсіз алу мүмкіндігі жоғарылады. Қарқынды дамып жатқан өмір жағдайында үздіксіз білім алу қажеттігі бізден тәуелсіз оқи білу қабілетін талап етеді. Тәуелсіз оқушылар тәсілдер, құндылықтар, дағдылар және білім кешенімен қаруланады және де бір нәрсені үйрену қажет болған кез келген жағдайда оны іске қоса алады. [4]

Жалпы, зерттеуде өткізілген тізбектелген сабақтар мен оқушылардың жауаптарын бір сұрақтың үлгісінде топтастырып ұсынып отырмыз.



Сұрақ № 1 «Егер дәл осы сабақ басқа топта өткізілетін болса, нені өзгертер едің? Неліктен бұл бөлігін өзгертер едің?»

<b>География</b>	<b>Физика 1</b>	<b>Физика 2</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• А-оқушысы "Тақырыпты жақсы түсіндім және өзгертерім жоқ"</li> <li>• В-оқушысы "Сабақ өте тиімді өтті, ең тиімдісі рефлексия бөлімі, өзгертерім жоқ"</li> <li>• С-оқушысы "Сабақ өте қызықты болды, өзгертерім тапсырмаға берілген уақытты"</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• А оқушы "Бұл әдісті қолданбас едім, себебі мен 20 минутта біраз есеп шығарып үйренер едім"</li> <li>• В оқушы "Топтар арасындағы бағалау критерийлерін толықтырар едім, себебі кейбір салалар бағаланбады"</li> <li>• С оқушы "Тапсырманы қайталау сабақтарына ғана қолданар едім, себебі көп уақыт алады"</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• А оқушы "Тапсырма қайталауға арналды, дегенмен, уақытты көбірек есептер шығаруға арнаған жөн"</li> <li>• В оқушысы денсаулығының сырқаттануы себебінен сабаққа қатыспады.</li> <li>• С оқушы "Сабақ өте қызықты болды, ешқандай өзгеріс қажет емес"</li> </ul>

Жобадағы әріптестер, зерттеу оқушылары арасындағы әрекеттерді жүргізу барысында этикалық ұстанымдарды назардан тыс қалдырмадық.

Сапалы даму жұмысына жаңа әдіс-тәсілдерді сынап көру, эвалюация, рефлексия және тексеру жатады. Олардың барлығының өзгертушілік әсері болады. Нәтижелері әрдайым тәжірибелік бағытта болады, оқытудың үздік тәсілі және оқудың үздік тәсілі бола отырып, оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіреді немесе оны өзгертеді. [1] Сол сияқты, біздің алған әдісіміз де тәжірибе барысында сыналып отырды, нәтижесін ұсынамыз:

Зерттеу соңында анықталған «Paper Slide» әдісінің оң / теріс сәттері мен жоспардан тыс туындаған мәселелер:

Оң сәттер:	Теріс сәттер:	Туындаған мәселелер:
Топта барлығы жұмыс жасады Оқушылардың қызығушылығы оянды Бір-бірінің жұмыстарына шынайы баға беруге мүмкіндік болды Идея, пікір алмасу, әңгімелесу қарқынды болуы Ақпараттың нақты болуы Өз телефондарын пайдалы мақсатта қолдану	Орындауға уақыттың тым көп кетуі Техникалық ақаулар мүмкіндігі жоғары Жеке бастың комплекстері (дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері т.б.) Бір-біріне кедергі болу	Топтағы орыс тілі және әдебиеті пән мұғалімінің жоспарлаған сабақты денсаулығына байланысты өткізе алмауы. Бүкіл сынып оқушылары оқытылатын пәндерді бұл әдісті ұйымдастырудың қиындығы Пән мұғалімдері арасындағы тілдік кедергілер

Келесі зерттеуде назар аударатын сәттер:

✚ зерттеу сыныбын мейлінше төменгі сыныптардан алуды ойлаймыз, себебі, өзгерістерді бақылау мен болашақта да салыстыру оңай болады;

✚ әдісті тандап алғанда барлық пәннің ерекшелігін есепке алу;

✚ пәндік үйлесімділіктің де маңызды екені сөзсіз.

**Жалпы зерттеу барысында үйрендік:**

✓ Әдісті түрлендіру, қажет кезінде оқушы мүмкіндігіне, қызығушылығына қарай бейімдеу

✓ Тәжірибе алмасу

✓ Оқу процесінде оқушыларға ерекше көңіл бөлу

✓ Нәтижеге бағытталған тиімді жоспар құру.

Сондай ақ, «Егер сіз ұзақ уақыт бойы адамды бақыласаңыз, онда оның белгілі бір жағдайда қалай әрекет ететіні сізге құпия емес» - деп, Артур Голден айтқандай, бақылаудың – ең мықты құрал екендігін тәжірибе жүзінде көз жеткіздік. Жақсы бақылау дағдылары бар мұғалім студенттерді де жақсы бақылай алады. Әдетте, мұғалімдер сабақты бақылаған кезде, студенттерді емес, мұғалімге көбірек назар аударады. Мұғалімдер өздерінің бақылау дағдыларын дамытуда студенттерді көбірек назар аударуға үйретуі керек. [3] Бұл зерттеудің шынайы нәтижеге жетуіндегі негізгі баса назар аударатын мәселе.



Табысты мұғалімдер көбінесе сыныпта болып жатқанның біразына, кейде тіпті көпшілігіне мән бермейді. Бұл – кемшілік емес! Бұл – оларға табысты болуға көмектескен үдерістердің нәтижесі. [2] Зерттеу барысында-сыныптағы оқыту үдерісі кезінде өзімізге қажетті, белгілі бір нәтижені көрсетуге негіз болатын дүниелерге назар аударып, басқа көптеген кішігірім маңызы жоқ дүниелерді елемеді үйрендік.

Оқыту үдерісі кезінде ағыны қатты өзендей өте шығатын уақыттағы оқушының білімді қаншалықты көп емес, қаншалықты сапалы әрі тиімді алғаны маңызды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, 2012ж.
2. Lesson Study: нұсқаулық. Пит Дадли
3. Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық: ағылш. / Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африка), А.Тулепбаева (Қазақстан Республикасы).- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана., 2013.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016ж.

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

#### **НЕГІЗІ**

**СЕРҒАЗЫҚЫЗЫ Әсел, САРИНА Марита Алибековна**

№61 жалпы білім беретін орта мектеп

Ақтөбе, Қазақстан

Andirova\_v@mail.ru

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, білім, білік, дағдыларын өмірде қолдана білетін, шығармашылыққа, өзгермелі заман жағдайында өзіндік шешім қабылдай алатын әлеуметтік құзыретті тұлға қалыптастыру мақсаты анық белгіленген.

Қазақстан Республикасының Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттің бағдарламасында жалпы білім беретін мектептердің PISA, TIMSS және PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі нәтижесін жақсарту қажеттілігі көрсетілген.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment – PISA) болып табылады. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әр түрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

Әлемдік білім беру жүйесіндегі көшбасшы елдер тәжірибесі бойынша мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері айқындалған, олар: білім беру мазмұны (ұлтық стандарттар, оқу бағдарламалары); оқыту нысандары мен әдістері; білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі; мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары; мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі); барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы; ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Осы орайда мектеп мұғалімдерінің оқыту әдістері мен қазіргі заман талабына сай интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымдарды пайдалана отырып, сынып ұжымын жаппай оқыту нысанынан әрбір білім алушының жеке білім беру аймағын іске асыру ерекше мәнге ие болып отырғандығына көзіміз жетеді.

Білім берудің жаңа бағытының басты ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын-ала болжап, оқушылардың қызығушылықтары мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана «сүзгісінен» терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтатындығында.



Өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады.

Оқу-тәрбие үдерісіне интеграция негізінде құрылған ғылыми-зерттеушілік әрекеттерді енгізу оқушылардың келешекте жоғары оқу орындарында нәтижелі оқуына ықпал ететін және ғылыми-ізденушілік жұмыс жасай білуге машықтануына қажетті пәндік, ғылыми, кәсіби маңызды білім, білік-дағдылардың, кәсіптік-тұлғалық қасиеттердің тиімді түрде қалыптасуына негіз болмақ.

Зерттеушілік оқыту – баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеушілікке оқытудың негізгі мақсаты – оқушының адамзаттық мәдениеттің қай саласында болмасын өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілеттерін қалыптастыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру мақсатында төмендегідей міндеттердің шешімін табу көзделеді: дүниетанымдық негіз қалау; жалпыбілімдік дайындықты сапалы деңгейге көтеру; тереңдетіле оқылатын пәндердің қолданбалы (іс жүзінде) бағыттылығына ерекше мән беру; дербес оқу дағдылары мен зерттеушілік-ізденушілік жұмысты ұйымдастырудың негіздеріне машықтандыру; көлемді ақпараттарды алу, қайта өңдеу, сақтау және пайдалану үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана білуге үйрету; интеллектуалдық-шығармашылық қабілеттерді, шығармашылық ойлауды дамыту; ғылыми нәтижелерге қол жеткізге қажетті жеке тұлғалық ерік-жігерлік қасиеттерін қалыптастыру; оқудың қажеттілік және кәсібилік бағытын арттыру. Егер зерттеу командалық түрде жүргізілсе, алдын ала бастапқы диагностика негізінде сұқбат ұйымдастырылады:

- Зерттеу тақырыбы бойынша жоспар дайындап, сұрақтар тізбегін құру қажет;
- Сұрақтарды сұхбат жүргізгенге дейін сынақтан өткізіп алған жөн;
- Сұхбатқа дейін респонденттермен байланыс орнатып, жайлы ахуал орнату керек.

Оқушылардың зерттеушілік әрекеттері алғашқы ғылыми және кәсіби білім алуға бағытталып, ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға, ойлау қабілеттерін дамытуға әсер етіп, әлеуметтік тұрғыда белсенді жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етуі қажет. Зерттеу барысында белгісіздікке әкелетін белсенді жаттығулар маңызды. Өлеңді жаттау немесе мәтіннің түсінігін айту жоғары ойлауды дамытпайды. Өз бетінше синтез жасау – маңызды сапа.

Оқушыларды жүйелі талдаудың әдістерімен (компоненттік, мәнділік, интеграциялық, болжамдық) және күрделі түрлі деңгейлі жүйелерді тану тәсілдерімен таныстырып, ақпараттың түрліше көздерімен (ғылыми және арнаулы әдебиеттермен, мерзімді баспасөзбен жұмыс, адамдармен қарым-қатынас, сауалнамалар құрастыру, оларды талдау, бақылауды ұйымдастыру), ғылыми құрал-жабдықтармен дербес жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру қажет. Тіл және әдебиет сабақтарындағы зерттеушілік жұмыс мазмұны өз құрылымы, тұжырымдалу деңгейі, қамтыған мәселелері бойынша әрқилы болады. Шығармашылық іс-әрекетке деген ынта-ықыласты оятуда мынадай оқыту қызметтерінің маңызы зор: оқудағы жетістікті қамтамасыз ету; оқыту формаларының түрлерін жетілдіру, оқу материалының мазмұнын оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес құру, білімді меңгерудің әдіс-тәсілдерін оңтайландыру, жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану, мұғалім мен оқушының жағымды ықпалды әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық оқытуды кеңінен пайдалану т.б.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында шығармашылық қызығушылық шартты түрде үш түрін қолданамыз:

1) мақсатты қызығушылық – оқушының белгілі бір мақсатына байланысты, пәндік, оқу мақсатына байланысты міндеттері мен жоспарына сәйкес шығармашылық іс-әрекетке ынтасы мен тұрақты қызығушылығы;

2) әрекеттік қызығушылық – оқушы шығармашылық іс-әрекетте өзекті мәселені шешуге ұмтылысы және жүргізіліп жатқан жұмыстың ағымында ғана қызығып, жолдастарымен бірлесіп отырып жұмыс істеуі;

3) танымдық қызығушылығы – оқушының шығармашылық іс-әрекетке тұрақты қызығушылығы мен ынтасы, жаңашылдыққа ұмтылу, жаңа мақсаттарға сәйкес, жаңа нәтижеге жету, білімді құндылық бағдар ретінде тануы.

Осылайша, синтез бен талдауды, ақпарат мазмұнын өңдеу мен бағалауды талап ететін жоғары ойлау мүмкіндіктеріне сай тапсырмалар ұсынамыз.

Осыған орай, бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайының өркениетті, прогресшіл бағытына сай, терең білімді, өзгермелі жағдайға тез бейімделгіш, өзін-өзі саналы игеретін, бәсекелестік жағдайда өресі биік, азаматтық-тұлғалық бет-бейнесі қалыптасқан, рухани жан дүниесі бай, шығармашыл тұлға тәрбиелеу қоғамның басты мақсаттарының біріне айналды. Бұл мақсат-міндеттердің жүзеге асуы адам



бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оқыту мен тәрбиені сабақтастықта, шығармашылық мақсат қоя отырып, арнайы оқыту процесін жүргізгенде мүмкін болмақ.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мадеева И.А., Насығазы Б.Қ., Салтыбаева Ж.Б. Мұғалімнің кәсіби дамуы – білім беру жүйесін жаңарту негізі. Педагогикалық диалог. 1 (15) 2016. 222 бет
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. Астана, 202 бет.
3. Чичибу Т. (Жапония), Ду Тоит Л. (Оңтүстік Африка), Тулепбаева А. (Қазақстан Республикасы). Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Ағылшын тілінен аударылған/ Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013.– 70 б.

### ТҰЛҒАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СУЛЕЙМЕНОВА Сара Ашимовна, ЕРКЕБАЕВА Гулжазира Ерубасевна

Тараз техника және бизнес колледжі  
Тараз, Қазақстан  
sara.suleimenova@mail.ru, jazira.erke@gmail.com

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын әлемдік өркениетті және мәдениетті елдер қатарына көтеру мәселесі білім беру жүйесін түбегейлі қайта құруды мақсат етіп отыр. Бүгінгі Қазақстан Республикасында халыққа білім, тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ету, оны бүкіл дүние жүзі мойындап, алдыңғы қатарлы мемлекеттер мен қарым-қатынас жасау үшін студент жастарға Қазақстандық патриотизмді, өз отанын сүйе білуді үйрету, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтық ірге тас қалаудың нәтижесінде, экономикалық бостандыққа қол жеткізу, осылардың бәрін іс жүзінде жүзеге асыратын ізгілікті жеке тұлғаны дамыту, білімді, іскер жастарды тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбие бір тұтас педагогикалық процестің құрамды бөлігі екендігі белгілі. Тәрбие мақсаты жалпы және жеке болып келеді. Тәрбиенің жалпы мақсаты – барлық азаматтардың бойында қалыптасады. Ал жеке мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуын көздейді. Қазіргі заманда тәрбие мақсатының алуан түрлі болуына қарай, соған сәйкес оның жүйесі жасалынады. Тәрбиенің мақсатына объективті себептер ықпал етеді, олар: адамның физиологиялық жетілуі мен психикалық дамуы, философия мен педагогика ғылымының жетістіктері, әлеуметтік ортаның қоғам мүддесіне қарай үнемі өзгеріп отыруы. Қоғамның мәдени деңгейі тәрбие мақсатының жалпы бағытын анықтап отырады. Ал, тәрбие мақсаты қоғамның нақты тарихи сипатына қарай өзгеріп отырады.

Тәрбиенің мәдени құбылыс ретіндегі міндеттері: ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, этикалық, эстетикалық, экономикалық, экологиялық, құқықтық, саяси, мәдениет түрлерін мектеп қабырғасынан қалыптастыру көзделеді. Мәдениетті кешенді түрде қалыптастыруды жүзеге асыру, жеке тұлғаның сапалық қасиетін арттырады. Тәрбиенің мазмұнына бүкіл мәдениет жетістіктері қамтылады. Тәрбие мазмұны тәрбие міндеттерін толықтай жүзеге асыруды қарастырады. Сөйтіп, тәрбие мақсаты, міндеттері, мазмұны тығыз байланыста баланың жас және жеке – дара ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылады.

Қарым-қатынас - әлеуметтік құбылыс. Біріншіден, біріккен іс-әрекетте пайда болатын адамдар арасында байланыс орнату және дамыту процесі болса, екіншіден, тұлғалардың бірлескен іс-әрекетте қажеттіліктен пайда болған өзара белгі құралдарымен жүзеге асатын күйі, мінез-құлқы. Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ. Жарықбаев қарым-қатынас туралы былай деген:

«қарым-қатынас - адам іс-әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс-тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болуы да аса маңызды». Сондықтан, қарым-қатынас тіршіліктің барлық кезеңінде адам үшін маңызды орын алады.

Жеке адам қоғамдық өмірде тіршілік етіп, өзге адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеттеріне сәйкес оның тұлғалық сипаттары, қадір-қасиеттері, іс-әрекет жасау қабілеттері қалыптасады. Басқа адамдармен қарым-қатынас процесінде тұлға адами мәдениетті, тарихи даму және жалпылама түсініктерде, еңбек дағдыларында, мінез-құлық ережелерінде т.с.с жинақталған тәжірибені игереді.

Халқымыздың дамуында, халық болып қалыптасуына қарым-қатынас мәдениетінің алатын орны ерекше. Қарым-қатынас - белгілі бір әлеуметтік ортадағы адамдардың өзара түсініктігінен





туындайтын күрделі қоғамдық үрдіс. Қарым-қатынастың жүзеге асуының бірнеше жолдары бар. Соның ішінде тілдік қатынастың орны ерекше. Адам қарым-қатынасындағы ерекше орын алатын сәлемдесудің өз әдебі, жөн-жосығы бар. Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жеке - дара қасиеттерімен де тікелей байланысты.

Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табу. Қарым-қатынас адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс: екі немесе одан да көп адамдар арасындағы танымдық немесе эмоциональды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды.

Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі:

- барлық адамдармен тең дәрежеде, дәрежелік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау;

- сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау;
- бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау;
- басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу.

Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Адам өмір сүруі мен қимыл қозғалысы арқылы өзінің әрекетін бағалауға үйренеді, адамгершілік нормаларымен келеді. Отандық психолог, профессор С.М. Жақыпов оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатының заңды құрылуына мүмкіндік береді және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайтындығын ерекше атаған. Сондықтан, қарым-қатынас тұлғаның қоғамда дамуына орасан зор ықпал етеді. Тұлғаның дамуында өзін адам етіп сезіндіретін, оны кемсітуге, қорлауға, басуға, дербес құқығынан айыруға болмайтын өршіген сезім пайда болады. Алайда оларда ересек статусының элементтерімен қатар, оның жағдайын баланың жағдайына жақындататын тәуелділік белгілері әлі сақталады. Материалдық жағынан олар ата-аналар қарауында болады. Колледжде, үйде бір жағынан сен есейдің, үлкейдің десе, екінші жағынан тіл алуды талап етеді. Баланың әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуында, оның жақын достары мен құрбыларының қатынасы ерекше мәнге ие. Жыл өткен сайын құрбыларымен қарым-қатынас байланысының қажеттілігі туындайды. Ол өз құрбыларымен достық қатынас жасауға тырысады, мүмкіндігінше оны сақтауға тырысады. Сол арқылы құрбылары арасында беделі көтеріледі, бірін-бірі сыйлау қасиеті артады.

Қарым-қатынас ол тұлғаның өміріндегі негізгі рухани, адамгершілік, ілім қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталады. Осындай қажеттіліктерді өтеуге қарым-қатынастың мәнерлі белгілері мен құралдарын меңгеру негізгі міндеттерді атқарады. Бұл байланыс тұлға әлеуметтенуінің қайнар көзінің бірі ретінде аныталады. Тұлғаның әлеуметтену принципін екі жағдайда сипатталуы қажет:

- біріншіден, қарым-қатынас факторы, адамның әлеуметтік өмірі мен өзара байланысы жүзеге асырылатын әлеуметтік қайнар көзі ретінде есептелінуі керек;
- екіншіден, әлеуметтену екі аспектіде қарастырылады. Ол әлеуметтік бағдарлама құру және оны тарату.

Тұлға - бұл басқа адамдардың арасында белгілі позицияны иеленетін, қоғамдық іс-әрекеттің себепші субъектісі ретіндегі адам. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктері: ол неге талпынады және неден қашады. Сонымен қатар, ұғым, ұйымшылдық дәрежесі, оның белсенділігінің интенсивті және қорытынды нәтижесі, өмірлік тапсырманы шешуге сәйкес бағытталуынан көрінеді. Әрбір жеке адамға тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті, білімі мен тәрбиесі бар екенін ескере отырып, қарым-қатынасқа деген ынтасын арттыру, олардың жеке басылық қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға мүмкіндік жасау.

Қарым-қатынас мәдениеті сан алуан адамдардың қатынастары жағдайында жүзеге асады, яғни әлеуметтік және тұлға аралық қатынастардың жағымды да, кері де жағдайларында болуы мүмкін. Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты біздің іс-әрекетімізбен қатар мінез-құлқымыз да өзгермелі. Соған сәйкес қарым-қатынас стильдері де өзгермелі болады. Қарым-қатынас стилі адамның басқа



адаммен өзара әсерлесуі барысындағы мінез - құлқын көрсетеді. Сонымен, адамның қарым-қатынас стилі, оның анықталған нақты бір қарым-қатынасқа орнықты болуы, бағытталуы, соған дайындығы мен адамның сол жағдайдағы өзін көрсетуі.

Тұлғаның қарым-қатынас мәдениеті адам өмірінің рухани және материалдық формаларының сан алуандығын сипаттайды және оның өміріндегі ең маңызды қажеттілік болып табылады. Адамзаттың барлық өмірі үнемі басқа адаммен қарым-қатынас негізінде өтеді. Қарым-қатынас процесінің барлық жақтары (коммуникативті, интерактивті, перцептивті) басқа құрылымдық тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Олар кез келген іс-әрекетте бір-бірін қабылдау, түсіну, бірлескен әрекет ұйымдастыру мақсатындағы іс-әрекеттің мазмұнына байланысты орындалатын процестің негізінде туындайтын қарым-қатынастың түрлері мен артықшылықтары. Тұлғаның кісілік қасиеттері мен даралық ерекшеліктері оның іс-әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді. Жеке тұлға мәдениетінің қалыптасуында негізгі орынды оның басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті алады. Адамды өмір сүріп, жұмыс жасап, оқып отырған ортасынан тыс тіршілік етуін елестету мүмкін емес. Қоғамнан тыс адам салыстырмалы түрде өзіндік адами қасиеттерін жылдам жоғалтады.

Тұлғаның көпшілік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін бақылау оның айтатын сөзін жеткізу ерекшелігі болып табылады. Олай болса, оның қоғамдық ортада сөйлеу қасиеті мен мәнерін бағалау, жалпы айтқанда сөйлеу ерекшеліктерін анықтау қажет. Сондықтан қарым-қатынасқа қабілеттілік тұлғаның сөйлеу мәнеріне, мінез-құлық құрылымына, типологиялық қасиетіне байланысты екендігі байқалады. Даму дәрежесі мардымсыз тұлғаның адам аралық қатынастары да өте жай, күнделікті тіршілік күйбеңінен аспайды. Ал даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелілігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді.

Әрбір дара адам өзінің қоғамдағы өмірлік әдептерін реттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп береді. Бірдей қиыншылық, кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс-тәсілдерімен табуы мүмкін. Осыдан жеке адамды танып білу үшін, сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін жете білу қажет. Қоғамдық қатынастарға араласып және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қалып қоймайды. Әр дара тұлға өз дербестігімен ерекшелігіне ие. Жеке адамның дербестігі оның ең жоғарғы психикалық сапасы - рухани дүниесімен ұштасады. Рухани дүние дегеніміз – инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы. Жеке адамның рухани жетілгендігі – бұл жоғарғы дәрежедегі саналық жетілу, ізгі мұраттарды басшылыққа алу, сонымен бірге жаман ниеттер мен жалған белсенділіктен өзін аулақ ұстай алуы. Ал адамның мұндай қасиет, сапаларды бойына дарытуы көбіне қоғамдық салтқа тәуелді. Дербестігінен айырылып, өз бетінше ой жүгіртпеген адам өзін тұлғалық дамыту ниетінен ажырап қалады. Жеке адам сапалары сол адамның араласқан қатынастар өрісіне, әртүрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ету қабілетіне байланысты келеді. Басқа әлеумет мүшелерімен жеке адам «мені» негізінде қатынас түзеді. Ғылымда «жеке адамдық рефлексия» деп аталған бұл «мен» ұғымы өз ішінде әр адамның өз жөніндегі танымын сезе білу сияқты сапаларын қамтиды.

Қазіргі қоғам сұраныстары рухани және материалдық сфералар аясында қарым-қатынас проблемасын өте маңызды етіп көрсетеді яғни, қарым-қатынас адамның өмірлік іс-әрекетін әсіресе, білім, ғылым, спорт, өнер салаларында бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Оның дәлелі ретінде білім мен мәдениеттің терең байланысын айтуға болады.

Мәдениет - көп қырлы процесс. Адамның өмірлік іс-әрекетінің барлық салаларында мәдениетті көреміз. Ең алдымен сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік даму бағытындағы шығармашылық іс-әрекетін түсінуге болады, өзінің ішкі дүниесіне қарай адамның әлеуметтік тұлға ретінде даму процесі, оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі бойынша ерекшеленеді.

Мәдениет өзі пайда болатын және қалыптасатын ортада үздіксіз даму сипатында болады және адамзат қоғамынан бөлінбейді. Қоғамда тұтастай жеке адамның даму деңгейі мен қасиетін мәдениет анықтайды. Олай болса, мәдениет адамның құндылығы, оның қайталанбайтын белгісі. Мәдениет өзінің ішкі механизмдерімен адам тұлғасына тән болғандықтан, ол өзін-өзі танып білу немесе адамның рухани өмірбаяны деп есептелінеді. Мәдениеттің өмір сүруінің шарты, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырады.

Колледж білімгерлерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру моделі процесті моделдеуді, ойша эксперимент әдісін қолдануды керек етеді. Модельді құрастыру - демек арнайы аналогтарды жасау жолымен нақты бір жүйені материалды немесе ойша ұқсатуды іске асыру, бұл жағдайда аналогтарда осы жүйенің ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері көшіріледі. (В.П. Беспалько, Б.С. Гершунский, В.А. Штофф және т.б).



Қарым-қатынастағы күрделі мәселелердің бірі қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан түрлерін анықтау болып табылады. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқан критериялық базасы ретінде келесі компоненттерді көрсетуге болады:

- мотивациялық;
- когнитивтік;
- эмоциональдық-еріктік;
- рефлексивтік.

Мотивациялық компонент қарым-қатынас мәдениетінің қажеттілігі оның ерекшеліктері, қарым-қатынас мәдениетінің технологиясы, оның көрінісі туралы мәселелерін қамтиды.

Қарым-қатынас мәдениеті құрылымында когнитивтік компонент тіршілік әрекеті негізі ретіндегі қарым-қатынас туралы білімдер мен түсініктер жиынтығын, адамның оны меңгеруін, қарым-қатынастың құндылығы мен нормаларын анықтайды.

Эмоциональдық-еріктік компоненті қарым-қатынас мәдениеті құрылымында білімгерлерге осы бағытта іс-әрекетті жетілдіру, қарым-қатынастағы әсерлер мен эмоциональды сезімді қалыптастыру және дамытуды қамтамасыз етеді.

Рефлексивтік компоненті қарым-қатынас мәдениеті құрылымында өзін-өзі тануды, рефлексивтік қабілеттілікті дамытуды, өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынастағы өзін-өзі қалыптастыру мен өзін-өзі іс жүзінде көрсете білдіруді қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда, білімгерлерде қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін жоғары, жеткілікті, орта және төмен деп бөлуге болады.

Мұнда білімгерлердің қарым-қатынас мәдениетінің төменгі оқу-тәрбие үрдісінде қарым-қатынас мәдениетінің керектігін білу, бірақ оны меңгеру технологиясының қажеттілігін сезіну ғана болып, басқа барлық қалған көрсеткіштер бұл деңгейде көріне бермейді.

Қарым-қатынас мәдениетінің орташа деңгейінде бұл салалық көрсеткіштердің керектігін біледі, түсінеді, бірақ меңгеру технологияларын сезбейді, жағдайға байланысты қатынас түрлерін білмейді, әсерде болу, көңілден шығу, орташа этикетті меңгеру мен оларды дамыту төмен дәрежеде болады.

Жеткілікті көрініс элементтері барлық өлшем элементтерін қамтыған, бірақ жоғары дәрежеде емес жағдайында болады.

Жоғары деңгейде білімгерлердің қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына барлық өлшемдер бойынша ескерілгенін білдіреді.

Адам дүниеге шыр етіп келіп түскеннен бастап –ақ айналасындағылармен қатынас жасай бастайды. Өмірінің алғашқы кезеңінде биологиялық сипаттағы қарым-қатынас болса, одан әрі оның қарым-қатынас сипаты әлеуметтік сипатқа түсе бастайды.

Сонымен, қарым-қатынас адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне өзара әрекет субъектісі ретінде мәдени қатынастың құралы болып табылады.

Қорыта айтқанда, қоғамның дәстүрлі мәдениеті жағдайында қарым-қатынас мәдениетін тиімді қалыптастыруға мына факторлар:

- күмән келтірмейтін, пікір туғызбайтын құндылық жүйесінің бар болуы;
- кез келген жағдайға сай өзінді қалай ұстау әдебіне жол көрсететін құндылықтар жүйесінің игілікке асырылуы;
- қарым-қатынас формаларын жеткізетін амалдар мен білімдердің тәжірибеде қалыптасқан түрлерінің болуы;
- олардың осы қарым –қатынас формаларының әрбір адам игілігіне асу ықпалының мол болуы.

Сондай-ақ, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мәселесіне (әсіресе мінез-құлық мәдениеті) халық педагогикасы да үлкен мән берген. Әрбір халықтың ұрпақтары қандай болу керек, талап-тілек үрдісінен шығуы үшін не істеу керек, қалай қол жеткізуге болады деген ойлары, ұғымдары, пікірі болады. Осы ойлар халық педагогикасының теориясын қалады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абеуова И.А., Дусманбетов Г.А., Махаманова М.Н., Шеръязданова Х.Т. Психологические служба в вузе. Алматы, 2004г
2. Абрамова Г.С. Практическая психология. М., 2001г
3. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. Алматы, 1996г
4. Анциферова Л.Н. Психология формирования и развития личности. М., 1981г
5. Анастаси А. Психологическое тестирование. В2 М., 1982 г.



## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ

ТЕНГЕБЕКОВА Жұлдыз, БАЙДАЛИЕВА Улбала, УТЕЕВА Гулзина

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, «Мирас» университеті

Шымкент, Қазақстан

zhudi.02.96@mail.ru

### Түйін

Мақалада психологиялық-педагогикалық зерттеу нысаны ретіндегі жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының теоретикалық-әдіснамалық негіздері қарастырылады.

**Кілттік сөздер:** өзін-өзі бағалау, жоғары оқу орнындағы оқыту, жасөспірімдік жас кезеңі.

Тұлға проблемасын зерттеу қазіргі психологиядағы барынша қажетті салалардың бірі болып табылады.

Оның әралуан көріністерін қарастыруға жетекші психологтар (Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн, Р.Б. Кеттелл, Г. Оллпорт, З. Фрейд, К. Юнг және тағы басқалар) талаптанып көрді.

Мұнда маңызды тұлғалық құрылым ретіндегі өзін-өзі бағалауды қарастыруға елеулі назар аударылды.

Тұлға тұтастығын сақтаудағы өзін-өзі бағалау рөлі Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, И.С. Кон, В.В. Столиц, И.И. Чеснокова, Е.В. Шорохова және т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Когнитивті, эмоционалды және іс-әрекеттік компоненттерден тұратын тұлғаның өзін-өзі бағалау құрылымын У. Джеймс, А.В. Захаров, В.А. Ядов пен басқалар анықтады. Өзін-өзі бағалаудың көпфункционалдылығы (реттестіруші, интерпретациялық, қорғаныс, проективті және тағы да басқа функциялары) Т.В. Архиреева, Р. Бернс, Е.И. Исаев, Д.И. Фельдштейн және басқалардың еңбектерінде ашылған болатын. Өзін-өзі бағалаудың құндылықтар жүйесімен және мотивациялық саламен байланысы Л.И. Божович, Н. Брэнден, С.А. Будасси, В.Н. Мясищев, С.Л. Рубинштейн, Т.А. Собиева еңбектерінде көрсетілді. Өзін-өзі бағалау ерекшеліктері С. Куперсмит, Е.А. Серебрякова және басқалардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерінде сипатталды.

Көптеген зерттеулер өзін-өзі бағалаудың қолданбалы аспектілеріне арналған (Л.П. Гримак, Б.В. Зейгарник, И.С. Кон, А.И. Липкина, Л.А. Рыбак, Р. Берне және т.б.).

Өзін-өзі бағалау өмірлік құрылымдар бола отырып, әралуан әлеуметтік факторлардың ықпалынан қалыптасып, дамып отырады, бұл оның жеке және жас кезеңі ерекшелігі жөнінде айтуға мүмкіндік береді.

Зерттеушілердің барынша ауқымды қызығушылығы жасөспірімдік кезеңдегі өзін-өзі бағалауды қарастыруға шоғырланды (С.Р. Аллахвердян, Р. Берне, Л.И. Божович, И.С. Кон, А.И. Липкина, Ю.Н. Максимова, М.А. Резниченко, Р.И. Цветкова, И.И. Чеснокова).

Бұл өмірдің осы кезеңінде өзін-өзі сезінуді қайта құрастырумен байланысты өз көріністері мен салдарлары бойынша барынша елеулі тұлғалық өзгерістер болып өтетіндігінен туындаған.

Жасөспірімдік кезеңде тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру, өмір мәнін іздестіру үдерістерінің мәнділігінің күшеюімен байланысты тұлғалық «Менінің» даму үдерісі өзектілендіріледі.

Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының қалыптасуы үшін өзі айқын сезінетін «Мен бейнесі» әлі де жеткіліксіз, әлеуметтік орта, бәрінен бұрын – құрдастарының ортасы елеулі шамада ықпал көрсетеді.

Құрдастарымен қарым-қатынас жасөспірімнің кезеңде басым сипатта көрінеді.

Бірқатар басқа да жағымды эффектілермен қатар, елеулі факторы ретінде жасөспірімнің өзін-өзі бағалауын дамыту алға шығады (Г.М. Андреева, А.Я. Большунов, Н.Я. Большунова, Л.И. Божович, Д.И. Фельдштейн, Я.Л. Коломинский, А.В. Петровский, О.В. Соловьева, Н.И. Шевандрин және т.б.).

Қазіргі психологиядағы өзін-өзі бағалау проблемасы барынша кенже қалған, жетілдірілу үстіндегі мәселе болып саналады.

Өзін-өзі бағалау адамның орталық мұқтаждықтарының бірі – өзін-өзі дәлелдеуге мұқтаждығымен, адамның өмірдегі өзінің орнын табуға, айналасындағы адамдар алдында және өзінің жеке пікірінде өзін қоғамның мүшесі ретінде айқындауға ұмтылысымен байланысты.

Тұлғаның өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі сезінуі тұтастай алғанда, қоғамдық сипатқа ие және әлеуметтік жағдайлармен байланысты болып келеді.

Тұлғаның өзін-өзі бағалауын қоғамдық қатынастармен детерминациялауды баса көрсете отырып, С.Л. Рубинштейн былай жазады: «Адамды қоғамдық бағалау оның қоғамға пайдалы еңбегіне, өзін қалай көрсететіндігіне негізделеді. Сондықтан оның өзін-өзі бағалауы қоғамдық индивид ретінде оның қоғам үшін не жасайтындығымен анықталады. Еңбекке деген бұл жаңа қарым-қатынас тұлғаның



тұтастай психологиясы құрастырылатын өзекше болып табылады; ол тұлғаның өзін-өзі сезінуінің негізі және серіппесі болып табылады» [1, С. 115].

Бөгдені тану өз-өзінді тануды басып оза алмайды, дегенмен ол үшін бастау, тірек қызметін атқарады. Өзінді басқа біреумен салыстыру, салғастыру өзін-өзі бағалаудың жалпылай қабылданған өлшемі болып табылады. Іс-әрекет үдерісінде басқа адамдармен өзін салыстыра отырып, адам бастапқыда басқа адамнан байқаған нәрсесін өзінен де байқайды, және нәтижесінде өзінің іс-әрекеті мен қылықтарын, жеке тұлғасының қасиеттері мен сапаларын сезінуге өтеді. Тұлғаның әралуан қасиеттерін өзіне өзіндік үлгіде аудару үдерісі орын алады. Мұны бірқатар психологиялық зерттеулердің нәтижелері айғақтайды [1, С. 216].

Л.И. Божович пікірінше, өзін-өзі бағалауды дамытудың маңызды бастауы қоршаған адамдардың тұлғаның іс-әрекеті мен қызметінің нәтижелерін, оның тікелей сапаларын бағалауы болып табылады. Автор пікірінше, қоғамдық бағалау мектеп оқушысының өзін-өзі сезінуін қалыптастыруда қосарлы рөл орындайды. «Біріншіден, оның іс-әрекетінің қоршаған орта талаптарына сәйкестігінің өлшемі бола отырып, ол адамға қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасының сипатын нұсқап, сонымен бірге, оның эмоционалды табыстылығын, іс-әрекетін, іс-әрекет субъектісі ретіндегі өз-өзіне қатынасын анықтайды. Екіншіден, қоғамдық бағалау адамға іс-әрекет пен қызметтік нақты түрлерінен белгілі бір сапаны айқындауға және оны адамның өзін-өзі бағалауындағы сана нысаны етуге жәрдемдеседі» [2, с. 352].

Б.Г. Ананьев өзің турасындағы ой құрылымында ұжымдағы өмір мен өзін-өзі бағалауды қалыптастыратын бағалаушы қатынастарды дұрыс дамыту шешуші мәнге ие екендігін баса көрсетеді [3, с. 113].

